**БЕКІТЕМІН:**
Директор
Какенова С.

**КЕЛІСЕМІН**:

Оқу ісінің меңгерушісі:

Молдрахметова Г.А

**Ә.Б.ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ**

Ә.Б.Жетекшісі:
Хаттама № 1
Капашова Б.Б
26.08.2023

# Циклограммалық жоспар
# Мектепалды даярлық тобы
# 2023-2024 оқу жылы

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 1.09 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | | | | | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | | **Д/ойын:** *Не қалай дауыстайды?* **Мақсаты:** үй жануарлары туралы түсінік-терін жалғастыру Әңгіме құрасты-руға үйрету. Өзара көмекке достыққа тәрбиелеу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | | | | | **Таңғы жаттығу №2** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | | **Д/ойын: «Қателесіп қалма?». Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалар-дың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | **Дене шынықтыру** **Міндеті : Спортзал.** Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін 1.Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату (№1). 2.Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру **«Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы.** Зал ішінде жұп болып жүреді, педагогтің белгісі бойынша әртүрлі бағытта шашырап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жүгіреді. «1-2–3 жұбыңды тап!» деген бұйрықпен жұп болып тұрады. Жұпсыз қалған балаға: «Ұйықтап қалма, Әсет, Жұбыңды тап тездет», – деп барлық балалар хормен айтады<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Дыбыс**<br>Табиғидыбыстарды, жан-жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. **«Не қалай дауыстайды?» Д/ойын**<br>**Ойын шарты:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады<br>«Жаңбыр» саусақ ойыны:<br>Жаңбыр жауса, Тырс-тырс,<br>Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс.<br>Жаңбыр жауса, Тырс-тырс.<br>Айтады қыр: – Ырыс-ырыс<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау**<br>Балалардың кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br>Парақ бойынша саяхат.<br>«Сиқырлы парақ» әңгімесін балаларға айтып беру. Балаларға қағаз бетіндегі 5 түрлі түсті қағаздың орналасу бағытын айтып беру.<br>**Сергіту сәті «Оңға, солға»**<br>Оңға түзу тұр,<br>Солға түзу тұр,<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым<br>Оңға бұрылып<br>Солға бұрылып<br>Жоғары төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>**Қорытынды тапсырма:**<br>Балалар, сөредегі заттардың бағыттарын анықтайды және айтып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Музыка**<br>**Міндеті: Білімің-бұлағың**<br>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) **Билер:** «Жұптасу биі» ( чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты**:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін а йтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Қимылдық ойын**: «Сұр қоян» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау** | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | | | | | Жеке баламен жұмыс<br>**Мақсаты**: Әминамен танысу , сұрақ қою арқылы тілін дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | | Балалардың алғашқы қоңыраудан алған әсерін ата – аналарға сұрауды тапсыру. |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 4 – 8.09 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:**<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Сергіту сәті**<br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады.<br>Достар бірге жүреміз,<br>(қол ұстасып, айнала жүру)<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу)<br>Бірге балық аулаймыз,<br>(қолдарын алға созу)<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>(қолдарын жоғары созу)<br>Бөлінбейді іргеміз,<br>Әрқашандабіргеміз. | **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Өс- өс- өс,<br>Тігіп алдым қос,<br>Екіге екіні қос.<br>Көңілде жоқ қос.<br>Өс-өс-өс.<br>Өнегелі болып өс.<br>Ұқыпты боп өс.<br>Ағаш тез- тез өс.<br>Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау. | **ТҮЛКІШЕК** (қызықтама)<br>Түлкі, түлкі, түлкішек,<br>- Түнде қайда барасың?<br>-Апам үйіне барамын,<br>-Апаң саған не берер? -Ешкі сауып сүт берер,<br>-Оны қайда қоясың? -Жалпақ тасқа қоямын.<br>–Ит ішіп кетсе қайтесің?<br>-Бақан ала қуамын.<br>-Былғанып қалса қайтесің? – Ағын суға жуамын.<br>-Ағып кетсе қайтесің?<br>-Қайықпенен қуамын.<br>-Жеткізбесе қайтесің?<br>–Жылай, жылай қаламын | **Дидактикалық ойын:**<br>«Үй құстары – менің достарым»<br>Мақсаты: Жасырын тұрған суреттерді тауып, аттарын айтады | **Кеңістіктер д\ о:«Жоғарыда-төменде»**<br>мақсаты:жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау.<br>Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.<br>Дид-қ ойын: «Менің айтуым бойынша».<br>Мақсаты: Суреттеп айтқан баланы табу қажет |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Спортзалда ойнаймыз.** Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту.<br>- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету<br>**«Мұқият бол» ойын жаттығуы**.<br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Алғашқы күн**<br>Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Ба-ба-ба – бала.<br>Бо-бо-бо – бота<br>Бө-бө-бө – бөрік.<br>Табыл – дабыл.<br>Бақа – бақбақ<br>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Денсаулықтың құпиялары.** Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу.- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігінүйрету<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).**<br>Балалар шеңбер бойына | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Алғашқы күн**<br>Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады<br>Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді<br>Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**: **Күлкі сыйла**. Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см).<br>**Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** шырақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).**<br>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет)**.<br>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар. Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Дыбыс**<br>Табиғидыбыстарды, жан-жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру **«Не қалай дауыстайды?» Д/ойын**<br>**Ойын шарты:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады<br>«Жаңбыр» саусақ ойыны:<br>Жаңбыр жауса, Тырс-тырс,<br>Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс.<br>Жаңбыр жауса, Тырс-тырс.<br>Айтады қыр: – Ырыс-ырыс<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау**<br>Балалардың кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br>Парақ бойынша саяхат. | Па-па-па – парта.<br>Жа-па-лақ – жал-пақ.<br>Па-рақ – жа-пы-рақ.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Білімің-бұлағың А.Шаяхметов** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру. Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>Қанатым талмайды,<br>Қиялым самғайды.<br>Ақын да, ғалым да,<br>Ұстазсыз болмайды.<br>Мереке күніңмен,<br>Құттықтап бүгін мен,<br>Ойыма ой қосам,<br>Сен берген біліммен.<br>**Д/ойын: «Ғажайып қоржын».**<br>**Ойынның шарты**: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің мектебім**<br>Мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Танысу».** Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан<br>**Дидактикалық ойын: «Тыңда,** көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз | тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы<br>ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Дыбыс пен сөз**<br>Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру,олардан адамның даусын ажыратуға үйрету,дауыс ауызбен айтылып,құлақпен естілетін түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Біреу-көп** Бір сөзінің мағынасымен таныстыру.<br>**Топтық жұмыс.**<br>1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады.<br>Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты | Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.<br>**Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ...<br>Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ...<br>Қызыл, сары, жасыл, көк –<br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Білімің-бұлағың А.Шаяхметов** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру. Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті: Ең жақын адамдар**<br>Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту<br>-Балалар сендердің қастарыңда үнемі кімдер болады?<br>- Ата – анамыз, аға, тәте, бөпе, ата , әже т.б<br>Балалар оларды біз неге жақындарымыз деп айтамыз.<br>Біз балалар ол адамдармен бір шаңырақ астында тұрамыз.<br>**Сергіту сәті:** (саусақ гимнастикасы)<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, ойнайық екеуміз:<br>Бас бармағым — папам,<br>Балаң үйрек — апам,<br>Ортан терек — ағам,<br>Шылдыр шүмек — мен,<br>Титтей бөбек — сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз!<br>Балалар сендер отбасымды жақсы көреміз деп айттыңдар, ал сендер оларға көмектесесіңдер ме?<br>— Ендеше қазір тексеріп көреміз. Мен сендерді **«Мейірімді істер»** атты ойынға шақырамын.<br>— Балалар менің қолымда әдемі себет бар осы себетке | секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен шиырақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі<br>***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап». **(2 рет).** Спортзалда еркін тұрады.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Дыбыс пен сөз**<br>Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру,олардан адамның даусын ажыратуға үйрету,дауыс ауызбен айтылып,құлақпен естілетін түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Біреу-көп** Бір сөзінің мағынасымен таныстыру.<br>**Топтық жұмыс.**<br>1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады.<br>Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар.<br>3-тапсырманы орындайды – бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Сиқырлы парақ» әңгімесін балаларға айтып беру.<br>Балаларға қағаз бетіндегі 5 түрлі түсті қағаздың орналасу бағытын айтып беру.<br>**Сергіту сәті «Оңға, солға»**<br>Оңға түзу тұр,<br>Солға түзу тұр,<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым<br>Оңға бұрылып<br>Солға бұрылып<br>Жоғары төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>**Қорытынды тапсырма:**<br>Балалар, сөредегі заттардың бағыттарын анықтайды және айтып береді.<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті: Көшедегі үйлер**<br>Көпқабатты үйлер және бірқабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыру,құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалар бұл ненің даусы?<br>-Бұл машинаның даусы<br>-Жарайсыңдар балалар бүгін біздер көліктер туралы әңгімелесетін боламыз.Балалар көліктердің бірнеше түрлері бар.Әуеде ұшатын,суда жүзетін, жерде жүретін.<br>Ал енді балалар осы көліктердің ішінен автобусқа тоқталамыз.<br>-Бұл автобус<br>Енді балалар қарандаршы осы автобусты сипаттайық.<br>-Автобустың түсі қандай?<br>-Автобустың түсі қызыл<br>-Автобустың пішіні қандай?<br>-Автобустың пішіні төртбұрыш<br>-Автобустың терезелері қандай пішінді?<br>-терезелерінің пішіні төртбұрыш<br>-Ал мынау автобустың есігі есігінін ішінен адамдар кіреді.<br>-Автобустың адамдарға беретін пайдасы қандай?<br>-Автобус адамдарды баратын | мектепке келді.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті: Ең жақын адамдар**<br>Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту Балалар сұрақтар қою<br>-Балалар сендердің қастарыңда үнемі кімдер болады?<br>- Ата – анамыз, аға, тәте, бөпе, ата , әже т.б<br>Балалар оларды біз неге жақындарымыз деп айтамыз.<br>Біз балалар ол адамдармен бір шаңырақ астында тұрамыз.<br>**Сергіту сәті:** (саусақ гимнастикасы)<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, ойнайық екеуміз:<br>Бас бармағым — папам,<br>Балаң үйрек — апам,<br>Ортан терек — ағам,<br>Шылдыр шүмек — мен,<br>Титтей бөбек — сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз!<br>Балалар сендер отбасымды жақсы көреміз деп айттыңдар, ал сендер оларға көмектесесіңдер ме?<br>— Ендеше қазір тексеріп көреміз. Мен сендерді **«Мейірімді істер»** атты ойынға шақырамын.<br>— Балалар менің қолымда әдемі себет бар осы себетке мейірімді істерді жинаймыз.<br>Ол үшін мынатүрлі-түсті гүлдерді алып үйде ата — аналарыңа қандай көмек көрсететіндеріңді айта отырып гүлді себетке салу керек. | таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар.<br>3-тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Білімің-бұлағың**<br>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) **Билер:** «Жұптасу биі» ( чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова) | мейірімді істерді жинаймыз.<br>Ол үшін мынатүрлі-түсті гүлдерді алып үйде ата — аналарыңа қандай көмек көрсететіндеріңді айта отырып гүлді себетке салу керек.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Мектеп бөлмелері**<br>Мектеп туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: «Танысу».<br>Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Айсұлу. – Менің атым – Айнұр.<br>– Менің атым – Батырхан<br>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – біз қайда келдік?<br>-мектепке<br>- мектепте кімдер бар?<br>-мектепке оқушылар мен ұстаздар бар<br>- сынып бөлмелерінде нелерді көріп отырсыңдар?<br>-сынып бөлмелерінде парта, тақта, сөрелер, т.б бар.<br>Жарайсыңдар балалар<br>Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз | қорапты таңдап, оны бояйды<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Нота үйренейік**<br>Шығармалардыңэмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>**Ән айту**:<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер**:<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Сиқырлы ағаш»<br>**(«Дидактикалық ойындар» жинағынан** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерлеріне жылдам апарып тастайды.<br>-Ал мынау не балалар<br>-Машинаның дөңгелегі<br>-Дөңгелегінің түсі қандай?<br>— дөңгелегінің түсі қара<br>Жарайсыңдар балалар Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты**:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін а йтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Қимылдық ойын**: «Сұр қоян» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау** | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Жеке баламен жұмыс<br>**Мақсаты**: Айаруға құстардың дыбысын тыңдату. Суретін көрсетіп сұрақ қою арқылы сөйлеуге тілін жаттықтыру.<br>**Тілұстарту жаттығуы**<br>«Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс | Жеке баламен жұмыс<br>**Мақсаты**: Айсәуледен отбасында кімдер бар екенін сұрау. Тілін дамыту.<br>Та – та – та<br>Ақ сақалды ата<br>Е – е – е<br>Ақ жаулықты әже<br>Ке – ке – ке<br>Асқар таудай әке<br>На – на – на<br>Мейірімді ана<br>Ға – ға – ға<br>Қамқоршы аға<br>Ыз – ыз – ыз<br>Айнаш жақсы қыз<br>Ла – ла – ла<br>Санжар пысық бала | Жеке баламен жұмыс<br>**Мақсаты**: Мадинаға көп және аз заттар бейнеленген суретті көрсетіп. Сұрақтар қою, тілін сөйлеуге машықтандыру.<br><br> | Бақдәулетпен жұмыс<br>**Мақсаты**: мектеп туралы сұрау, мектепте не көргенін сұрау арқылы тілін дамыту.<br><br>Суретті бояу<br>**Мақсаты**: күз туралы ойын , сұрақ қою арқылы тілін, бояту арқылы саусақ моторикасыне дамыту.<br> | Бекболатпен жұмыс<br>**Мақсаты**: Бекболатпен танысу . сұрақ қою арқылы тілін дамыту.<br><br>Бекболатқа дыбыстарды тыңдату.<br>**Мақсаты**: естіген дыбыс ненің дыбысы екенін сұрау, тілін дамыту.<br>https://www.youtube.com/watch?v=YhsK05lgzHU |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** « Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 11 – 15.09 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шаттық шеңбері** «Кел,танысайық!» | **«Менің топтағы достарым»** достарының аттарын атау | **«Жел соғып тұр»** **Мақсаты:** Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту | **«Кел, ойнайық!»** **Мақсаты:** Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру | **«Қатты – ақырын»** **Мақсаты:** Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Біз күшті және ержүрекпіз**. Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Салауатты өмір салтын сақтауға баулу. «Біз күшті және ержүрекпіз» Таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету. Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Менің досым**<br>Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту;Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.<br>**Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Мен ойнағанды жақсы көремін** Кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту, қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) **(10 рет).** Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).**<br>Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Менің досым**<br>Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту;<br>-Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады.<br>**-Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал.**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: : Күз-жомарт Е.Өтетілеуұлы** Өлеңді логикалық екпінмен,үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Керуен** Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.-«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру<br>**«Секір-секір» (татар халқының ойыны)** (4 рет)<br>Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.<br>Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды.<br>Қауіпсіздік техникасы қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет).** Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді:<br>«Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш – деп санаңдар.<br>Бір, екі, үш – ал тараңдар!»<br>Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Сөз** Сөздерді дұрыс айтып,лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті : Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру** Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру. Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады: Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен | айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк –<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: : Күз-жомарт Е.Өтетілеуұлы** Өлеңді логикалық екпінмен,үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті : Біздің топ** Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап»**. Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Мектеп ..... (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу** | үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Сөз** Сөздерді дұрыс айтып,лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті : Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру** Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру.<br>«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. «Сақина» – бала жұдырығын түйеді.<br>Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін пайдалануға қол жеткізеді. | **бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті**: **Мектеп мамандары** Балалардың мектеп қызметкерлері туралы олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту.<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші)<br>Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер)<br>Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы)<br>Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші)<br>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әркайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Біз мектепте не істейміз?**Сөздерді сөз тіркесімен айтуға сөйлем құрауға | кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар»** (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Сөз.Сөздің мағынасы** Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне біоуге үйрету.<br>**«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: 1саны және цифры 2саны және цифры** 1және 2 цифрымен таныстыру.Заттарды санай алуға сандардың айтылу реттілігін үйрету.<br>Сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады. («Паровоз және вагондар» кестесі). Суретте неше паровоз бар? (Біреу).<br>Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | атайды.<br>«Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с<br><br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті: Автобус** Заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білу,жапсыру, құрастыруға,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>Балалар бұл ненің даусы?<br>-Бұл машинаның даусы<br>-Жарайсыңдар балалар бүгін біздер көліктер туралы әңгімелесетін боламыз.Балалар көліктердің бірнеше түрлері бар.Әуеде ұшатын,суда жүзетін, жерде жүретін.<br>Ал енді балалар осы көліктердің ішінен автобусқа тоқталамыз.<br>-Бұл автобус<br>Енді балалар қараңдаршы осы автобусты сипаттайық.<br>-Автобустың түсі қандай?<br>-Автобустың түсі қызыл<br>-Автобустың пішіні қандай?<br>-Автобустың пішіні төртбұрыш<br>-Автобустың терезелері қандай пішінді?<br>-терезелерінің пішіні төртбұрыш<br>-Ал мынау автобустың есігі есігінің ішінен адамдар кіреді.<br>-Автобустың адамдарға беретін пайдасы қандай?<br>-Автобус адамдарды баратын жерлеріне жылдам апарып тастайды.<br>-Ал мынау не балалар<br>-Машинаның дөңгелегі<br>-Дөңгелегінің түсі қандай?<br>— дөңгелегінің түсі қара<br>Жарайсыңдар балалар Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз. | **Міндеті***:* **Мектеп мамандары** Балалардың мектеп қызметкерлері туралы олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту.<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды<br>Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз)<br>Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім)<br>Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші)<br>Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші)<br>Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер)<br>Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы)<br>Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші)<br>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. | Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Нота үйренейік**<br>Шығармалардыңэмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>***Ән айту*:**<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер**:<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Сиқырлы ағаш»<br>**(«Дидактикалық ойындар» жинағынан)** | жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрауға үйрету.<br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Мектеп ... (әдемі, жарық, таза).<br>Таңертең жаттығу ... (жасаймыз).<br>Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз). | қалауы бойынша іріктеледі). Педагог тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 1 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады<br>Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады: Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с.<br>Вагондардың әрқайсысында 1 терезе немесе терезелер жұбы бар.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Көңілді ырғақтар**<br>Музыка сипатын ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл ырғақты жүріспен беру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:**<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау**:Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты**: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек**: «Таза алаң».<br>**Мақсаты**: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын**: «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты**: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау** | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Бақдәулетпен жұмыс<br>**Мақсаты**: Бақдәулетке көлік атауларын айтқызу. Суретін көрсетіп сұрақ қою арқылы сөйлеуге тілін жаттықтыру.<br><br>Жеміс – жидектердің атын суретпен байланыстыр .<br>**Мақсаты**: моторикасын дамыту.<br> | Айшырынмен жұмыс<br>**Мақсаты**: Айшырынға мамандықтардың суретін көрсетіп, олардың кім екенін сұрау. Суретті әңгімелеу. Тілін дамыту.<br> | Айсәулеге жұмыс<br>**Мақсаты**: Айсәулеге кітап сөзін атқызып суретін бояту. Сұрақтар қою, тілін сөйлеуге , саусақ моторикасын дағдыландыру.<br> | Әминамен жұмыс<br>**Мақсаты**: мектеп туралы сұрау, мектепте не көргенін сұрау арқылы тілін дамыту.<br>Күздің сурет<br>**Мақсаты**: Күздің суретін әңгімелеу. Тілін дамыту.<br><br>**Тіл жаттығуы:**<br>Күз туралы<br>Үз – үз – үз,<br>Жаңбырлы Күз. | Алтынмен жұмыс<br>**Мақсаты**: Алтыннан нені жақсы көретінін сұрау.<br><br>Екі санын бастырып жазу.<br>Мақсаты : екі санымен таныстыру, саусақ моторикасын дамыту, екі санын есте сақтау<br> |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | Психолог кеңесі (жеке балаларға) Балалардың мектепке ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру. | Балаларының жақсы қасиеттерін айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Үйге барғанда мектепте не жасағандарын сұрап әңгімелесуін сұрау. | Балалардың таңертең кешікпей келулерін ата аналарға ескерту.Үйде нан өлеңін жаттау керек екенін ата – аналарға ескерту. |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18 – 22.09 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын : « Ойыншықты тап»** Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Қазақ және орыс ұлттарының ұлттық ойыншықтар мәдениетіне баулу. | **Дидактикалық ойын: «Қай ойыншық тығулы тұр?»** Мақсаты:Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **Дидактикалық ойын: « Сиқырлы қорапша»** Мақсаты: Ойыншықтарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуінжетілдіру. | **Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені»** Мақсаты:балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру | **Дидактикалық ойын : « Ойыншықты тап»** Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Қазақ және орыс ұлттарының ұлттық ойыншықтар мәдениетіне баулу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау»** Шарты: суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды. | **Еркін ойын:** «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады. | **Пж ойын: «Қайтала»** Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды. | **Пж ойын: «Ойыншықты тап»** Шарты: Жасырылған ойыншықты табады. | **Еркін ойын: «Сенде не бар?»** Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Бадминтон,футбол** Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. Нұсқауларды орындау.<br>Бір тізбекпен кіру. Бір қатар тұру Сәлемдесу.<br>Негізгі тұрыс бір орында отырып тұру.<br>**1. Жүру.**<br>- аяқтың ұшымен қол жоғарыда<br>- қол желкеде, өкшемен жүру<br>- отырып жүру<br>**Қимылды ойын: «Күн мен түн»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті : Менің сүйікті ойыншығым** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту<br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>**Ойын шарты**: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Кішкентай бағбан М .Төрежанов** Әңгіменің эмоциялық - бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті : Күзгі орманда** Қозғалыс мәнерлігін, ырғақтылығын дамыту: азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет). Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады.<br>*«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».*<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз** Балалардың | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті : Менің сүйікті ойыншығым** Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту<br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>**Ойын шарты**: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Кішкентай бағбан М .Төрежанов** Әңгіменің эмоциялық - бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Ұлттық ойындар** Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. «Тастар» (орыс халқының ойыны)<br>«Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру.<br>Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Біз дыбыс пен сөз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.<br>Қорытынды: Балаларды мақтау, мадақтау. Сапқа тұрғызу<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Сөз.Сөздің мағынасы** Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне біоуге үйрету.<br>**«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: 1саны және цифры 2саны және цифры** 1және 2 цифрымен таныстыру.Заттарды санай алуға сандардың айтылу реттілігін үйрету.<br>(Тақтаға бір алманың суретін іледі).<br>- Тақтада қанша алма бар?<br>(Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосады)<br>- Енді қанша алма болды?<br>«Екі» деген сөзге балалардың | бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету.<br>Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды **.**<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Міндеті: Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады?**<br>Заттар,олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**«Айналар» ойыны.**<br>**Шарты**: жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**М індеті: Мектеп қызметкерлері** Мектеп қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жәй сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».**<br>Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету.<br>– Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? -Айман | сөздің лексикалық мағынасын ажыратып,берілген дыбысқа сөз ойлап,оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.Педагог балаларға ыммен «отырыңдар»,«сөйлемеңдер», «тыныштального», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру<br>– Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп.<br>– Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті : 3саны және цифры 4саны және цифры** Цифрмен заттар санын сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру.<br>3 санының құрамы 1+2, 2+1, 0+3 сандарынан тұрады.<br>1 -Балалар біге қоян қонаққа келді. Ол сендерді бүгін жаңа | бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Міндеті: Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады?**<br>Заттар,олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**«Айналар» ойыны.**<br>**Шарты**: жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің ойыншықтарым**<br>Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша атауын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».**<br>**«Қуыршақтар»** қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып | **туралы не білеміз**<br>Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып,берілген дыбысқа сөз ойлап,оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тыныштальңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру<br>– Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті : 3саны және цифры 4саны және цифры** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңілін аударады.<br>(Екі саны екі бірліктен тұратынын балаларға айтып түсіндіреді.)<br>- Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан екі алма шықты.<br>Осыдан соң екі санының цифрымен таныстырады. Екі санына байланысты өлең шумақтарын оқып береді<br>2 цифры:<br>Бірден кейін тұрамын<br>Бірден кейін тұрғаным.<br>Бірді бірге қосқанда,<br>Мен шығамын, шырағым.<br>- Бірінші жолақшаға бір үйректің суретін қойыңдар, екінші жолақшаға бір тауықтың суретін қойыңдар. Үйрек пен тауық қанша болды? Екеуі тең бе?<br>- Үйректің досы келіп қасына отырды. Қанша үйрек болды? Қайсысы көп?<br>Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылаймын.<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Алмұрт**<br>Жолақшаларды екігe бүктеп ретімен қиып жапсыру, құрастыру суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Мақсаты**:Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету<br>-Қазір қандай жыл мезгілі? -Күзде ағаштар қандай түске енеді?<br>-Жапырақтар қандай-қандай түске боялады? -Неге күзді «Алтын күз» деп атаймыз?<br>Жаңа сабақпен таныстыру<br>Бүгін қағазға өң беру аппликация жұмысын жасаймыз. 1. Бүрку 2. Дымқылдау 3. Құрғақ қылқалам (Осы тәсілдермен таныстырып өту)<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі. | Төлеутайқызы. \\<br>– Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады. | цифрмен таныстыруға келіпті. Қоян сендерге жаңа санның цифрын көрсетем дейді. Мынау қандай сан?<br>Не нәрсе бір-бірден болады?<br>Не нәрсе екіден болады? Иә дұрыс айтасыңдар. Ал үш саны ол көп. Біздің мүмкін үш затымыз болуы мүмкін.Ал үш саны неге ұқсайды?<br>Дұрысайтасыңдар. Үш саны қандай санмен көрші тұрады?<br>2.2 Балалар бізге қоянның әкелген есептері бар екен қане ойша шешіп көрейікші?<br>Орманда тиін екі жаңғақ теріп алыпты, оған кірпі келіп тағы екі жаңғақ беріпті. Неше жаңғақ болды тиінде? Өте дұрыс балалар қане бәріміз қоянмен бірге сергіту сәтін жасайық.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Қане достым аңқайма,<br>Менен кейін қайтала.<br>Барша қимыл үш-үштен,<br>Көзіңді қыс үш рет,<br>Басыңды еңкейт үш рет.<br>Иықты көтер үш рет,<br>Солға-оңға үш рет<br>Орныңда секір үш рет.<br>Ентігімізді басамыз,<br>Орнымызды табамыз.<br>**Д/ойын: «Цифрын тап»**<br>**Мақсаты:** Цифрды ажырата білуге үйрету. Балалар үш цифрын тауып оны қоршап сызады.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Көңілді ырғақтар**<br>Музыка сипатын ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл ырғақты жүріспен беру.<br>Музыка тыңдау:<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев),<br>«Полька» (М. Красев),<br>«Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>Ән айту:<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық-ырғақтық | алушылар – балалар. Диалог:<br>Бала: Сәлеметсіз бе!<br>Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!<br>Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады | Цифрмен заттар санын сәйкестендіруді үйрету.<br>Заттарды санау дағдыларын жетілдіру.<br>Слайдтаарды қарап,суреттер бойынша сұрақтарға жауап береді. 4-санның шығу жолын түсіндіру.<br>Сурет бойынша есеп құрастыру.<br>0-ден 4-ке дейін санау.<br>**Үлестірме материалмен жұмыс.**<br>Бірінші қатарға 3 дөңгелек, ал екінші қатарда 1-еуі артық. Нешеуін салдыңдар?<br>Салыстыру,теңестіру.<br>Бос орынға сандарды қой.<br>**Д/о: «Салыстыр,санын теңестіру»**<br>**Сергіту сәті:**<br>Ойын: « Орнын тап»,»Нешеуі артық?»<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Біздің аспаптар**<br>Ересектердің орындауында музыкалық пьесаларды тыңдау жоғарғы регистр аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>Ән айту:<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов) **Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіп-кішкентай бөбектер<br>Үлкен болып өседі.<br>**Үлгімен таныстыру** 1. Үлгімен таныстыру 2. Дайындаманы қиып алу 3. Дайындаманы төрт бөлікке бөлгізу. 4. Дайындама әртүрлі пішінді жапырақшалар. 5. Контур сызығы бойымен қиғызу 6. Ақ қағаз бетіне жапырақшаларды ретімен желімдеу. | | қимылдар:<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) | | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау**:Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты**: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Ойын**: «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты**: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау** | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Айсәулемен жұмыс<br>**Мақсаты**: Айсәулеге алмұртты бояту. Алмұрттың дәмі, түсі, пішіні туралы сұрау. Сұрақ қою арқылы сөйлеуге тілін жаттықтыру.<br><br>Тілге арналған жаттығу<br>**Мақсаты** тілін дамыту.<br>Үз-Үз-Үз<br>Алтын күз<br>Ақ-Ақ-Ақ<br>Түсті жапырақ<br>Ән-Ән-Ән<br>Пісті дән | Бекболатпен жұмыс<br>**Мақсаты**: Бекболатқа ойыншықтарды көрсету, ойыншықтар-дың түрін сұрау. Өзі қандай ойыншық жақсы көретінін сұрау арқылы тілін дамыту. Өзіне ұнайтын ойыншықты қоршау.<br> | Мадинамен жұмыс<br>**Мақсаты**: Мадинадан серуенге шыққанда нен көргені туралы әңгімелеу.<br><br>3 санын бастырып жазу.<br>**Мақсаты**: 3 санының жазылуын үйрету, қолын жазуға дағдыландыру.<br><br>1,2,3, бойға жинап күш. | Айарумен жұмыс:<br>Қолмен ермексазды жұмсарт<br>.<br>**Мақсаты**: ұсақ саусақ маторикасын дамыту, сұрақ қою арқылы тілін дамыту.<br>Ермексаздан алманы жасату.<br> | Әминамен жұмыс<br>**Мақсаты**: Әминаға музыкалық аспаптардың аттарын айтқызу.<br><br>Домбыраны бояу<br>**Мақсаты**: саусақ моторикасын дамыту.<br> |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | Психолог кеңесі (жеке балаларға) Балалардың мектепке ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру. | Балаларының жақсы қасиеттерін айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Үйге барғанда мектепте не жасағандарын сұрап әңгімелесуін сұрау.<br>Күз өлеңін жаттау. | Балалардың таңертең кешікпекелулерін ата аналарға ескерту.Үйде күз өлеңін жаттау керек екенін ата – аналарға ескерту. |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ**
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 25 – 29.09. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Өз жұбыңды тап!»** ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Мақсаты:** бүлдіршіндердің бір- біріне қамқор болуға, достық қарым- қатынасқа адал болуға тәрбиелеу. | **«Менің Отаным!» өлең жаттау.** **Мақсаты:** балалардың бойына патриоттық қабілетті дарыту, Отанын құрметтеуге шақыру. | **«Толағай»** қазақ халқының балалрға арналған ертегі-лерінен бейнеролик көрсету. **Мақсаты:** қазақ елінің жерін халқы үшін қорғаған батырлар туралы ұғым бере кету. | **Ересектермен бірлескен әрекет «Анамызға көмектесеміз!»** **Мақсаты:** үлкенді сыйлау, көмек беру, құрмет көрсету секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту. | **«Құтқару қызметі»** ойын – жаттығу. Қимылдық белсенділігін арттыру. **Мақсаты:** дене жаттығуларын жасату. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Ойыншықтар»**<br>Ойыншықтар қандай әдемі,<br>Қызыл, сары, қоңір, көк.<br>Түрлі-түрлі түстері,<br>Көз тартады өздері.<br>Іші толған бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын,<br>Достарыммен ойнаймын | **Дидактикалық ойын**<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. | **Ойыншығым**<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын. | **Санамақ**<br>Бақшағажақсыаға, Көп-көп ойыншық әкелді.<br>Бір балық, бір аю,<br>Бір үйрек. Бір түлкі,<br>Бір бүркіт,<br>Шатасып қалма бірақта,<br>Бақш аға жақсы аға,<br>Қанша ойыншық әкелді | **Әңгімелесу**<br>«Менің сүйікті ойыншық-тарым»<br>**Мақсаты**:Балалар дыңсөздіккорыной ыншықтардыңатау ларыменбайыту. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті : Қалай спортшы болуға болады?**Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.Зейіндерін жаттықтыру. (5 рет)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті : Күз бояуы**<br>Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту.<br>**Күз бояуы (жаттау)**<br>Самал қозғап қалғанда,<br>Үзіледі сары алма,<br>Шолып едім ақшаны,<br>Қауын біткен сап-сары.<br>Көрінеді шалғайдан,<br>Бел-белестер сарғайған.<br>Сары жапырақ төгілген<br>Тоғайды да көрдім мен.<br>Таза жездей жинаған,<br>Сары бояу айналам.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті : Жемістер жыры Р.Құнақова** Өлеңді | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті : Менің сүйікті жануарларым** Экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу. «Қазақстан жануарлары» ойын-жаттығуы – (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады). Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті : Дауысты дыбыстар**<br>Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.<br>-Балалар өткен тақырыпты | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті : Күз бояуы**<br>Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br>Дәптермен жұмыс: Дәптердегі | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті : Командалық эстафеталар** Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушылықты қалыптастыру.**Тепе-теңдік сақтау** – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет)<br>Жүрген кезде қолдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады.<br>Жерден көтерілген бөрененің үстімен жүріп өтуде динамикалық тепе-теңдік сақтау –<br>денені түзу ұстау, еңкеймей басын жоғары ұстап, алға қарап, аяқты алдымен басын басып, сосын толық табанына басу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті : Дауысты дыбыстар** Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. -Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек<br>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті : 5саны және цифры 6саны және цифры** Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру.<br>Балалар біз тапсырмалар орындай отырып 5 санымен танысатын боламыз.<br>**1 - тапсырма.** 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау<br>Екі тілде санау.<br>**2 - тапсырма.** Дидактикалық ойын. Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан».<br>(1 - ден 5 - ке дейін сандар бойынша ретімен тұрады.)<br>**3 - тапсырма.** Логикалық есептер<br>- Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуін ініме | мәнерлеп, логикалық екпінмен, үзілістермен айтуға дағдыландыру. Тілдік ойлау қабілетін дамыту.<br>Өз ойын айта білуге, басқалардың пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын: «Дәмін тат». Ойынның шарты**: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті: Барлық мамандық қажет әрі маңызды** Мамандық түрлері,олардың атқаратын қызметі,қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру.<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды<br>Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз)<br>Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім)<br>Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші)<br>Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші)<br>Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер)<br>Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы)<br>Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші)<br>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай | естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек<br>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «О» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті : 5саны және цифры 6саны және цифры** Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру.<br>**«Миға шабуыл».** Оқушыларға карточкалар таратып, 6 санына қатысты заттарды айтады.<br>Әр топтан оқушылар шығып тақтада сызылған сандық сәуледен 6 санының орнын анықтайды 6 саны 5 санынан кейін жазылады.<br>6 санының құрамы:<br>5+1, 4+2, 3+3, 2+4, 1+5, 6+0 балалар бұл 6 санының құрамы.<br>Тапсырма 1<br>Әр қатарда қанша көбелек бар?<br>- Олардың түстері қандай?<br>**Кері байланыс «Нені білдім?»** әдісі Оқушылар 6 санына байланысты не білгендерінен гүл шоқтарын құрастырады.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Біздің аспаптар**<br>Ересектердің орындауында музыкалық пьесаларды тыңдау жоғарғы регистр аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>Ән айту:<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) | тапсырма бойынша орындалады. Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті : Жемістер жыры Р.Қунақова** Өлеңді мәнерлеп, логикалық екпінмен, үзілістермен айтуға дағдыландыру. Тілдік ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Дәмін тат». Ойынның шарты**: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті: Барлық мамандық қажет әрі маңызды** Мамандық түрлері,олардың атқаратын қызметі,қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру.<br>-Бігін ауа-райы қандай?<br>-Жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінде неше ай бар?<br>Қазір күз мезгілінің қай мезгілі?<br>Бүгін қай күн?<br>-Сендердің ата-аналарың кім болып жұмыс<br>істейді?<br>-Иә, біз бүгін сендермен мамандықтар<br>жайында әңгімелесеміз. Сендер «мамандық» деген сөзді қалай<br>Салқын, далада қар жауып тұр.<br>Үш ай бар: қыркүйек, қазан, қараша.<br>Ойын арқылы көліктерді өз гараждарына қояды.Қойылған сұрақтарға ойланып толық жауап береді. Ата-аналарының кім болып жұмыс істейтінін айтады. -Жақсы ,балалар. Әлемде әр түрлі мамандықтар өте көп. Біреуің ертең ақын, екіншің инжинер, үшіншің құрылысшы боласың. Жаман мамандық жоқ. Мамандықтың бәрі жақсы.<br>-Қазір мен сендермен **«Сөйлемді жалғастыр»** ойынын ойнаймын. **Шарты**: Мен сендерге сөйлемнің | керектігіне басты назар аудару керек<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті : Жуан дауысты дыбыстар** Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып тілдерін жаттықтыру. «Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету)<br>Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: 7саны және цифры 8саны және цифры** Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру.<br>Балалар бүгін біз сендермен 7 саны және цифрымен танысамыз.<br>Қане, 7 санын ауада жазып көрсетейікші. (Саусақтарымен ауада жазады)<br>Жеті санына арналған тақпақ оқып береді:<br>Жазда шөпті шабар,<br>Қыста тыныш табар.<br>Шалғы бар әр үйде,<br>Жетіге ұқсас бәріде.<br>(Балалармен өлеңді бір рет қайталайды)<br>Балалар жұмбақ шешкілерің келеме?<br>-Жарқылдан соң жаңағы<br>Суға толды бар алқап.<br>Көкте түрлі жолақты<br>Өрнек тұрды<br>ғаламат. (Кемпірқосақ)<br>Қане, балалар, кім маған айтады кемпірқосақта қанша түс бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бердім. менде неше доп қалды? (1)<br>- Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету) Мынау ненің суреті?<br>- Қолда қанша саусақ бар?<br>2. Ағашта 5 құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?<br>3. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?<br>**Сергіту сәті:**<br>«Бала, бала, баламыз» Бір серігіп алсаңдар одан әрі жалғастыру.<br>Балалар, ақылмен ойлап әр түрлі нәрселер жасауға болады екен.<br>Мынау түрлі - түсті пішіндерді қараңдаршы.<br>Оларды қалай атаймыз.<br>Кері байланыс: Бағдаршам әдісі<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Күзгі жапырақтар**<br>Қағазға заттарды орналастыру ретімен қиып жапсыру, құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзе дала қандай түске боянады?<br>-Ендеше біз ермексаздан күзгі жапырақты мүсіндеуді үйренеміз!<br>Жапырақтар<br>Қыстың жақын қалғанын<br>Жапырақтар білгендей<br>Желмен ұшып барады<br>Жерге қонып<br>үлгермей Жапырақтар жамырап<br>Сайға барып бекінді<br>Анасынан ажырап<br>Қалған бала секілді.<br>-Ермексазбен күзгі жапырақтарды мүсіндеу жолын түсіндіру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Отырып ақ орнында,<br>Айдын көлді кешемін.<br>Сен білмесең егерде, | өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің сүйікті ойыншығым** Ойыншықты сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптстыру.<br>Ойын «Кім жылдам?» .<br>Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. Педагог шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек | Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов) **Билер:** **«**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>«Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | басын айтамын, ал сендер сөйлемнің аяғын аяғын табасыңдар.<br>-Үй салатын адам-құрылысшы.<br>-Тамақ пісіріп жатқан адамды-аспаз,<br>-Білім беретін адамды- мұғалім<br>-Киім тігетін адамды-тігінші,<br>-Ғарышқа ұшатын адамды-ғарышкер,<br>-Көлк жүргізетін адамды-жүргізуші,<br>-Емдейтін адамды-дәрігер деп мамандықтың түрлеріне қарап айтады.<br>-Ал бұл мамандықты меңгеру үшін көп<br>оқуды, көп ізденуді ,қажымас қайратты, көп еңбекті талап етеді.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Алтын күз** Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды | **1. Тапсырма**<br>Тәрбиеші: ал енді алдарыңда ненің суретін көріп тұрсыңдар? Орманда нені көріп тұрсыңдар? Неше саңырауқұлақ бар?<br>Қоян нешеу?<br>Тиын нешеу?<br>Шырша нешеу? Орманның ішінде қандай сандар бар? Олай болса әр затты өз түстеріне қарап атайықшы? Шырша қандай түсті?<br>Бағалау : стикермен .<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Күзгі серуен**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату әсерлі реңктерін ажырату.<br>Музыка тыңдау:<br>«Қазан» (П. Чайковский)<br>Ән айту:<br>Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (Е. Андосов) **Билер:** **«**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Былай ескек есейін<br>-Күз мезгілінде жапырақтар қандай түске өзгереді?<br>-Шіріген жапырақтың бізге қандай пайдасы бар?<br>**Шығармашылық жұмыс:**<br>Балалар көрсетілген үлгімен жапырақтың мүсінін жасайды. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Айсәулемен жұмыс<br>А, Ә, О, Ө, Ұ, Ү, Е, И, І, Ю, Я, Э, Ы дыбыстарын созып айтқызу.<br>**Мақсаты:** дабыстарды айту арқылы баланың тілін дамыту.<br><br>Күзгі жапырақты бояу.<br>**Мақсаты**: Түсті ажырата алуға, күз мезгілі туралы үйрету, бояу арқылы саусақ моторикасын дамыту.<br> | Айшырынмен жұмыс<br>Жемістермен таныстыру<br>**Мақсаты**: суреттен көрген жемістердің атын айтқызу арқылы тілін дамыту.<br><br><br>Менің сүйікті ойыншығым<br>**Мақсаты**: ойыншықтармен ойнату, моторикасын дамыту, сұрақ қою арқылы тілін дамыту.<br> | Бекболатпен жұмыс<br>Жануарлармен таныстыру<br>**Мақсаты**: суретпен жұмыс жасау, баланың көруін, есте сақтауын, тілін дамыту.<br>Тапсырма орындау арқылы жазуға қолын дағдыландыру.<br> | Мадинамен жұмыс:<br>Екі қолмен тизбекті аяқта<br>**Мақсаты**: ұсақ саусақ маторикасын дамыту. Екі қолмен жұмыс жасауға үйрету. Ойлауын дамыту.<br><br> | Бақдәулетпен жұмыс<br>**Жуан дауысты дыбыстар**<br>**Мақсаты**: дыбыстарды бірнеше қайталап айту арқылы тілін дамыту.<br>Жуан дауысты дыбыстан келетін сөздерді айтқызу .<br><br>**Тілұстарту жаттығуы**<br>А-а-а-а-а- алма<br>Ы-ы-ы-ы-ы- ыдыс<br>Ұ-ұ-ұ-ұ-ұ- ұшақ<br>О-о-о-о-о-орақ |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | Психолог кеңесі (жеке балаларға) Балалардың мектепке ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру. | Балаларының жақсы қасиеттерін айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Үйге барғанда мектепте не жасағандарын сұрап әңгімелесуін сұрау. | Балалардың таңертең кешікпей келулерін ата аналарға ескерту. Үйде күз өлеңін жаттау керек екенін ата – аналарға ескерту. |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** « Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2 – 6.10. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Д/ойын: «Қарап ал да есіңе сақта»** ***Мақсаты:*** балаларды көрген суреттерді есі не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жану-арларының,аңдардын және құстардың жал-пы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. ***Көрнекіліктер***: үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері. | **Д\ойын «Ғажайып қоржын»** **Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. **Ойын шарты**: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. **қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д/ойын:«Экологиялық пирамида».** **Мақсаты**: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. | **Д/ойын: «Зоологиялық домино».** **Мақсаты:** Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. **Ойын ережелері:** Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу. | **Д/ ойын:Не артық?** **Мақсаты**: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Көрнекіліктер**:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Сәлем саған-Жер ана!<br>Сәлем саған-Нұрлы күн!<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық.<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше баламыз,<br>Қонақтарды көргенде<br>Амандасып аламыз. | Табиғат қандай тамаша,<br>Тоймаймыз біз де тамсана.<br>Балықтар шіркін жүзеді,<br>Табиғаттың жыры көп,<br>Табиғаттың сыры көп. | Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті да, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.** **Міндеті : Доппен ойнап, көңілінді көтер!**Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қоғам мен балалар ұжымының маңызды бір бөлігі екенін сезіндіру. Доппен ойнап, көңілінді көтер! | **Сөйлеулі дамыту** **Міндеті: Менің атам** Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу; өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту; күздің жомарт, | **Дене шынықтыру.** **Міндеті : Біз әртүрліміз** Бір-бірімен жылы қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.Біз әртүрліміз<br>Сапқа тұрғызу<br>Амандасу<br>Психологиялық ахуал<br>Көңілді музыкамен бой | **Сөйлеулі дамыту** **Міндеті: Менің атам** Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу; өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту; күздің жомарт, мырза екенін айтып, | **Дене шынықтыру.** **Міндеті : Зейінді боламыз** Зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін ,есте сақтап алу қабілеттерін дамыту және дағдыландыру. Бір қатар саппен спорт залға кіру. Өз орындарына тұру. Сәлеметсіздер ме. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>- Сапқа тұрғызу<br>- Амандасу<br>Психологиялық ахуал<br>Көңілді музыкамен бой сергіту жаттығуларын жасау Үнтаспа Музыка Қауіпсіздік ережесімен сабаққа дайындығын ескеру.Сапттық жаттығулары: түзулен, тіктен, оң-ға, сол-ға,ай-нал, адым, т.с.с.<br>«Домалақ дос» ойыны<br>Оқушылар допты бір-біріне лақтыру арқылы орындалады.<br>«Менің көңілді доптарым». Допты айналасында жүру.<br>Негізгі қимыл - қозғалыс жаттығулары:<br>-Тақтайдың үстімен тепе-теңдікді ұстап жүру.<br>-Допты екі қолмен алға лақтыру.<br><br>Сауат ашу негіздері<br>Міндеті : Жуан дауысты дыбыстар Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып тілдерін жаттықтыру Суретпен жұмыс:<br><br>Балалар дыбыстар екіге бөлінеді жуан және жіңішке бүгін біз жауан дауысты дыбыстармен танысатын боламыз.<br><br><br>Жуан дыбыстар А, О, Ы, Ұ<br>Мысалы: АЛМА сөзінде А дыбысы жуан дауысты дыбыс. Жуан дауысты дыбыстар мына сөздерде кздеседі: құс, құм, құрт, алқа, Ажар, ыдыс, ырыс, маса т.б<br>Балалар бүгінгі сабақ сендерге</td>
<td>мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>Аташым менің тірегім.<br>Көп еді- ау сенің тілегің.<br>Атыңды сенің ардақтап,<br>Жүремін әр кез мақтанып.<br>Ата ол үйдеге анамыздың, әкеміздің ікесі, біз ол кісіні ата деп айтамыз.<br>«Жалауша»ойыны<br>Балаларды екі топқа ,алдыңғы екі баланың қолына жалауша беріледі.Музыка ырғағымен балалар жалаушаны қолдан-қолға бере бастайды.Қай топ жалаушаны жылдам жылжытып,ойынды тез аяқтаса-сол топ жеңімпаз деп танылады.<br><br>Көркем әдебиет<br>Міндеті: Шаруа мен аю<br>Орыс халық ертегісі<br>Ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай білуге дағдыландыру. Ертегі сюжеті бойынша рөлге бөліп мазмұндауға үйрету.<br>Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойынды білдір.<br>Ертегі арқылы қандай ой түйдің?<br>Ертегі қалай аяқталады?<br>Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр.<br><br>Қоршаған ортамен танысу<br>Міндеті: Ауыл мен қала адамдарының еңбегі Ауыл мен қаладағы адамдардың еңбегі мен таныстыру. Еңбек еткен адамның ырысы мол болады, еңбек еткеннің арқасында тамағымыз тоқ болады. Еңбектің түрлері көп.Біздің бүгінгі сабағымыз ауылдағы адам еңбегі туралы болмақ Сендер ауылды білесіңдер ма? Ия, білеміз. Ендеше балалар сендерге ауыл еңбегі жайлы видео арқылы таныстырайын.<br>Ал енді балалар қалада тұратын адамдар от жақпайды, мал ұстамайды,</td>
<td>сергіту жаттығуларын жасау.<br>Жаттығу: «Қолға, денеге арналған массаж құралдармен»<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болады екен он саусақ – деп қолға массаж доптарды алып, алақанға, білектерімізге жүгіртіп жаттығу жасаймыз. Содан кейін қолдан жасалған массаж құралдарын алып арқаны уқалап жаттығу жасайды. Б. қ – қа келу.<br><br>Сауат ашу<br>Міндеті : Жіңішке дыбыстар<br>Жіңішке адуысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.<br>Аққу болып ұшамыз Көлге келіп қонамыз Көлдің бетін құшамыз Қайта самғап ұшамыз. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!<br><table><tr><td>Жіңішке</td><td>ә</td><td>ө</td><td>ү</td><td>і</td><td>е</td></tr></table>Тіл ілгері қарай созылу арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жіңішке дауыстылар дейміз.<br>Мысалы: әже, іні, кілем, гүл, көз, кілт, кіші, түлкі сөздеріндегі дауысты дыбыстар жіңішке айтылады.<br><br>Математика негіздері<br>Міндеті: 9саны және цифры 10 саны және цифры 9, 10санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету.Заттарды санау және ретімен санау.<br>Оқушы көңіл – күйін сабаққа әзірлеу.<br>1, 2, 3<br>Сынып іші тып – тыныш,<br>Жалқаулықты тастаймыз.<br>Сабақты біз бастаймыз.<br>Демек бүгінгі</td>
<td>мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақ шешу<br>Күндіз-түні жатпайды,<br>Ешбір тыным таппайды.<br>Кетпен алып егінді<br>Суарады, баптайды.<br>Жауабы: ата<br>Балалар ата деген кім?<br>Кімнің үйінде ата бар?<br>Ата үйде не істейді?<br>Аталарың сендерге қандай ақыл айтады?<br>Ата туралы тақпақтар айтқызу.<br>Атам менің аманда<br>Әдепті жан бол деген<br>Атам сөзі санамда<br>Жасы үлкенге жол берем.<br>Алдын орап кісінің<br>Кесіп өтпе көлденең<br>Ізетімен кішінің<br>Сәлемдесіп қол берем.<br>Дидиактикалық ойын: «Таны да, ата.»<br>Балалар ойынға белсене қатысады.<br><br>Көркем әдебиет<br>Міндеті: Шаруа мен аю Орыс халық ертегісі Ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай білуге дағдыландыру. Ертегі сюжеті бойынша рөлге бөліп мазмұндауға үйрету.<br><br><br>Балалар, орындарына отырады тақтадан ертегіні тыңдайды.<br>Шару мен апю туралы ойларын айтады.<br>Суретпен жұмыс<br><br>Сұрақ-жауап<br>- Ертегі қалай аталады?<br>- Ертегіде қандай</td>
<td>Балалардың көңіл - күйін сұрау<br>Өзен бойына келіп балық туралы әңгіме айту.<br>Жаттығу:«Көңілді доп»<br>Доп туралы тақпақ айтылады.<br>Добым, добым, домалап<br>Тоқтамайсың домалап<br>Тентек болып кеттің деп<br>Тұрмын сені тепкім кеп – деп допты алып қолымызды алдыға созып саусақтарымызбен допты айналдырамыз. Қолды жоғары көтеріп саусақтармен айналдырамыз. Төсенішке отырып аяқты созып отырамыз допты қолға алып аяқтың ұшына дейін саусақпен айналдыра апарып, кейін қарай б. қ – қа келу.<br>Сауат ашу<br>Міндеті : Жіңішке дыбыстар<br>Жіңішке адуысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.<br>Аққу болып ұшамыз Көлге келіп қонамыз Көлдің бетін құшамыз Қайта самғап ұшамыз. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!<br><br><br>Тіл ілгері қарай созылу арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жіңішке дауыстылар дейміз.<br>Мысалы: әже, іні, кілем, гүл, көз, кілт, кіші, түлкі сөздеріндегі дауысты дыбыстар жіңішке айтылады.<br>Ойын : Жуан және жіңішке дыбыстарды ата?<br>Балаларға суреттер беріледі сол сурет атауларындағы дыбыстарды ажыратып айтады.<br><br>Математика негіздері<br>Міндеті: 9саны және цифры 10 саны және цифры 9, 10санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнады ма?<br>Олай болса бүгінгі сабаққа жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратылады. Әрқашан сабақты жақсы оқиық.<br>**Қане шаттық шеңберге шығайық**<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Жарты шеңбер құрайық.<br>Көріскенше күн жақсы,<br>Сау - саламат болайық!<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: 7саны және цифры 8саны және цифры** Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру.<br>**Сәлемдесу.**<br>«Мен кішкентай баламын,<br>Мен мектепке барамын.<br>Оқу оқып, білім ап,<br>Кілең бестік аламын».<br>Сәлемдесіп достармен<br>Қуанып мен қаламын.<br>Бүгін математика сабағында ол «8» деген сан мен цифрды үйренеді Сандарды өсу ретімен санайық 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 Ал енді кему ретімен санайық 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 0<br>1 2 3 4 5 6 7 8 - Сандар қатарында 8 саны қай саннан кейін келеді? - 7 санынан кейін келеді.<br>**Көршісін тап** (ауызша) 5 3 6 2 7 4 8 цифрының жазылуын үйрету.<br>**Ауада жазу.** Аяқтың ұшымен жазу.<br>**Айырмашылықты тап?**<br><br><br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Айдарлы әтеш**<br>Елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасау жапсыру, құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын | олар биік үйлерде өмір сүреді. Олар тек жұмысқа , сабаққа барып келеді.<br>**Қимылдық ойын: «Сауыншылар».**<br>**О йын шарты:**<br>Балалар екі қатарға тұрады. Топ капитаны сайланады. Белгі белгісімен, жерде тұрған кішкентай екі шелекті екі капитан өз тобындағы бірінші тұрған балаға жеткізу керек. Ол бала келесі балаға береді. Солай ең соңғы балаға береді. Солай ең соңғы бала жүгіріп барып шелекті орнына қоюы керек. Қай команданың баласы бірінші қояды. Сол команда жеңіске жетеді.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Көкөністер**<br>Тақпақты жаттау, көкөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып диалог құруға үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту «Дүкен» ойыны. Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады. | танысатын санымыз, цифрымыз 9 саны және цифры.Сонымен 9 санын ауада жазып көрейікші балалар. Алдымен дөңгелек сызықты төменнен жоғарыға қарай сызамыз .Содан соң дөңгелек сызықты жоғарыға жеткізіп , қайтадан төмен түсіп, сызықты солға бұрамыз. 9 санын қолды үзбей жазуға үйрету. 9 санын хормен айтқызу<br><br><br><br>**Дәптермен жұмыс**<br>Ал енді ашып бүгінгі 9 санын қалай жазылуын үйренейік балалар.<br>**«Шатасқан сандар» ойыны:** 2 4 6 8 3 1 5 7 9<br>**Сергіту сәті: «Сандар қатары» ойыны.** Музыка ойнап, балалар билейді.Музыка тоқтаған кезде «сандар» қатармен тұра қалу керек. Балалар, бүгін біз қандай санмен таныстық? Ендеше , 9 ға дейін кім тура және кері санап бере алады? Жақсы жауап берген балаларды мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Күзгі серуен**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату әсерлі реңктерін ажырату.<br>Зал іші күз мезгілін бейнелейтін суреттермен безендіріледі. Жетекші: Ай жапырақ, сары алтын,<br>Айналамның бәрі алтын,<br>Қуандырып біздерді Сары | кейіпкерлер кездесті?<br>- Шаруаға не келді?<br>- Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>- Олар неге келісті?<br>- Шаруа не екті?<br>- Аюға қай жағын берді?<br>- Келесі жылы шаруа не екті?<br>- Аю нені білмеді<br>Сау болыңдар , балалар!<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті: Ауыл мен қала адамдарының еңбегі** Ауыл мен каладағы адамдардың еңбегі мен таныстыру<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қайырымды жандар айнала,<br>Шеңберге келсін жайлана.<br>Жалықпастан қайта біз,<br>Махаббат сөзін айтамыз.<br>Сүйеміз барлық әлемді,<br>Әлемдегі бар елді<br>Бақыттымыз осы біз<br>Қасымызда досымыз!<br>**Суретпен жұмыс**<br><br><br>**Ауыл мен қаланың тіршілігі** (сурет арқылы әңгімелеу)<br><br><br>Қортындылау сұрақ-жауап арқылы.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Жемістер** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br>**Жылулық шеңбері:**<br>Балалар қолдарын жоғары көтеріп | үйрету.Заттарды санау және ретімен санау.<br>**Ойлан, тап?** Балалар мына ағаштың басында неше торғай отыр екен?<br>- 9 торғай<br>- Осы 9 торғайға 1 торғай келіп қосылды неше торғай болды?<br>- 10 торғай болды. Олай болса бүгін біз 10 цифрымен танысамыз.<br>- 10 саны екі таңбалы сан. 10 саны екі цифр арқылы жазылады. 1және 0 сандарымен.<br>**10 санының құрамымен таныс бол.**<br><br><br>**Сергіту сәті**<br>Сыңғыр, сыңғыр сырғалар<br>Құлағымда сырғалар<br>Оң қолымда білезік<br>Сол қолымда білезік<br>Саусағымда сақина<br>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10<br>Отырайық тып – тыныш<br>Қорытынды: 1-10 оң және кері санау.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Күз-жомарт**<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қуан, шаттан алақай!<br>Қуанатын күн туды,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Ал, күзде неше ай бар, қазір қай ай?<br>- Ендеше балалар, барлығымыз көзімізді жұмып, күз мезгілін саяхатқа шығайық , көз алдымызға елестетейікші.<br>**Тыныштық сәті** ( жай музыка ойналады)<br>-Күз мезгілі. Таңертең ата- |

| | | | | | |
| | Жабайы жануар қайда өмір сүреді.<br>Ешкіжан саған адамдармен өмір сүру керек.<br>Мына балалармен бірге тапсырманы орындап көр, содан соң балалармен бірге тауып алармыз. Иә балалар көмектесемізбе ?<br>**1-тапсырма**.<br>Бағдаршамның суреті.<br>Мынау не? Бұл не үшін қажет?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар.<br>Түстерін ажыратайықшы.<br>Қандай пішінге ұқсайды?<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>**2-тапсырма**.<br>Геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелер құрастыр.<br>/үшбұрыш,төртбұрыш, дөңгелек, ромбик/<br>**3-тапсырма**<br>Қоянның сүйікті тағамы не?<br>Қонжық нені жақсы көреді ?<br>**4-тапсырма**<br>Жұмбақ жасыру<br>Қыста ғана болады.<br>Ұстасаң қолың тонады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Дүйсенбіде доп ойнадық далада<br>Сейсенбіде серуен құрдық аулада<br>Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп<br>Бейсенбіде би биледік әндетіп<br>Жұма күні жұмбақ шештік<br>Сенбі күні мультик көрдік<br>Жексенбіде үйде болып<br>Осылайша өте шығар 1 апта<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Құмырадағы гүлдер** Елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасау жапсыру, құрастыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>Балалар, бүгін бізде өте ерекше сабақ. Өйткені бізге қонаққа апайлар келіп отыр. Осы апайларға өздеріңді жақсы жақтарынан көрсете білулеріңе тілектеспін. | көліктерге не жатады, оларды қалай атайды?<br>- Суда жүзетін көліктерге не жатады, оларды қалай атайды<br>- Әуеде ұшатын көліктерге не жатады, оларды қалай атайды?<br>- Пойыз қандай көлік түріне жатады.<br>- Балалармен көлік жүргізетін адамдарды туралы әңгіме жүргізу.<br>- Машинаны кімдер жүргізеді?<br>- Пойызды кім басқарады?<br>- Ұшақты кім басқарады?<br>- Кемені кім басқарады?<br>Балалар жауабын тыңдап, толықтыру.<br>Жүк тасуға арналған көліктерді екі топқа бөлуге болады, (фургон, цистерна)<br>- Жүк көліктерінің бір - бірінен айырмашылығы қандай?<br>- Ұқсастықтары бар ма?<br>Балалардың зейінін олардың ортақ белгілеріне аударады.<br>- Ортақ белгілері не?<br>- Оларға дөңгелектер не үшін керек?<br>- Айырмашылықтары қандай?<br>Балаларды орталыққа бөлу: «Әдебиет» орталығы: Жүк көліктері туралы әңгімелеп беру тапсырылады, өлең жаттау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Жақсы өнеге**<br>Сыпайылықты білдіретін сөздермен сөзді қорларын толықтыру,оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.<br>Шаттық шеңбері:<br>**«Достық» шеңбері»**<br>-Балалар, бүгін күн қандай керемет! Біз топта бәріміз бірге тұрамыз. Бізді бір отбасы деп те атауға болады. Сендердің достарың барма?<br>-Достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Ал енді балалар, қазір сендермен бірге «Қыз | балалар көмектесемізбе ?<br>**1-тапсырма**.<br>Бағдаршамның суреті.<br>Мынау не? Бұл не үшін қажет?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар.<br>Түстерін ажыратайықшы.<br>Қандай пішінге ұқсайды?<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>**2-тапсырма**.<br>Геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелер құрастыр.<br>/үшбұрыш,төртбұрыш, дөңгелек, ромбик/<br>**3-тапсырма**<br>Қоянның сүйікті тағамы не?<br>Қонжық нені жақсы көреді ?<br>**4-тапсырма**<br>Жұмбақ жасыру<br>Қыста ғана болады.<br>Ұстасаң қолың тонады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Дүйсенбіде доп ойнадық далада<br>Сейсенбіде серуен құрдық аулада<br>Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп<br>Бейсенбіде би биледік әндетіп<br>Жұма күні жұмбақ шештік<br>Сенбі күні мультик көрдік<br>Жексенбіде үйде болып<br>Осылайша өте шығар 1 апта<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Гүлдене бер Нұр-Сұлтан** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Гүлдене бер Нұр – Сұлтан» деп аталады.<br>- Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма?<br>Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар.<br>- Біздің мемлекетіміз қалай аталады?<br>- Елордамыз қай қала?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз.<br>- Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар? | - Пойыз қандай көлік түріне жатады.<br>- Балалармен көлік жүргізетін адамдарды туралы әңгіме жүргізу.<br>- Машинаны кімдер жүргізеді?<br>- Пойызды кім басқарады?<br>- Ұшақты кім басқарады?<br>- Кемені кім басқарады?<br>Балалар жауабын тыңдап, толықтыру.<br>Жүк тасуға арналған көліктерді екі топқа бөлуге болады, (фургон, цистерна)<br>- Жүк көліктерінің бір - бірінен айырмашылығы қандай?<br>- Ұқсастықтары бар ма?<br>Балалардың зейінін олардың ортақ белгілеріне аударады.<br>- Ортақ белгілері не?<br>- Оларға дөңгелектер не үшін керек?<br>- Айырмашылықтары қандай?<br>Балаларды орталыққа бөлу: «Әдебиет» орталығы: Жүк көліктері туралы әңгімелеп беру тапсырылады, өлең жаттау.<br>**Қорытынды**<br>Кері байланыс жасау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің пәтерім** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Не? нешінші? Сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>Орман, көлге, шыңға біз,<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Бөлінбейді іргеміз,<br>Әрқашан да біргеміз!<br>Әрқашан тілектес,<br>Досыңа көмектес!<br>- Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер тұратынын білуге шақырады.<br>Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі.<br>Орындарынан тұрып:<br>Алақай!Алақай!<br>Қуанады балақай! | пікірін айту.<br>**Шаттық шенбер.**<br>-Балалар,бүгін күн ерекше өйткені біздің топқа қонақтар келді.Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Күннің көзі ашылды,<br>Көкке шуақ шашылды.<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал канекей бәріміз.<br>Сәлем дейік үлкенге.<br>Сәлеметсіздер ме, апайлар!<br>**Мәдениет үйі.**<br>Балалар мәдениет үйіне келдік.Бұл жерде мерекелер өткізіліп, өнер адамдары өнерлерін көрсетеді.Қойылымдар сахналанады.Өнерге баулиды.<br>**2-аялдама:Дәрігерлік амбулатория.**<br>Балалар біздер дәрігерлік амбулаторияға келдік. Ауырып ем іздегенде осында келеміз.Емдем жазу үшін бізге дәрі беріп, укол салады.<br>**3-аялдама: Мектеп.**<br>Мектепке келдік балалар.<br>Мектеп білім алатын орын.Мектебіміздің аты Мұқанғазы Сиранов атамыздың атына берілген.Балалар оқып білім алады.<br>-Балалар біз балабақшаға оралайық.<br>-Саяхатшы Дараға туған өлкеміздің әдемі жерлерімен таныстырдық. Туған өлкеміз көркейе берсін.<br>-Балалар туған өлке,отан туралы тақпақтар білесіңдер ме?<br>**Сергіту сәті:** (Бейнетаспа арқылы) **Са яхатшы Дара:** Балалар сендердің туған өлкелеріңмен таныстым.Енді мен саяхатымды жалғастырып Индер ауданының көрікті жерлерін тамашалағым келеді.Қалай барсам болады.<br>Дара индер ауданына бару үшін көпірден өтесін.<br>-Көпір туралы мағлұмат беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Психологиялық дайындық**<br>Гүл өсірсең терлеп,<br>Мұның аты еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>Табиғи материалдарға нелер жатады? Ағаш, жаңғақ, бұтақ, тас, топырақ, қағаз т. б.<br>Жарайсыңдар, балалар, бүгін біздер табиғи материалдардан «Құмырадағы гүл» композициясын құрастырамыз.<br>Табиғат байлығы алуан түрлі. Табиғи материалдардан тамаша кәдесыйлар жасап үйренуді ары қарай жалғастырамыз. Біз бүгін цитрусты жемістердің қабығы мен жапырақтарынан әртүрлі материалдардан «Құмырадағы гүл» композициясын құрастырамыз.<br>**Жұмыстың орындалу реті.**<br>1. Бір түсті мата дайындап, оған өлшемі 1см кем қатырма қағазды қойып артық бөлігін қайырып желімде.<br>2. Матаның тең ортасынан бормен тік сызық түсір. Құмыра мен гүлдің орнын белгіле.<br>3. Апельсиннің қабығын біркелкі болатындай етіп, үзбей кесіп ал.<br>4. Кесілген қабықты раушан гүлінің түріне келтіріп ора.<br>5. Гүлді матадағы белгіленген орынға тігіп, ағаш жапырақтарын жапсыр.<br>6. Түсті қағаздан құмыраның пішінін қиып, белгіленген орынға желімде.<br>(Оқушылардың жасаған жұмыстарынан шағын көрме ұйымдастырылады.<br>**Қорытындылау**<br>Сонымен балалар біз не жасап үйрендік?<br>Сендерге бүгін сабақ ұнады ма? | куу»деген ойынды ойнап жіберейік.Ойынның шарты: бір қыз бен бір бала кезекпен апайдың дайындаған сұрақтарды суырып, жауап береді. Кім сұраққа көп жауап берсе, соның аты алда келіп, жеңімпаз болады. (жауап берген бала бір қадам алға жылжып отыру керек),<br>(Мадақтау асық беріліп отырады)<br>Сұрақтар(Асықтар беру сыйлығы)<br>1.Қуанышты хабарды жеткізуші адам не алады?<br>2.Бала дүниеге келегенде қандай той болады?<br>3.Қай тойда беташар айтылады?<br>4.Үлкен адамдардың алдынан не істеуге болмайды?<br>5.Тойда не шашылады?<br>6.Кішкентай бала енді жүріп жатқанда қандай рәсім жасалады?<br>Сүйінші<br>Шілдехана<br>Үйлену тойында<br>Кесіп өтуге болмайды<br>Шашу<br>Тұсау кесу<br>**Ғажайып сәт:**<br>Сәлден соң есік қағылып, Әдемі қыз топқа кіреді. Бізге қонаққа Әдемі қыз келіпті.<br>-Сәлеметсіздер ме, балалар! Менің атым-Әдемі қыз.Мен сендерге құр қол келгенім жоқ.Тапсырмалар ала келдім.<br>-Балалар, бізге Әдемі қыз суреттер алып келіпті.Сол суреттер бойынша сөйлесейік. Жама әдеттерді қара қалтаға саламыз.Жақсы әдеттерді қызыл қалташаларға саламыз<br>.(тақтаға ілдіру)<br>-Өте жақсы, енді екінші тапсырмам.<br>-Сендер мамаларың мен папаларыңа көмектесесіңдер ме?<br>-Қәне, қалай көмектеседі екенсіңдер көрейік.<br>-Бұл үлкенді қалай | **Ақ орда** -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын.<br>**Бәйтерек** -Қазақстан мемлекетінің символы.<br>Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м.<br>Мынау **Бейбітшілік және келісім** сарайы.<br>**«НұрАстана»** мешіті.<br>Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.<br>**Думан** ойын - сауық орталығы. Яғни бұл сендер сияқты Астана қаласының тұрғындары мен кішкентай бүлдіршіндеріне арналған орталық. Бұл орталықтың ішінде әртүрлі карусельдер бар. Ең қызығы бұл орталықта әртүрлі балықтары, акуласы бар океанарумға кірсең ертегі әлемінде жүргендей боласың.<br>- Балалар сендер Астана туралы тақпақ білесіңдерме?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз кішкентай баламыз<br>Өсіп-өніп толамыз<br>Күнге қарай талпынып<br>Көкке қолды созамыз<br>Қанат қағып ұшамыз<br>Орнымызды табамыз<br>Есік қағылып ішке хат тасушы кіреді.<br>Елбасы күнін орай көрме өткізіліп жатқанын айтып,соған жақсы бейнеленген сурет керектігін айтады.Жетекші дәл қазір осы тақырып жайында сабақ болғанын айтып,жақсы салған балаларды мадақтап суреттерін көрмеге жібереді.Хат<br>тасушы қоштасып шығып кетеді.<br>«Туған жерді гүлдендірейік» дидактикалық ойыны<br>Сұрақтар қоя | Біздің үй – үлкен үй.<br>Біздің терезе, анау тұрған кебеже<br>Біздің кілем, әдемі ғой білем.<br>Мынау — теледидар<br>Мынау – үстел,<br>Мынау – орындық<br>Келіп оған отырдық — деп айтады.<br>Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады.<br>2-3 бала өз үйлері туралы айтады.<br>Ұйымдастырушылық – іздеушілік<br>Үйдің макетін көрсете отырып, жаңа сөздерді меңгертеді.<br>Келесі сұрақтарға жауап беруді қалыптастырады:<br>-Балалар, мынау не?<br>-Үй қандай?<br>**Сергіту сәті**. Тамшы туралы немесе күз туралы өлеңді қимыл-қозғалыс арқылы айтуларын өтінеді.<br>**Тілдік жаттығу:**<br>Үй-үй — үлкен үй<br>Ға-ға – биік қабырға<br>Зе-зе – таза терезе<br>Ік-ік-үлкен есік.<br>«Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б.<br>Балалар орындарынан тұрып, бой сергіту жаттығуын өлең сөзіне сәйкес көрсетіп айтады.<br>Тамшы тамса тырс-тырс,<br>Айтады гүл:<br>-Дұрыс!Дұрыс!<br>Тамшы тамса тырс-тырс,<br>Айтады қыр:<br>-Ырыс!Ырыс! немесе «Көктем» әні.<br>Жаттығуды жекелей және хормен айтады.<br>Балалар ойынды шартына сәйкес орындайды. | Жасалу жолын түсіндіру.<br>Балалар индер ауданының әдемі көпірін құрылыс материалдарынан құрастырып көрсетейікші саяхатшы Дараға.<br>**Ұжымдық жұмыс:**Құрылыс материалдарынан көпірді құрастырады.<br>-Жарайсыңдар балалар.<br>Міне саяхатшы Дара индер ауданына барсаң осындай көпірден өтесін.<br>**Саяхатшы Дара:**Балалар рахмет сендерге.Сендердің арқаларында елтай ауылымен таныстым.Ауылдарың көркейе берсін. Мен енді саяхатымды жалғастырайын.Көпірден өтіп мен енді Индер ауданынын көрікті жерлерін тамашалайын.Сау болыңдар!<br>**Қорытынды.**<br>-Бізге қонаққа кім келді?<br>- Саяхатқа қай жерлерге бардық?<br>-Барған саяхатымыз сіздерге ұнады ма?<br>Балалар біздер Қазақстан Республикасында Атырау облысы Индер ауданы Елтай ауылында тұрамыз.Біздер кең байтақ елтай ауылында тұрып жатқанымызды мақтан етеміз.<br>Балалар оқу қызметінің басында жақсы көңіл-куймен бастаған болатынбыз. Қазір көңіл- күйіміз қалай?Смайликтерді көтеріп көңіл-күйімізді білдірейік.<br>Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатынастыңдар. Балаларды мадақтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрметтейміз, қалай сыйлаймыз?<br>**Әдемі қыз:**<br>Балалар, сендер өте тәрбиелі, жақсы мен жаманды ажырата біледі екенсіңдер, үлкенді сыйлай білетін, құрмет көрсете білетін жақсы балалар екенсіңдер. Мен сендерге риза болдым. Сендерге рахмет(топтан шығып кетеді)<br>-Сонымен балалар, жақсы бала қандай болады?<br>***Қорытынды:*** Үлкеннен бұрын сөйлемеу,алдын кеспей құрметтеу керек.<br>Кім үлкенді сыйласа,<br>Кім үлкенді тыңдаса.<br>Үлкен болған кезінде,<br>Сыйлы болмақ өзі де.<br>Таза жүректі, әдепті, үлкенді тыңдайдын, кішіге қамқор болатын.Үлкенге орын беру, амандасу. | отырып, тақырыпты қорытындылау | | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Ағаштарды бақылау<br>Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.<br>Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді<br>Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта құлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»<br>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту<br>Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Айарумен жұмыс **Апта күндеріне арналған тапсырма**<br>**Мақсаты:** апта күндерімен таныстыру. Қайталап айтқызк арқылы тілін дамыту.<br>Біріншісі - дүйсенбі<br>Екіншісі - сейсенбі<br>Үшіншісі - сәрсенбі<br>Төртіншісі -бейсенбі<br>Бесіншісі - жұма<br>Алтыншысы –сенбі<br>Жетіншісі - жексенбі | Бақдәулетпенжұмыс **Зиянды және пайдалы тағам түрлерімен таныстыру.**<br>**Мақсаты**: пайдалы тағам түрлерімен таныстыру тапсырманы орындау арқылы тілін, ойын, қиялық дамыту.<br><br> | Айшырынмен жұмыс **Астана қаласының видеосын көрсету.**<br>**Мақсаты:** қала туралы ойын білу, сұрақ қою арқылы тілін дамыту.<br>https://www.youtube.com/watch?v=UHBew97Y_mk | Мадинамен жұмыс Мақата қыз бен мысық ертегісі<br>Мақсаты. Ертегі кейіпкерлерінің аттарын атау, көру арқылы есте сақтауын дамыту.<br>https://www.youtube.com/watch?v=RWMpJUhvic8 | Әминамен жұмыс Д.О: Жыл мезгілдері<br>Мақсаты: жыл мезглдері туралы айту. Ойын арқылы жыл мезгілдері туралы ойын дамыту.<br><br> |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата –аналарға кеңес Егер | Ата –аналарға кеңес Егер | Ата –аналарға кеңес - үйдегі | Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің | Ата –аналарға кеңес - баламен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Сіздің балаңыз көпшіл, өзжақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** «Кең ауылының негізгі орта мектебі»КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 20 – 24.11. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен карым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, карым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Өз жұбыңды тап!»** ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Мақсаты:** бүлдіршіндердің бір-біріне қамқор болуға, достық қарым- қатынасқа адал болуға тәрбиелеу. | **«Менің Отаным!» өлең жаттау.**<br>**Мақсаты:** балалардың бойына патриоттық қабілетті дарыту, Отанын құрметтеуге шақыру. | **«Толағай»** қазақ халқының балалрға арналған ертегі-лерінен бейнеролик көрсету.<br>**Мақсаты:** қазақ елінің жерін халқы үшін қорғаған батырлар туралы ұғым бере кету. | **Ересектермен бірлескен әрекет «Анамызға көмектесеміз!»**<br>**Мақсаты:** үлкенді сыйлау, көмек беру, құрмет көрсету секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту. | **«Құтқару қызметі»** ойын –жаттығу. Қимылдық белсенділігін арттыру.<br>**Мақсаты:** дене жаттығуларын жасату. |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу! | **«Жүректен жүрекке» шеңбері**<br>Мына сұлу әлемде,<br>Адам өмір суреді.<br>Үлкен менен кішіге,<br>Күн сәулесін төгеді. | **Шаттық шеңбері**<br>Шуақ шаша алтын таңда,<br>Мөлдір таза ауада.<br>Табиғаттың бәрі оянады.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Сәлем бердім саған елім!<br>Тал бесігім туған жерім.<br>Сәлем бердім бәріңізге! | **Шаттық шеңбері**<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу! | **«Жүректен жүрекке» шеңбері**<br>Мына сұлу әлемде,<br>Адам өмір суреді.<br>Үлкен менен кішіге,<br>Күн сәулесін төгеді. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті : Отбасылық альбом**<br>Еңбеккорлыққа және психологиялық көңіл күйлерін көтере білу қабілеттерін дамыту.<br>Б.қ: негізгі тұрыс.<br>1-қолды екі жаққа созу:<br>2-Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау;<br>3- қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою.<br>1--қолды екі жаққа созу:<br>2-алға иіліп, қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>1- қолды екі жаққа созу;<br>2-алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Әжесін қайсысы жақсы көреді?**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту. Балаларды әңгімені толық тыңдап мақмұнын айтуға үйрету<br>Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап:<br>– Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай, әжесінің екінші жағына шығып:<br>– Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласады.<br>Әже немерелерінің егесіне риза болып отырды. Бір кезде карттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті.<br>Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырады. Ақ халатты дәрігер келіп, әжесіне ине шаншып, дәрі береді. Әжесі басын көтеріп, | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті Хоккей ойнап үйренеміз**<br>Интеллектуалдық және математикалық мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасау.Спортқа қызығушылығын арттыру.<br>Б.қ: негізгі тұрыс.<br>1-қолды екі жаққа созу:<br>2-Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау;<br>3- қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою.<br>1--қолды екі жаққа созу:<br>2-алға иіліп, қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>1- қолды екі жаққа созу;<br>2-алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>https://youtu.be/4--iEOftLZ4 | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Әжесін қайсысы жақсы көреді?**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту. Балаларды әңгімені толық тыңдап мақмұнын айтуға үйрету<br>Нейрожаттығу жасау.<br>**Суретпен жұмыс**<br><br>Балалар суреттен кімді көріп тұрсыңдар?<br>Балалардың жауабы тыңдалады<br>Кім әжесін жақсы көреді?<br>Кімнің әжесі бар?<br>Әжелерің үйде не істейді?<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Бұл не? Кімге керек?»<br>**Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.<br>**Әже туралы тақпақ айту.**<br>Әжем менің жан әжем,<br>Ақыл білім үйреткен.<br>Аппақ әжем жан әжем,<br>Тербететін мейіріммен.<br>Аман болсын ақ әжем, | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті : Тату-тәтті баламыз!**Қозғалыс үйлесімділігін дамыту,қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін қалыптастыру.<br>Б.қ: негізгі тұрыс.<br>1-қолды екі жаққа созу:<br>2-Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау;<br>3- қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою.<br>1--қолды екі жаққа созу:<br>2-алға иіліп, қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>1- қолды екі жаққа созу;<br>2-алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>**« Аңшылар мен қояндар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **түсінді тап!».** Жұп болып екі тізбекке тұрады. Тізбекте жүру, жүгіру. Бір-бірінің аяқтарын басып кетпеулерін қадағалау.<br>Түрлі түсті қағаздарды алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады. Зал ішінде тәрбиешінің белгісі бойынша шашырап жүреді.<br>«1, 2, 3 – Өз түсінді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады. Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Дәл беру».**<br>Жұп болып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады (арақашықтықтары – 3 м). Серіктесіне допты табанымен домалатып жібереді. Қарсыласы допты ұстап алып, өзіне қайта домалатып жібереді.<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті : Біз нені үйрендік, нені білдік?**Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату,қатаң,ұян,үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br> «Ойлан тап» ойыны<br>Балалар, мынау әріптері бар кубикті лақтыра отырып сұрақ қоямын, сендер толық жауап беруге тырысындар.<br>1. Сауат ашу ұ.н оқу қызметін біз нені үйрендік?<br>2. Әріп деген не?<br>3. Дыбыс нешеге бөлінеді?<br>4. Қандай, қандай болып?<br>5. Дауысты, дауыссыз д.қандай текшелермен белгілейміз?<br>6. Дыбысты біз не істейміз?<br>7..Әріпті не істейміз?<br>8. Дауысты дыбыстар қалай айтылады?<br>9. Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?<br>**Қай дыбыстан басталады?**<br><br><br>**Сурет атауларын атап, буынға бөл.** | дәрігерге алғыс айтады.<br>Дәрігер Болат пен Қанаттан:<br>– Телефонмен жедел жәрдемді шақырған қайсыларың? – деп сұрады.<br>Болат:<br>– Менмін, – деді.<br>– Ақылды бала екенсің, – деді дәрігер. Әжеңді жақсы көреді екенсің.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Әдептілік әліппесі Е.Өтетілеуұлы** Өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп айтуға дағдыландыру. Сурет бойынша әңгімелеуде теңеуді қолдануға үйрету.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Күннің көзі ашылсын<br>Жерге шуақ шашылсын<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой<br>Ал кәнекей бәріміз<br>«Сәлеметсіз бе»-дейміз біз. «Қош келдіңіздер!»<br>—Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде неше ай бар?<br>-3 айды атап айтып берейікші?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Апта күндерін атайық?<br>-Балалар біздер өткен ұйымдастырылған ашық оқу қызметімізде қандай тақырыппен таныстық? -Дұрыс айтасыңдар балалар Лев Толстойдың «Әкесі мен баласы туралы» әңгімесімен таныс болдық.Әкесі мен балалары жақын қарым –қатынаста болу керек. Балалар үлкендердің айтқан ақылын алған жөн.Ендеше балалар біздің бүгінгі ашық оқу қызметіміз әдептілік жайында болмақ.Әдептілік-адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының,жүріс тұрысының ережесі.Әрбір адам- өз отбасында,қоғамда, жұмыс орнында,тағы да басқа кай жерде болмасын өзін әдепті,тәрбиелі ұстай білуі қажет.Әдептілік алдымен сәлемдесуден басталады.<br>**Қорытындылау**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Арнайы көліктер.Жүк және жолаушы көліктері** Көлік түрлері мен таныстыруды | **«Қасқырлар мен лақтар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Аралары 10 - 15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады.<br>Ойнаушылар үйлерінде тұрып:<br>Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке лақ<br>Кетесің кейде секендеп,<br>Байламаса көкем кеп — деген сөздерден<br>Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске» беттейді. Оларды аланның ортасында тұрған 2 - 3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Ауыр-жеңіл** Заттарды қолға алып салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.<br>**Психологиялық дайындық**<br>Тақтаға екі түрлі суреттерді іліп бұнда не көрініп тұрғанын сұраймын.<br><br><br>Не ауыр ?<br>Не жеңіл ?<br>Неге ?<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш,<br>Бойға жинап күш.<br>Отырамыз, тұрамыз,<br>Біз тынығып аламыз.<br>Суретті салыстыр не байқағаныңды айт.<br><br><br>**Дидактикалық ойын: «Адасқан сандар»**<br>Жақсы, балалар. Тапсырманың барлығын орындадыңдар. Олай | Жүзге жетсін жасыңыз<br>Ағармасын шашыңыз<br>**Дидактикалық ойын «Жасырын суретті тап»**<br>**Шарты**: қағаз артында жасырынған әженің суретін тауып алу керек.<br>**Шығармашылық тапсырма**<br>Әженің суретін боя.<br>**Кері байланыс**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Әдептілік әліппесі Е.Өтетілеуұлы** Өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп айтуға дағдыландыру. Сурет бойынша әңгімелеуде теңеуді қолдануға үйрету.<br>**Суретпен жұмыс**<br><br>**Ойын «Жалғастыр»**<br>**«Не істеуге болмайды?»**<br>- үлкендердің алдынан......(кесіп өтуге болмайды)<br>- кішкене баланы......... (жылатуға болмайды)<br>- құстарды........ (атуға болмайды)<br>- қыз баланы....... (ренжітуге болмайды)<br>- сабақтан....... (кешігуге болмайды)<br>- сыныпта....... (айғайлауға болмайды)<br>**Әдептілік ережелері:**<br>- Әдепті бала қашанда сәлемдеседі. Кезіккен адамдармен амандасады, көмегі және қамқорлығы үшін алғыс айтып, кетіп бара жатқанда қоштасуды ұмытпайды.<br>- Әрқашан сыпайы болу керек. сыпайылық – айналаңдағы адамдарға өзіңді жағымды көрсету. – Байқамай біреуді ренжітіп алса, дереу кешірім сұрайды.<br>- Әдепті бала көлікте отырғанда үлкендерге орын береді.<br>- Үлкендерді, ауру адамдарды, соқыр адамдарды көшеден өткізуге көмектеседі. **«Жалғастыр» ойыны: «Не істеуге болмайды?»** деген сөзді мұғалім айтады, оқушылар әрі қарай өздері жалғастырады.<br>1. Үлкендердің алдын -<br>2. Кішкене баланы -<br>3. Құстарды -<br>4. Қыз баланы -<br>5. Сабақтан -<br>6. Үйге жүгіріп -<br>7. Үлкен кісіні - | үйрету.<br>**Ойын мазмұны:** Аланның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып,<br>жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады.<br>Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті : Дыбыстар әлемі**<br>Дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажыратауды үйретуді жалғастыру<br>Бүгінгі оқу қызметімізді біз көңілді бастау үшін алдарыңдағы смайликтеріңді ала қойыңдаршы кәнекей.<br>— Қандай смайликтер екен балалар ?<br>Көңілді смайликтер екен. Олай болатын болса осы жақсы көңілімізді бір – бірімізге силайықшы.<br>Ендеше көңіліміз көтерілдіме?<br>**Д.Ойын: «Сыйқырлы дыбыстар»**<br>— Ағайынды аралармыз,<br>— Еңбек үшін жаралғанбыз<br>— Ззз -ззз- ззз<br>— Шыбын іздеп күні бойы,<br>— Гүл бақшаны аралаймыз<br>— Ззз — ззз –ззз<br>— Қалмай ұшып соңынан<br>— Ара қуды Мұратты<br>— Ззз- ззз – ззз<br>Әсел гүлді жақсы көреді.<br>Қыс<br>Жоқ өспейді.<br>Ара<br>— Шағып алып қолынан<br>— Досымызды жылатты.<br>— Ууу-ууу-ууу<br>— Балалар ара қалай дыбыстайды екен?<br>— Ал жылап қалған кезде біз қалай дыбыстайды екенбіз ?<br>Осы «з» «у» олар дыбыстар балалар.<br>— Балалар дыбыстарды не істейміз?<br>-Жарайсыңдар балалар өте дұрыс айтасыңдар. Естейміз, айтамыз.<br>Дыбыстар дауыс қатысына қарай екіге бөлінеді. Дауысты және дауыссыз дыбыстар болып. Дауысты дыбыстар қызыл түспен, дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленеді.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды.<br>Жауабы: Бұл күн екен . Дұрыспа |




**«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»** Ойынымен аяқтау.
Сөйлемді көп тауып құраған балаларды мадақтап мақтау.

**Математика негіздері**
**Міндеті: Жыл мезгілдері** Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту.
**Нейрожаттығу.**
**Шаттық шеңбер:**
Табиғат біздің анамыз
Табиғатқа баламыз
Иіліп сәлем береміз
Біз әдепті баламыз
**Суретпен жұмыс.**
Суретпен жұмыс жасап отырып тақырыпты ашу.
-Балалар маған қарандаршы, менің қолымда әр түрлі түсте шарлар бар.
Бұл шарлардың түстері осы төрт жыл мезгілін сипаттайды.
Күз –сары түсті
Қыс – ақ түсті
Көктем — көк түсті
Жаз — жасыл түсті
Осы шарларды жылдың қай мезгіліне сәйкес келетінін мына сөз жұмбақтар арқылы табамыз.
**Ой – қозғау:**
Жапырақтар сарғаяды.
Күн бұлттанады,
Жаңбыр жиі жауады.
Құстар жылы жаққа ұшады,
Айтыңдаршы балалар
Бұл қай кезде болады? (Күз)
Шана зырғып келетін,
Шаңғы, коньки тебетін.
Аққала жасап ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс)
Қар – мұз еріп,
Су көбейіп .
Бүршік шашып.
Жапырақ ашып ,
Бәйшешектер басады .
Айтыңдарышы балалар ,
Бұл қай кезде болады? (Көктем)
Күнің көзі шуақты .
Балалар жүр шомылып,
Көбелектер қуып ойнайтын .
Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)
-Балаларды слайдқа экранға назар аударту.

жалғастырып олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру.
-Балалар мен кіммін?
-Дұрыс айтасыңдар
-Мен жол сақшысымын
Жол сақшысының ұялы телефонына хат келеді.
-Балалар,менің ұялы телефоныма
хат келді.
-Хатта жұмбақтар жасырылыпты
**Жұмбақтар**
Арқаным бар тым ұзын,
Ала алмайсың бір үзім.
Ақыға салып ойланып,
Тапшы мұны пысығым
Бұл не?
Сөйлеуді ол білмейді
Бірақ «тоқта», «жүр» дейді
Бұл не?
Төрт аяғы дөңгелек
Адамсыз ол жүрмейді
Ол не?
Жарайсыңдар,балалар!
Бүгінгі біздің оқу іс-әрекетіміз жол белгілері қауіпсіздік ережелері туралы екен.
Қазір қаламызда көліктердің түрлері өте көп,сол көліктермен жүргенде немесе көлік жүретін жолмен жүргенде міндетті түрде жол белгілеріне қарап,жол тәртібін сақтауымыз керек.
Мынау жол белгілері мұқият тыңдап танис болайық
(жол белгілерімен таныстыру)
Осы жол ережелеріне байланысты,көліктерге байланысты кім тақпақ біледі?
Жәмилә
Санап кетсек сіз бен біз,
Сан көлікке мінеміз.
Траллейбус,трамвай,
Автобуспен жүреміз
Ө.Айдана
Көлік, көлік,
Көліктерге мінеміз.
Көшелермен,көшелермен,
Күнде тынбай жүреміз.
Нұрай
Жол жүрудің тәртібін
Ережесін білеміз.
Сақтағанда қатерден,
Сау-саламат жүреміз.
Аглан
Көшеде бағдаршам болмаса,
Кісі жоқ жөн сілтер өзіңе
Кідірме абыржып онда аспа,
Сенгейсің өзіңе,көзіңе
Зарина
Көшеде ортаға жеткенше
Әуелі көзің сал сол жаққа

болса жасырынған ненің суреті екен?
**Дидактикалық ойын.**
**«Ауыр заттардың суретін тап, боя»**
**Шарты:** балалар сеттердің ішінен ауыр – жеңіл заттарды тауып бояйды.



«Біз не білдік?»

**Сауат ашу**
**Міндеті : Дыбыстар әлемі**
Дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажыратауды үйретуді жалғастыру
**Шаттық шеңбері.**
Балалар шеңбер жасап тұрады.
Тәрбиеші: Шуақ шаша
Алтын таңда,
Мөлдір таза ауада
Табиғатта бәрі оянды,
Оян сенде, бар бала
Балалар бүгін мен сендерге керемет бір қызықты әңгіме айтып берігім келіп отыр.
- Күлшат күнде ешкісіне шөп, су беріп қамқорлық жасап жүрді. (сурет көрсету). Бір күні ешкісі тоғайда жүрген малға қосылып кетті. Күлшат ешкісін іздеп тоғайға келеді. Бір кезде қатты жел соқты. Жел соққанда қандай дыбыс шығады?
- У - У - У - У - У - У - У
Желдің әсерінен ағаштар жапырағы шулайды. Қандай дыбыс естіледі?
- Ш - Ш - Ш - Ш - Ш - Ш
Тоғай ішінде жүру өте қиын болады. Масада ызыңдап, мазасын алады. Маса қандай дыбыс шығарады?
- З - З - З - З - З - З
Күлшаттың қасына еріп келе жатқан Ақтөстің ырылдаған дыбысы естілді. Ит қандай дыбыс шығарады?
- Р - Р - Р - Р - Р - Р
Күлшат айналасына қарады. Шөп арасында басын көтеріп Ақтөске айбат шегіп тұрған жыланды байқайды. Жылан қандай дыбыс шығарды?
- С - С - С - С - С - С
Жыланды көрген Күлшат қорыққанынан өсіп тұрған ағаш артына тығылады. Сол кезде ешкінің дыбысын құлағы шалып қалады. Күлшат ешкісін шақырады.
- Шөре - шөре, шөре - шөре.

8. Оқу – құралдарын -
9. Сыныпта айғайлауға -
10. Ысқыруға -
11. Құстың ұясын -
Не істеу керек?
- Үлкендерді сыйлау керек
- Ата - аналардың тілін алу керек
- Тәртіпті болу керек
- Оқу құралдарын күтіп, таза ұстау керек
- Сабақты жақсы оқу керек

**Қоршаған ортамен таныстыру**
**Міндеті: Арнайы көліктер.Жүк және жолаушы көліктері** Көлік түрлері мен таныстыруды жалғастырып олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру.
**Бейнематериалды көрсету.**
https://www.youtube.com/watch?v=SbXKx1Lrw9g
Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бізге қонақтар келіп отыр. Қане, біздің қандай ақылды бала екенімізді көрсетейік.
— Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Жаяу жүргіншілер ережесі!» Сондықтан қазір жолда жүру ережелерін үйренеміз!
**МАИ қызметкері:**
— Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Жолға қарап тұрсам, велосипед тепкен Сайқымазақты көрдім. Ол жолдан дұрыс өтпей, барлық ережелерді бұзды. Оны көлік қағып кете жаздады. Сайқымазақты тоқтатып, «Қайда барасың?» — деп сұрасам асығып барамын, мені жіберіңізші» — деп өтініп сұранған соң сендерге алып келдім.
**Жұмбақтар:**
1. Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өмірінді күзеткен,
Ысқырықпен түзеткен.
2. Көше бойлап аяңдайды,
Адам тасып аялдайды.
3. Сөйлеуді ол білмейді
Бірақ тоқта, жүр дейді.
-Бұл не екен балалар?
— Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?
— Бағдаршамның неше көзі бар және атаңдар?
— Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші.
— Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы біледі екенсіңдер, енді «Бағдаршам» атты ән тыңдайық.
Ән **«Бағдаршам»**
-Ал, енді балалар, жол белгілерін

балалар ?
Олай болатын болса біз күн деген сөзге дыбыстық талдау жасаймыз.
Күн деген сөзде бірінші қай дыбыс естіліп тұр екен?
-«К» дыбысы дауысты ма , дауыссыз ба?
— Қандай текшемен белгілейміз?
Жарайсыңдар көк текшемен белгілей қойындар бәрінде.
-Күн деген екінші дыбыс қандай екен?
-«Ү» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?
-Қандай текшемен белгілейміз?
Кәне бірінде қызыл текшемен белгілей қойындар.
-Енді балалар үшінші дыбыс қандай екен ?
-«Н» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?
— Қандай текшемен белгілейді екенбіз?
Олай болса көк текшемен белгілейік.
Жарайсыңдар балалар. Ал енді балалар осы күн деген сөзде үш дыбыс бар екен.
— Жарайсыңдар балалар сендер жақсы жауап бердіңдер.

**Математика негіздері**
**Міндеті: Ауыр-жеңіл** Заттарды қолға алып салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.
Үстелге екі бірдей балалар арқақоржынын қойып, балаларға сұрақ қоямын. Мына арқақоржындар туралы не айта аласыңдар? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме?
Масса туралы не айтуға болады?
Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме?
Мұны түсіну үшін не істеу керек?
Балалар арқақоржындардың пішіні, өлшемі, түсі, материалы бойынша бірдей екенін айтады. Салмақ туралы болжамдар айтады. Балалар салмақты көзбен анықтау мүмкін емес, қолға алып, салыстыру керек деген қорытындыға келеді.
**1тапсырма.** Суреттерге қараңдар.
Сурет бойынша ауыр және жеңіл арқақоржынды анықтап, белгілеңдер
**Сергіту сәті.**
Орман алаңына жеңіл адымдап, ешқандай жүксіз шыққанымызды елестетіңдер.
Бұталар мен төмпешіктен Аттап өтіп жеңілдікпен,
Бұтақтар мен томарлардан Секіріп өтіп оңайлықпен Ұзақ-ұзақ жүріп келдік, Шаршадық деп берілмедік.
Енді жеттік, тоқтадық, Кел,

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br>Суретпен әңгімелеу.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар.<br>Алдымнан жел елді,<br>Кіп — кішкентай ағаштар.<br>Биік болып өседі.<br>**Дидактикалық ойын: «Ғажайып алаң»**<br>**Шарты**: Әуен ойналады, дөңгелен ғажайып алаңнан айналып жүреді. Онда төрт мезгілдің суреттері болады. Балалар қай суретке тоқтайды сол суретке қарап, ненің суреті және неге байланысты екенін әңгімелеп береді Балалар ойынды қызықты өткізеді.<br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Бөлме өсімдігі** Екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиып жапсыру,құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Біз кішкентай баламыз<br>Өсіп –өніп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып<br>Көкке қолды созамыз.<br>Әлемдегі барлық адамдарға тек жақсылық тілейміз.<br>Сәлеметсіздер ме?<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын соны шешуге тырысыңдар, шешсендер біздің бүгінгі сабағымыз сол туралы болмақ.<br>**Жұмбақ :Адамдардың бәрі қызығады,**<br>**Су құймасаң сәні бұзылады. (Гүл)**<br>-Дұрыс. Жарайсыңдар, ендеше біз бөлме өсімдіктерімен танысамыз.<br>— Өсімдіктердің өзі дала және бөлме өсімдігі болып екіге бөлінеді. Біздің бүгінгі сабағымыз бөлме өсімдіктері жайлы болмақ.Өсімдік өмір сәні,табиғат көркі,дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп қоймайды оған көрік беріп, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Ендеше балалар тақтаға назарымызды аударайық.<br>**Сергіту сәті** «Біз гүлдерше өсеміз»<br>Жапырағы жайқалған<br>Сабақтары салалы | Балақай ортадан өткен соң<br>Мойнын сал сол жақтан оң жаққа<br>Еңілік<br>Мен білемін бәрін деме<br>Отырған жоқсың бөлмеде<br>Машина өтіп кеткесін<br>Жолаушы алға беттесін.<br>Бұл айтылған тақпақтардың барлығын есте сақтауымыз керек<br>-Жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамдар бар олардың екі көзі болады қызыл және жасыл.<br>-Саяхатқа шыққыларың келе ме?<br>-Саяхатқа орманға бару үшін бізге автобус керек.<br>-Автобусқа мінудің де өз ережелері бар екен балалар.<br>-Автобусқа мінгенде артқы есіктен кіріп.алдыңғы есіктен түсу керек.Терезеден қолымыз бен басымызды шығаруға болмайды.Қауіпсіздік ережесін сақтау керек.<br>-Автобусқа жайғасайық.<br>-Балалар,алдымызда екі жол тұр біреуі жаяу жүргіншілер жолы бұл жолды жиек жолдар дейді<br>-Біз қай жолмен жүреміз?<br>-Алдымызда не тұр?<br>-Бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреміз?<br>-Жүргізуші сіз неге жай жүрдіңіз?<br>***Жүргізуші бала:*** бұл жерде «Абайла» деген белгі тұр.<br>Белгінің ішінде жануардың суреті бар.Мұндай белгіде жай жүру керек.<br>-Ендңше «Жануарлар» белгісі тұрса біз орманға да жақындап қалдық.<br>-Балалар, қоян мен барысты қараңдар.<br>Әрқашан жол тәртібін сақтап аман есен жүрейік<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің бөлмем** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттықтыру.Шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>Оқушылардың жауабы.<br>1. Жасыл кілем. Үлкен гүл. Үкен терезе. Кішкентай керует. Қоңыр қонжық. Сары үстел. Әдемі сурет. Жасыл кілем.<br>2. Бөлме әдемі, таза. Үстелдің үстінде кітап жатыр.Үстелдің үстінде шам тұр.Үстелдіңастында | - Ия!<br>Кәне, балалар, ешкіне шақыруға көмектесейікші.(Ешкі: Мә - мә)<br>Қуанған Күлшат ешкісін айдап үйіне қайтады. Балалар сендерге әңгіме ұнайды ма?<br>Балалар жауаптары.<br>Енді балалар біз әр түрлі дыбыстар естідік. Кім қайталап айтып береді?<br>**Қызықтыру сәті:**<br>(Осы кезде үлкен шар ұшып келеді.)<br>- Балалар қараңдаршы, Күлшат сендерге ойыны бар шар ұшырып жіберіпті. Бұл шардың сыртында мен айтқан дауысты дыбыстар бар екен<br>Мен қазір «А» дегенде қолдарыңды көтеріңдер.<br>«У» дегенде қолдарыңды алға созыңдар.<br>«О» дегенде қолдарыңды айқастырып кеудеге қойыңдар.<br>«И» дегенде бір қолды жоғары, бір қолды төмен созыңдар.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Жомарт өлкем**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру,оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Шаттық шеңбер.**<br>-Балалар,бүгін күн ерекше өйткені біздің топқа қонақтар келді.Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Күннің көзі ашылды,<br>Көкке шуақ шашылды.<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал канекей бәріміз.<br>Сәлем дейік үлкенге.<br>Сәлеметсіздер ме, апайлар!<br>**Сергіту сәті:** (Бейнетаспа арқылы)<br>**Бейнеролик көрсету.**<br>https://www.youtube.com/watch?v=DlV52I1VZBU<br>Балалар біз Астана қаласымен таныстық .<br>**Бейнеролик көрсету.**<br>https://www.youtube.com/watch?v=TFJNFrxufX4<br>Енді өзіміздің туған өлкеміз амангелді ауданына саяхаттаймыз.<br>**Қорытынды.**<br>- Саяхатқа қай жерлерге бардық?<br>-Барған саяхатымыз сіздерге ұнады ма?<br>Балалар біздер Қазақстан Республикасында тұрамыз. Біздер кең байтақ амангелді ауылында | үйрену үшін біз қаланы аралауға барамыз.<br>— Сұрақтар қоя отырып, балаларға жол белгілері, жол қиылысы, көлік жолы, жаяу жүргіншілер жолы туралы ақпарат береді. Сонымен қатар жолдан ата-аналарының көмегімен өту керектігін, жаяу адамның көлікті аялдамада күтетінін, көлік ішінде басқаларға кедергі жасамай, тәртіп сақтау керектігін түсіндіру.<br>**Сергіту сәті**<br>**Ойын: «Есіңе түсір»**<br>**Шарты**: Балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруды тапсырады.<br>Тәрбиеші балаларға тапсырманы түсіндіреді.<br>Жүргізушілер жол апатына ұшырамау үшін,жол ережесін сақтау керек,есте сақтаңдар, сау болыңдар!<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің Отаным** Шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.Отан туралы тақпақ үйрету<br>**Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.<br>Қазақтан Республикасының әнұраны орындалады.<br>Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз Отан жайлы болмақ.<br>- «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Әр адамның өз Отаны болады.<br>- Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз.<br>- Отан біздің атамекеніміз.<br>- Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта.<br>- Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі.<br>- Біздің Отанымыз- Қазақстан!<br>Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімен танысамыз.<br>Отан деген - атамекен,<br>Отан деген- туған жер.<br>Отан – ана, Отан – үлкен<br>Қазақстан – туған ел!<br>Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір секіріп алайық,<br>Секіріп-секіріп алайық, | достарым, жайғасып, Отырайық демалып.<br>Тынығамыз, күш жинаймыз, Одан кейін сапарға<br>Аттанамыз қайтадан.<br>**Дидактикалық ойыны. «Ауыр – жеңіл», «бірдей»** Балаларға топта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынамын кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с.<br>Сондай- ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынамын. Балалар заттардың салмағын таразымен өлшейміз. Заттарды массасы бойынша қалай салыстыруға болатынын түсіндіремін.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Біздің рәміздер**<br>Ересектердің орындауында музыкалық пьесаларды тыңдау жоғарғы регистр аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>**Сұрақ – жауап**<br>Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?<br>Әрина Қазақстан Республикасында тұрамыз?<br>Біздің ұлтымыз қандай? Қазақ.Біз қай білде сөйлейміз? Әрине қазақ тілінде.<br>Ал,сендер біздің елді басқарып отырған президентіміздің есімін білесіңдер ме? Әрине Қасым – Жомар Кемелұлы .(Суреттен көрсету)<br>Мына бірінші суреттегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.<br>Келесі суреттен біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Біздің рәміздеріміздің бірі Қазақстан Республикасының Менлекеттік Гимні.Балалар ҚРМ Гимнінің сөзін Елбасымыз Нұрсұлтан атамыз және Жұмекен атамыз жазған.Әні жазған Шәмші атамыз.Балалар Мемлекеттік Гимнді қалай болса солай орындауға болмайды.<br>**Қорыту:** Балалар бүгінгі іс-әрекетімізде біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы білім алдық.<br>Кәне маған кім рәміздерді атап береді?Қош сау,болыңдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Желге ырғалып шайқалған<br>**Дидактикалық ойын: «Гүл құрастыру».**<br>Гүлдің жоқ мүшесін тауып , жапсыру.<br>***«Гүл жинау» ойынын ойнату.***<br>— Қырға шығып тереміз<br>Қызғалдақтың қызылын.<br>Біздер енді көреміз<br>Ойынның да қызығын – деп енді «Гүл жинау» ойынын ойнаймыз.<br>-Біз қандай бөлме өсімдіктерімен таныстық?<br>-Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?<br>-Гүлдің сырт келбеті қандай?<br>-Бүгінгі отырғызған гүліміздің аты қандай? | кілем жатыр. Бөлмеде әдемі гүл, керует, сурет бар.<br>**Келесі сурет бойынша сөйлемдер құрастырамыз.**<br>Орындықтың үстінде мысық отыр. Орындықтың астында ит отыр.<br>**Сергіту сәті.** Ал енді демалып, биымызды сергітіп алайық.<br>**Жұмбақ шешу**. Балалар сендер жұмбақ шешуді жақсы көресіңдер ме?<br>Ал енді жұмбақ шешіп көрейік.<br>1.Көкшіл айна үйдегі<br>Көрсетеді киноны.( Теледидар)<br>2.Алдына келесің,<br>Өзіңді көресің.<br>( Айна ) Осы заттар сендердің үйлерінде, бөлмелеріңде бар ма?<br>Бүгінгі өткен сөздеріміз әр адамның үйінде, бөлмесінде кездесетін заттар.<br>**Сабақты бекіту**:<br>Қазір сендердің алдарыңа сурет таратамын.Бұл суретті түрлі-түсті қарындаш -пен бояйсыңдар. Осы суреттерді мен сендерге сыйға тартамын.<br>Түстерді бекіту. Шатырды, қабырғаны, терезені, есікті қандай түспен боядың?<br>Осы үйімізді, өзіміздің бөлмемізді қалай ұстауымыз керек?<br>Тағы не істеуіміз керек? | тұрып жатқанымызды мақтан етеміз. Смайликтерді көтеріп көңіл-күйімізді білдірейік. | Орнымызды табайық.<br>**Д/О: «Қай мезгіл?»**<br>**Мақсаты**: жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атау, әңгімелеу.<br>**Кері байланыс** | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Шықты бақылау<br>Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру.<br>Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсыңдар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? ( күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа - райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)<br>Жұмбақ: Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. (Шық) Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емеспін, ұсақпын, Мойнына ешкім таға алмас (Шық)<br>Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар» Аландағы еңбек: қураған өсімдіктерді жинау. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
-Қазақстан республикасының рәміздерін атаңдаршы?
- Қазақстан республикасының бас қаласы, астанасы қай қала?
Біз қай тілде сөйлейміз?
Жарайсыңдар.
Балалар жана біз Отанымыз туралы еске түсірдік. Ал енді өзіміздің туған өлкеміз Қостанай облысы, Амангелді ауданымыз жайлы айтайықшы.
Ендеше туған өлкеміз Амангелді туралы шағын бейне көріністі тамашалайық.
https://www.youtube.com/watch?

Жарайсыңдар балалар, бәріміз орнымызға жайғасайық.
Жұмбақтар: 1. Күн ұзарып қар еріп, Су сайларға толады, Бұл қай кезде болады? 2. Көлігі жоқ көшеді, Өзін кезбе деседі. 3. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. 4. Жылт-жылт етеді Жылғалардан өтеді. -Жарайсыңдар балалар!
**Кері байланыс жасау:** смайликтер арқылы

**Музыка**
**Міндеті: Қысқы орманда**
Әннің сипатын қабылдау,даусын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесін динамикасын дәл беру.
Шеңбер құрып тұрып,
Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік,
Қабақ түйген не керек,
Көңілді боп жүрейік. Бір – біріне қарап күлімсірейді.
Балалар бүгін бізге қонақтар келіп отыр, қонақтармен амандасайық.
Өткен сабақты қайталап кетейік.
Өткен сабақта құстардың тіршілігімен таныстық.
- Балалар қыстап қалатын құстарды еске түсірейік.
Қазір жылдың қай мезгілі?
Сендерге қыс ұнай ма?
Қандай ойындарды біз далада ойнаймыз?
Ал қыстағы орманды мекендейтін жабайы аңдардың білесіңдер ме?
- жабайы аңдар аю, қоян, түлкі, қасқыр...
Мен сендерге жұмбақтар жасырамын, жауабын табыңдаршы:
1. өзі бір қу, жүрген жері айғай да шу
Бұл не? (түлкі)
2. Қорбаң, қорбаң етеді,
Орман оның мекені.
Тәтті балға тойып ап,

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шаттық шеңбері**<br>Достарды біз қолдаймыз!<br>Қиындықта қорғаймыз!<br>Біздің топта ұл қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз!<br>Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметіміз ерекше болғалы тұр, себебі мен сендерге қызықты ертегі айтып бермекшімін. Айтыңдаршы сендер біздің рәміздерімізді білесіңдер ме? (Ту, елтаңба, әнұран).<br>-Дұрыс айтасыңдар, ендеше айтыңдарша мемлекеттік туымызда не бейнелеген? (күн аспан, қыран құс, ою өрнек)<br>-Ол да дұрыс, бүгінгі біздің ертегіміз, сол қыран құсы туралы болмақшы.<br>Балалар, сөреттен қыран құс бүркітті көріп тұрмыз.<br><br>**Қазақтың өткен тарихы мен күнделікті тұрмыс тіршілігі тікелей қыран құсымен тығыз байланысты.** Егемен еліміздің Туында қыран азаттықтың айбыны ретінде айшықталған. Қыранның ереше қасиеті -оның өте биікте қалықтап ұшатындығы, биік таудың шыңындағы құздарда ұя салатындығы, сонымен қоса оның алғырлығы, жыртқыш аңдардан қорықпайтындығы, батылдығы.<br>Міне, балалар, қыран ерекше құс екен, ендеше осы құстың суретін бастырып бояйық .<br>**Сергіту сәті**<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Торғай болып қонайық.<br>Сауысқан боп секіріп<br>Тоқылдақ боп шоқиық<br>Қане қанат жазайық<br>Қарлығаш боп ұшайық<br>Ұшып – ұшып алайық<br>Орнымызға қонайық.<br>**Кері байланыс**. | әңгімелейді.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік елтаңба**<br>Мемлекеттік елтаңбаны сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау.<br>**Шаттық шеңбері**<br>- Менің Отаным өте сұлу!<br>- Менің Отаным өте бай!<br>- Менің Отаным әдемі!<br>- Мен Отанымды, рәміздерімді мақтан етемін!<br>Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Бүгін біз өзіміздің туған жеріміз – Отанымыз туралы әңгімелесеміз.<br>- Балалар біз қандай мемлекеттке тұрамыз?<br>Әрине Қазақстан Республикасында тұрамыз. Қазақстан Республикасының астанасы қандай?<br>- Біздің ұлтымыз қандай?<br>- Біз қай тілде сөйлейміз?<br>- Ал. Сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме?<br>**Сергіту сәті:**<br>«Қара жорға»<br>**Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті қалам».**<br>**Ойынның шарты:** балалар дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы «Сүйікті қаланды ата!» деп, допты бір балаға лақтырады. Бала жауабын айтып, келесі балаға лақтырады. Келесі бала ойынды одан әрі жалғастырады.<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>- Ту, елтаңба, әнұран<br>- Менің сүйікті қалам – Астана!<br>- Менің сүйікті қалам – Алматы!<br>- Менің сүйікті қалам – Ақтөбе!<br>**Бекіту:** Қазақстан Республикасының бас қаласы қалай аталады?<br>- Қазақстан Республикасының рәміздері не жатады?<br>- Балалар, Қазақстан қазба байлықтарға өте бай. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуіміз керек.<br>Балалар толық жауап беред | Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату,әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Армысың, асыл күн<br>Армысың, алыс жер<br>Армысың, көк аспан<br>Армысың жан досым<br>Жылуына жылу қос<br>Міне менің қолым бос –деп бір-біріне қолын береді<br>Балалар, біздің еліміз, Отанымыз қалай аталады?<br>Отан деген біздің еліміз, туған жеріміз, ауыл-қаламыз, туыс, бауыр мекен еткен жеріміз<br>-Енді, балалар Отан туралы кім тақпақ айтады екен?<br>Балалар, тәуелсіздікті еліміз 1991 жылы 16 желтоқсанда алды. Осы күнге жету үшін талай қиыншылықтарды бастан кешірді. Сендер «тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Қазақстан қандай мемлекет?<br>- Осындай үлкен елімізді, жерімізді басқарып отырған кім?<br>-Біздің елбасымыз, президентіміз кім екен?<br>-Елбасымыздың негізгі жұмыс орны қай қалада?<br>- Астана қандай қала?<br>-Кәне, Астана туралы кім тақпақ айтады?<br>- Балалар, ҚР Туының түсі қандай?<br>Тудың сипаттамасын түсіндіру. Тудағы дала қыраны еркіндіктің белгісі, күн – байлық пен берекені білдіреді. Қане, кім Ту туралы тақпақ айтады екен?<br>-Елтаңбамыз туралы не айтамыз? Елтаңбамызды шаңырақ, қос пырақ ат бар. Ат – ер қанаты, шаңырақ ортақ үй деген түсінікті береді<br>- Отан туралы қандай мақал білесіңдер?<br>**Сергіту сәті**<br>Төскейден жел еседі<br>Төбемнен бұлт көшеді<br>Туған жерім мен үшін<br>Көк майсасын төседі! | v=TFJNFrxufX4<br>**Кері байланыс жасау:**<br>смайликтер арқылы<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Еліміздің астанасы-Нұр-сұлтан** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,тақпақ жаттау.Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз басқа оқу іс – әрекеттеріне қарағанда ерекше. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Гүлдене бер НҰР сұлтан» деп аталады.<br>- Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма?<br>Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар.<br>- Біздің мемлекетіміз қалай аталады?<br>- Елордамыз қай қала?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз.<br>- Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар?<br>**Ақ орда** -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын.<br>**Бәйтерек** -Қазақстан мемлекетінің символы.<br>Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м.<br>Мынау **Бейбітшілік және келісім** сарайы.<br>**«НұрАстана»** мешіті.<br>Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.<br>**Думан** ойын - сауық орталығы.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз кішкентай баламыз<br>Өсіп-өніп толамыз | Қыста ұйқыға кетеді. Бұл не? (аю)<br>3. Секең, секең етеді,<br>Орман оның мекені.<br>Отырғанда шоқиып,<br>Құманға ұқсап кетеді. Бұл не? (тиін)<br>4. Көп, көп ине,<br>Бір сабағы жоқ ине,<br>Іс тікпейді әрине. Бұл не? (кірпі)<br>Ал, енді суретке қарап отырып атаңдаршы?<br>Бір сөзбен қалай айтамыз?<br>Жабайы жануарлар.<br>Енді мен сендерді ойын ойнауға шақырамын, ойынды ұнатасыңдар ма?<br>**Пазлы ойынның ойнаймыз. Пазлыны құрастыру.**<br>Қандай сурет болып шықты?<br>Қыста орманда олар тоңады ма? Неге тоңбайды?<br>Қоян - ағаштардың қабығын кеміреді.<br>Қасқыр - әлі жететін аңдармен қоректенеді.<br>Аю - қыс бойы ұйықтайды.<br>Кірпі қыс бойы ұйықтайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қорбаңдаған аюдың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Құлпынайын алайық.<br>Қалтамызға салайық.<br>**Ойын ойнайық: «Үйшігін тап» деген.**<br>Мына жерде аңдардың үйшіктері, бірақ қай үйшік қайсынікі екен, өздері де шатасып қалыпты, кәне көмектесіп тауып беріңдерші?<br>Ал, енді атап кетейік:<br>Аю – апанда,<br>Түлкі - інінде,<br>Қасқыр – апанда,<br>Тиін – ағаш қуысында,<br>Кірпі – інінде.<br>- Осы жабайы аңдардың балалары бар ма?<br>Қай аңның қандай баласы бар екен, оны тауып атау үшін мен сендерді ойын ойнауға шақырамын.<br>«Анасын тап» деген. Міне аналары, ал балалары адасып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Балаларды мадақтау.** | | **Кері байланыс. Балаларды мадақтау** | Күнге қарай талпынып<br>Көкке қолды созамыз<br>Қанат қағып ұшамыз<br>Орнымызды табамыз<br>«Туған жерді гүлдендірейік» дидактикалық ойыны<br>Сұрақтар қоя<br>отырып, тақырыпты қорытындылау. | қалыпты, кане аналарын тауып беріңдерші?<br>**Қорытындылау.**<br>Балаларды мақтау, мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Тоғайларды бақылау<br>Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету; Тоғайлар мен бұтарларға қарандаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.<br>Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.<br>Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю»<br>Еңбек: Тоғайларды қармен жабу | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Айсәулемен жұмыс<br>**Артикуляциялық жаттығу**<br>**Мақсаты**: Р дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілін дамыту.<br>https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=elQkkzufrHo | Бақдәулетпен жұмыс<br>**Дидактикалық ойын. «Қысқы ойындар»**<br>**Мақсаты:** қысқы ойындарды айту арқылы тілін , сөздік қорын дамыту. | Мадинамен жұмыс **Көп, аз ұғымымен таныстыру.**<br>**Мақсаты:** көп, аз ұғымымен таныстыру, сурет арқылы сұраққа жауап бере отырып тілін дамыту, санауға үйрету.<br> | Бекболатпен жұмыс<br>**Нейрожаттығу жасату**<br>**Мақсаты:** ойлауын, саусақ мотрикасын дамыту. | Алтынмен жұмыс Пазл құрастыру.<br>Мақсаты: пазл құрасытур арқылы ұсақ саусақ моторикасын , ойлауын дамыту.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | |  | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу. | Психолог кеңесі (жеке балаларға) Балалардың мектепке ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру. | Балаларының жақсы қасиеттерін айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Үйге барғанда мектепте не жасағандарын сұрап әңгімелесуін сұрау. | Балалардың таңертең кешікпей келулерін ата аналарға ескерту. |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 11 – 15.12. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқ әрекеттер)** | **«Өз жұбыңды тап!»** ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Мақсаты:** бүлдіршіндердің бір- біріне қамқор болуға, достық қарым- қатынасқа адал болуға тәрбиелеу. | **«Менің Отаным!» өлең жаттау.** **Мақсаты:** балалардың бойына патриоттық қабілетті дарыту, Отанын құрметтеуге шақыру. | **«Толағай»** қазақ халқының балалрға арналған ертегі-лерінен бейнеролик көрсету. **Мақсаты:** қазақ елінің жерін халқы үшін қорғаған батырлар туралы ұғым бере кету. | **Ересектермен бірлескен әрекет «Анамызға көмектесеміз!»** **Мақсаты:** үлкенді сыйлау, көмек беру, құрмет көрсету секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту. | **«Құтқару қызметі»** ойын – жаттығу. Қимылдық белсенділігін арттыру. **Мақсаты:** дене жаттығуларын жасату. |
| **жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Д.О: «Дауысынан таны»** **Мақсаты**: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. **Шарты**: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға қояды. | **Д.О: «Айтшы қандай?»** **Мақсаты:** Балаларды заттың белгілерін анықтауға үйрету **Шарты**: Тәрбиеші (немесе бала) қорапшаның ішінен, заттарды алып шығады, балалар заттың атауы мен белгісін айтады | **Д.Оу: «Зейінді бол»** **Мақсаты**: тыңдау, есту қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. **Шарты**: Тәрбиеші дала құстары туралы жұмбақтап айтып отырады, балалар қандай құс туралы байқап алда жатқан тиісті суретті көтеріп көрсетеді. | **Д.О: «Дауысынан таны»** **Мақсаты**: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. **Шарты**: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға қояды. | **Д.О: «Ағашты тап»** **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ағаштардың атауын анық айтуға үйрету. **Шарты**: Үстел үстіне төрт өсімдіктердің шырша, қайың, емен, терек, олардың жапырақтарының суреттерін қояды. Жапырақтарына қарай ағаш түрін тауып алу керек. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.** **Міндеті: Наурызым қорығы** Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау). Бір қатармен жүру. Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. (қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық, Қарлығашқа ұқсайық (қолды екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру, төмен түсіру) | **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: Менің Отаным** Сөйлеу түрлерін ажырата білуге үйрету, дауыс ырғағына оларды ажырата білу іскерлігін дамыту. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. **Шаттық шеңбері** Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Ұл қолында ту жүрсін, Қыз қолында гүл жүрсін. Көп аузынан түспейтін Отан деген немене? Оның тұлға, түс-кейпін, | **Дене шынықтыру.** **Міндеті: Ержүрек құмырсқалар** Бір-біріне көмекке келуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу Топ ішінде ұйымдастыру. Бір құмырсқа өз илеуінде тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыз секілді жәндіктермен дос болыпты. Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, дәнді орнынан қозғалта алмапты. Сонан соң көмек сұрау үшін әлгі қанатты достарын іздейді. | **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті: Менің Отаным** Сөйлеу түрлерін ажырата білуге үйрету, дауыс ырғағына оларды ажырата білу іскерлігін дамыту. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. **Шаттық шеңбері.** Арайлап таң атты Алтын шуақ таратты Қайырлы таң балалар Қайырлы таң қонақтар Өте жақсы, балалар! Осы жақсы көңіл күйімізбен бүгінгі тәрбие сағатын бастайық :Балалар отан деген сөзді қалай түсінуге болады? | **Дене шынықтыру.** **Міндеті: Мультфильмдер әлемі** Қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін жетілдіру. Тапсырманы өз бетінше орындай алу қабілеттерін амыту. **Тосын сәт.** Алыстан көңілді әуен естіліп, жылтылдаған сәуле көрінеді. - Ой, балалар, алыстан бірдеңе көрінетін сияқты.Ол не нәрсе болды екен? Қалай ойлайсыңдар? (Балалар жауабы) - Қане, балалар, не екенін білгілерің келе ме? Өзіміз барып көзімізбен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дәнджерімізді шоқиық,<br>Жоғары-төмен қарайық<br>(қолдарын артқа созып, дән жегендей болады)<br>Ұшып,ұшып алайық,<br>Ұямызға қонайық<br>(баяу жүгіру, шенберге тұру).<br>**« Қарағайлы ормандағы аю »**<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, е птілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бі р жағына аюдың іңі сызыла ды.<br>Екінші жағына үй белгілене ді, онда балалар тұрады.<br>Тәрбиеші інде отырған аюды таңдап алады. Тәрбиеші « балалар»,<br>серуендеуге барыңдар! – дегенде балалар үйден шығы п орманға барады.<br>Олар хормен мына өлеңді а йтады. Аю жүрген орманнан<br>Жидек тере мен барғам<br>Аю отыр гүрілдеп,<br>Жарамайды мұның,-деп<br>«Гүрілдеп» дегенде аю балал арды қуады.<br>Аю кімге жетсе, сол ұсталға н болады.<br>Сапқа тұру топқа бір қатармен бару.<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Ойнай отырып оқимыз** Сөздерді буынға бөлу,буын санын ажырата алуға жаттықтыру.Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту<br>**Мақсаты:**буындардан сөз құрауға үйрету<br>**«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы**<br>Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады.<br>Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.<br>**«Буынды қос» дидактикалық ойыны**<br>– Балалар шеңберге тұрайық. | Досың білгің келе ме?<br>- Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз<br>Отан жайлы болмақ.<br>- «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Әр адамның өз Отаны болады.<br>- Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз.<br>- Отан біздің атамекеніміз.<br>- Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта.<br>- Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі.<br>- Біздің Отанымыз-Қазақстан!<br>**Әңгімелеу:** Әркімнің туып өскен жері - Отан деп аталады. Отан отбасынан басаталады. Біз Қазақстанда туып өстік. Ол біздің – Отанымыз! Бүгінгі жаңа оқу қызметімізде «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз.<br>Балалар, бүгінгі көңіл күйлерің қалай?<br>2. Біз қандай Республикада өмір сүріп жатырмыз?<br>3. Қазақстан Республикасының президенті кім?<br>4. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?<br>**Мақал – мәтелдер**<br>Отан – оттан да ыстық.<br>Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.<br>Отан үшін отқа түс күймейсің.<br>Отан отбасынан басталады.<br>Отан елдің анасы, ел ердің анасы.<br>**Сергіту Сәті:**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір секіріп алайық,<br>Секіріп-секіріп алайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Балалар бәріміз терезеге | Бір уақытта гүлден-гүлге қонып, шырын жинап жүрген араға жолығады<br>– Досым, бір дән тауып алып едім, жалғыз өзім көтере алмағаным. Маған көмектесіп жіберші, – деп өтінеді.<br>– Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – деп, ара көнбей қойыпты.<br>Солайы солай ғой, мейлі деп, құмырсқа әрі жүріп кетіпті. Ол енді қоңызды тауып алады. Ол мән-жайды айтып, көмек сұрапты.<br>– Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – деп, қоңыз ызыңдап ұшып кете барады.<br>Достарынан күдер үзген құмырсқа мұңайып қайтып келе жатады. Жолда өзінің илеулестерімен ұшырасып қалады. Олар мұның түрін көріп:<br>– Не істеп жүрсің? – деп, жөнін сұрайды.<br>Жалғыз құмырсқа өзінің басынан кешкенін айтып береді:<br>– Жалғыздық деген сол, – деп, илеулестері жұбатады да құмырсқаның дәнін көтерісіп, әрі алып кетеді. Құмырсқа үйіріне қайта қосылады.<br>«Жаңа достың қадірі ескі досқа жетпейді» деген екен сонда бір кәрі құмырсқа.<br>Балалар ертегіні тыңдап өздерінің ойларымен бөліседі.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: 10 көлемінде тура және кері санау.**Келесі санды бірді қосу арқылы және бірді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру.**Шаттық шеңбері:**<br>Біз балдырған тең басқан<br>Дос құшағын кең ашқан<br>Тілегіміз жақсылық<br>Ашық болсын кең аспан<br>Берік болсын іргеміз<br>Бәріміз бір біргеміз<br>Енді әрқайсысымыз өз орнымызға отырайық.<br>**«Сиқырлы сандар» ойыны.**<br>Балалар, қазір біз «Сиқырлы | Отанды неліктен «туған жер» деп айтамыз?<br>Отан- ол біздің еліміз,жеріміз,туымыз,табиғатымыз,айналадағы қоршаған ортамыз.<br>Бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы: «Менің Өтаным тәуелсіз Қазақстан!».Тәуелсіз ел деп-өзінің президенті, туы, елтаңбасы, әнұраны бар деп атайды.<br>балалар қазір жылдың қай мезгілі<br>-Қазақстан республикасының президенті кім?<br>-дұрыс айтасыңдар. Енді мына суреттер не көріп тұрысыңдар?<br><br>-тудың түсі қандай?<br>-Тудың ортасында күн бейнеленген астында қалықтаған қыран құстың суреті бейнеленген , ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген<br><br>Мынау қазақстанымыздың мемелкеттік ел таңбасы.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тәуелсіз елдің тірегі<br>Біз боламыз жүрегі<br>Артқа қадам баспаймыз<br>Тек алға-алға бастаймыз<br>Құран қыстай қалықтап<br>Болашаққа самғаймыз .<br>Көркем сұлу Астанадан: Ақ орда, Бәйтерек, Думан мен Ханшатыр (ойын-сауық орталықтары) бар.<br>Міне мынау – Қазақстанның картасы. Кең байтақ Қазақстан.<br>Ол – жерге де, елге де бай мемлекет, себебі Қазақстанда көптеген байлықтар бар: мұнай, темір, көмір, күріш, мақта, астық-бидай. Балалар сендер өз елдеріңді сүйесіңдер ме?<br>«Отан – оттан да ыстық», - деп айтады ғой. «Отанды қорғайтын сендерсіңдер. Отанды сүйіп, құрметтеңдер».<br>«Ел байлығын, жер байлығын, егеменді елімізді сақтайтын – | көрмейміз бе? Олай болса, жолға шығайық. Балалар сап құрып, шеңбер бойымен жүреді, аяқтың ұшымен (қолды желке тұсына қойып), өкшемен (қолды белге) жүреді. Жүреден, толық отыра жүру.<br>Баяу, ирелең, аяқты-аяққа тақап қойып жүгіру, екі аяқпен алға жылжи секіру. -<br>Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады<br>- Қар (мойынға арналған жаттығу орындайды)<br>- Терезеге қонады<br>Әсем ою салады<br>- Қырау (қолға, иыққа арналған жаттығу жасалады)<br>- Басылмайды даланың,<br>Ақ түтегі ашулы.<br>Түйіп алып қабағын,<br>Басып қалды қораны<br>- Боран (белге арналған жаттығу жасалады)<br>- Айнымайды шыныдан<br>Қорқады тек жылыдан<br>- Мұз ( аяққа арналған жаттығулар жасалады)<br>Ал, енді біздің балалармыз саған көп көмек көрсетті. Сен енді балалар-мен бірге ойын ойнауға қалай қарайсың?Ойын: «Қасқыр мен қояндар» бір бала қасқыр болып, тығылып отыра-ды.<br>Қалған балалар қоян болады:<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Дыбыстық талдау**<br>Дыбысты талдау жасау арқылы дауысты,дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру<br>**«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.**<br>Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: 10 көлемінде тура және кері санау.**Келесі санды бірді қосу арқылы және бірді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз.<br>- Балалар, тақтада Айман қуыршағымыздың суреті тұр, қуыршағымыздың моншағы үзіліп қалыпты моншаған тізуге көмектесеміз бе?<br>**№1 тапсырма.**<br>- Балалар, сендер 1 - ден 10 - ға дейін тура және кері санай аласыңдар ма?<br>- Айман қуыршақ біздің балалар санап қана қоймайды, санау әнін де әндетіп айта алады.<br>Слайд көрсету.<br>1. 1 - ден 10 - ға дейін тура санау.<br>2. 10 - нан 0 - ге дейін кері санау.<br>3. 1 - ден 10 - ға дейін реттік санау.<br>4. 10 - нан 0 - ге дейін кері санау.<br>- Тамаша, олай болса 1 тапсырма орындалды.<br>Келесі тапсырманы алайық.<br>**№2 тапсырма**<br>**«Кім мықты?»** деп аталады, бізге сурет берілген, қанекей қарайық. Суретте түрлі - түсті шарлар берілiпті. шарларда есептер және сандар берілген. Әр шардың түсін атап, есепті шығарып, шешіміне қарындашпен сызып көрсету керек. | қарайықшы даладан нені көріп тұрсыңдар?<br>Күнді, күннің шуағын.<br>Ендеше, балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі.<br>**Д/О: «Қай мезгіл?»**<br>**Мақсаты:** жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атау, әңгімелеу.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Тәуелсіз Қазақстан О.Асқар** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Әуеннің сазын, ырғағын сезінуді, өз даусын басқара білуге баулу.<br>**Шаттық шеңбері**.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап<br>Бір шанада екеуміз,<br>Құламайды екенбіз.<br>**Ойын : «Тамаша»**<br>**Шарты :** мен сендерге қыс туралы сұрақ қоямын,сендер бас бармақтарыңды көрсетіп «тамаша» деп жауап берулерің керек.<br>-Қыс мезгілі қандай<br>-Қысқы ойындар қандай ?<br>-Қыста шыныққан қандай<br>-Жаңа жылды тойлаған қандай ?<br>-Тәуелсіздік мерекесін тойлаған қандай ?<br>**Ой қозғау.**<br>-Балалар осы тәуелсіздік дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Ия, тәуелсіздік бұл еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді.<br>Алдымен әнұранымызды шырқап жіберейік.<br>Енді мен сендерге Оразақын Асқардың Тәуелсіз Қазақстан өлеңін оқып беремін.<br>Мұқият тыңдап отырыңдар.<br>Тәуелсіз еркін елде біз<br>Дүниеге келгенбіз.<br>Көк ту мен елтаңбамыз,<br>Бар біздің өз теңгеміз.<br>Орындайтын бәріміз,<br>Біздің ата – анамыз | сандар» ойынын ойнаймыз.<br>Біз білімді, әрі тәртіпті болсақ, сандардың не жасырып тұрғанын білеміз.<br>Жылыдың қай мезгілі?<br>-Балалар! Біз сендермен 1-10 ға дейінгі сандарды өткен болатынбыз. Енді бүгінгі тақырыбымыз 1-ден 10-ға дейінгі сандарды санау. Сендердің білімдеріңді тексеріп мынындай бір ойын ұйымдастырып жіберейікші!<br>**«Жемістерді таңдап, орнын табу » ойыны.**<br>**№1 тапсырма:** 1-ден 10-ға дейін тура сана?<br>1,2,3,4,5,6,7,8,9,10<br>**№2 тапсырма:** 10-нан 1-ге дейін кері сана?<br>10,9,8,7,6,5,4,3,2,1.<br>**№3 тапсырма:** 0-ден 10-ға дейін тақтаға жаз.<br>**№4 тапсырма:**<br>Есеп: Анаң таңертең 5 кәмпит берді. Әкең сонша кәмпит берді. Сонда сенде қанша кәмпит болды? 5+ 5 10<br>**№5 тапсырма:** «Көкеністерді сана және өз түстерімен боя».<br>**«Сергіту сәті»**<br>Ал санайық, санайық,<br>Санын біліп лайық.<br>Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым нешеу?<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін<br>Болып шықты он саусақ.<br>**Санамақ айту**<br>1 дегенім –БІЛІМ,<br>2 дегенім – ЕЛІМ,<br>3 дегенім- ҮКІ,<br>4 дегенім-ТАҚИЯ,<br>5 дегенім- БЕСІК,<br>6 дегенім- АСЫҚ,<br>7 дегенім-ЖЕЙДЕ,<br>Көлек дейді кейде.<br>Бағалау:<br>Мадақтау.<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Ойнай отырып оқимыз** Сөздерді буынға | сендерсіңдер». Сендерге сабақ ұнады ма? Жақсы қатыстыңдар. Рахмет!<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Тәуелсіз Қазақстан О.Асқар** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Әуеннің сазын, ырғағын сезінуді, өз даусын басқара білуге баулу.<br>**Шаттық шеңбері**.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап<br>Бір шанада екеуміз,<br>Құламайды екенбіз.<br>**Ойын : «Тамаша»**<br>**Шарты :** мен сендерге қыс туралы сұрақ қоямын,сендер бас бармақтарыңды көрсетіп «тамаша» деп жауап берулерің керек.<br>-Қыс мезгілі қандай<br>-Қысқы ойындар қандай ?<br>-Қыста шыныққан қандай<br>-Жаңа жылды тойлаған қандай ?<br>-Тәуелсіздік мерекесін тойлаған қандай ?<br>**Ой қозғау.**<br>-Балалар осы тәуелсіздік дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Ия, тәуелсіздік бұл еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді.<br><br>Алдымен әнұранымызды шырқап жіберейік.<br>Енді мен сендерге Оразақын Асқардың Тәуелсіз Қазақстан өлеңін оқып беремін.<br>Мұқият тыңдап отырыңдар.<br>Тәуелсіз еркін елде біз<br>Дүниеге келгенбіз.<br>Көк ту мен елтаңбамыз,<br>Бар біздің өз теңгеміз.<br>Орындайтын бәріміз,<br>Біздің ата – анамыз<br>Жиында тұрып айтатын<br>Бар біздің әнұранымыз<br>-Өлеңде не туралы айтылған ?<br>-Біз қандай елде тұрамыз ?<br>**Сөздік жұмыс.**<br>Тәуелсіздік ,еркіндік, теңдік, егемендік, ту, елтаңба, әнұран, теңге.<br>Дұрыс айтасыңдар балалар. | дуадақ т.б.<br>2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б.<br>3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, түз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Заттар салыстыру тобын санау** Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау.<br>**Шаттық шеңбер**<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз,<br>Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>- 1 - ден 10 - ға дейін тура, кері санау.<br>**№1 тапсырма:** Суретті құрастыру Жапсырма жұмысын орындау.<br>**№2 тапсырма:**<br>1 тапсырмадағы жұмысты қатыс - тыра отырып орындау.<br>**№3 тапсырма:** машиналардағы тең келетін пирамидаларды таңдап, бояу.<br>**№4тапсырма:** Ұяшықтардағы заттарды санау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз ұқыпты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Кірлесе егер киіміміз,<br>Өзіміз жуып аламыз<br>Едендегі шаңдарды<br>Шаңсорғышпен сорамыз.<br>Біздің қолда он саусақ,<br>Барлық іске жарамды.<br>**Дидактикалық ойын:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | №4 тапсырма. «Көрші санды тап» карточкамен жұмыс<br><br><br>Өте жақсы балалар біз Айманға моншағын тізуге көмектестік. Моншақтар тізілді. Енді санайық<br>Заңдылық бойынша балалар моншақтарды санайды.<br>**Кері байланыс жасау:** смайликтер арқылы<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Қуыршаққа арналған сәнді киім** Қағазды екіге бүктеу әдісі арқылы киім пішу, жапсыру ,құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Жұмбақ шешу**<br>Бөбектердей бүлдіршін,<br>Киініп тұр бір мүсін.<br>Ол қаз басып жүрмейді,<br>Сөйлемейді,<br>күлмейді. **Жауабы**: **Қ УЫРШАҚ**<br>Қуыршақ-бұл қыз балалар ойнайтын ең көп тараған ойыншық. Қуыршақтар бала-лар ойыншығы болғандықтан пластмасса материалдан жасалады, қазіргі уақытта олардың қимылдап жүретін, сөйлейтін түрлері көп. Ұлттық қуыршақ, театрда қолданылатын, күнделікті ойын қуыршақтары.<br>Балалар, қане бойымызды<br>**Сергіту сәті**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп -кешкене балалар<br>Үлкен болып өседі.<br>- Балалар, енді ойын ойнайық.<br>**Д/О «Қуыршақты киіндіру»**<br>Балалар , енді қуыршаққа қысқы киімдерді кигізіп көрейік бас киім, кеудеше, шалбар, етік.<br>- Балалар, сендер енді өздерінің қуыршақтырыңды | Жиында тұрып айтатын<br>Бар біздің әнұранымыз<br>-Өлеңде не туралы айтылған ?<br>-Біз қандай елде тұрамыз ?<br>**Сөздік жұмыс.**<br>Тәуелсіздік ,еркіндік, теңдік, егемендік, ту, елтаңба, әнұран, теңге.<br>Дұрыс айтасыңдар балалар. Біздер Қазақстан Республикасында тұрамыз. Біздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар.Біз тәуелсіз елде тұрамыз.<br>-Сендердің армандарың бар ма ?<br>**Ой толғаныс** :<br>Менің арманым.......................-<br>16 желтоқсан қандай мейрамды тойлаймыз?<br>-Ал енді бәріміз «Балақан» әнін орындайық.<br>Балалар, бүгінгі оқу іс – әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар. Өз туған жерлеріңді сүйіп, рәміздерімізді құрмет тұтыңдар дегім келеді.<br>-Балаларды жұлдызша арқылы мадақтау<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Менің елімнің салт-дәстүрлері** Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту.<br>**(Ғажайып сәт)**<br>-Балалар қарандаршы, менің қолымда түрлі-түсті ленталар бар. Балалар бір-бірден лентаны қолдарына ұстап, жоғарыға көтереміз.<br>-Түрлі-түсті ленталардан не құрастырылды?<br>- Біз шаңырақты қайдан кездестіреміз?<br>Шаңырақ –бейбітшілік, қорғаныс және бірліктің символы, жайлы үйдің символы. Балалар мен сіздерді киіз үйдің ішіне шақырамын, жайғасып отырыңдар | бөлу,буын санын ажырата алуға жаттықтыру. **«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны**<br>**Мысалы:** б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.<br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>- Дауысты дыбыстарға қызыл текше;<br>- дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Қысқы орманда**<br>Әннің сипатын қабылдау,даусын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесін динамикасын дәл беру.<br>**Амандасу шеңбері**<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу!<br>Балалар, адамдар, жан – жануарлар қысқа қалай дайындалады?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Ауылда қысқа дайындық жұмыстары қалай жүргізіледі?<br>( Күздік бидай егіледі. Егін жиналып,қамбаға құйылады.Малға жем- шөп дайындап түсіреді).<br>--- Ал енді, қалада қысқа қандай дайындық жұмыстары жүргізіледі ? ( Қалада жылу қазандықтарын жөндейді,жеміс жидектен тосап қайнатылады, көкеністерді тұздап қысқа дайындалады ).<br>**Суретке қарап сөйлем құра.** | Біздер Қазақстан Республикасында тұрамыз. Біздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар.Біз тәуелсіз елде тұрамыз.<br>-Сендердің армандарың бар ма ?<br>**Ой толғаныс** :<br>-Балаларды жұлдызша арқылы мадақтау<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Менің елімнің салт-дәстүрлері** Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту.**Тосын сый**<br>-Балалар қарандаршы, менің қолымда түрлі-түсті ленталар бар. Балалар бір-бірден лентаны қолдарына ұстап, жоғарыға көтереміз.<br>-Түрлі-түсті ленталардан не құрастырылды?<br>- Біз шаңырақты қайдан кездестіреміз?<br>Шаңырақ –бейбітшілік, қорғаныс және бірліктің символы, жайлы үйдің символы. Балалар мен сіздерді киіз үйдің ішіне шақырамын, жайғасып отырыңдар<br><br>Балалар , мынау қандай дәстүр? Не үшін бұл ырымды жасаймыз.<br><br>**Кері байланыс жасау:** смайликтер арқылы<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Әсем қала Алматы**<br>Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.Сөздерді бір-бірімен байланыстырып,сөйлем құрау білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Ашық жарқын күніміз,<br>Болашақтың гүліміз.<br>Балабақша үйінің,<br>Жайнап тұрған гүліміз.<br>Сәлеметсіздерме балалар! | **«Салыстыр»**<br>**Шарты**: салыстыруға арналған тапсырма.<br>**Кері байланыс**<br>**Мадақтау.**<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Орманда серуендейміз**<br>Даусы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауыс келтіріп орындауға үйрету.<br>**Дауыс жаттығуы: «Қыс».**<br>**Музыка тыңдау: «Жаңа жыл»** (Қ.Шілдебаев, Е.Елубай).<br>- Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар?<br>- Енді П.И Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тағы да тыңдап, салыстырыңдар. Қандай ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіңдер?<br>- «Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?<br>- Балалар, қыста суық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады?<br>- Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі, екі рет «о» дыбысына түседі.<br>Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуға тырысайық.<br>**Ән үйрену: «Ақша қар»**(Е.Өміров, Қ.Жәленова) әнін айтып үйренуді ұсынады. Әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.<br>**Аспапта ойнау: «Полька»**(А.Филиппенко). Ұрмалы аспаптарда ойнауды қайталау, жалғастыру.<br>**Би: «Ұлпаңарлар» вальсіне**(П.И. Чайковский) қыздарды вальс ырғағымен ұлпалар ырғағына үйретеді.<br>- Қандай композитордың шығармасын тыңдадық?<br>- Қандай әндер айттыңдар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киіндіресіңдер.<br>Ұл балаларға ұл баланың суреті қыздарға қыз баланың суреті үлестіріледі.<br>Әр баладан кигізген киімдері мен түстерін сұрау.<br>- Айшырын, қуыршағының аты кім?<br>- Күртешесінің түсі қандай?<br>- Шалбарының түсі қандай?<br>- Аяқ киімнің түсі қандай?<br>- Бас киімінің түсі қандай? Т.б<br>Балалардан бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерін, көңіл- күйлерін, немен айналысқандарын, сұрау.<br>Жасаған жұмыстарына кері байланыс жасау , мадақтау | <br><br>Балалар , мынау қандай дәстүр? Не үшін бұл ырымды жасаймыз.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш ойыны** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,мақал-мәтел,жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. келген бір заттың шешуін табу. Бір зат жасырын түрде тұрады. Оның жауабы болады.<br>Мақал деген ол – кез келген сөзді айту үшін мақалдап айтады. Жаңылтпаш ол - жылдамдатылып айтылады.<br>Енді жұмбақ шешіп көрейік<br>**Жұмбақ:**<br>Бірі – ыдысқа керек,<br>Бірі – жүріске керек.<br>(Аяқ)<br>Ұрмай-соқпай жылатады,<br>Әркім бірақ ұнатады.<br>(Пияз)<br>Өзі ащы, Бірақ,<br>Дәмді етер асты (Тұз)<br>Қабат-қабат қаттама,<br>Ақылың болса, аттама<br>(Кітап)<br>**Кері байлаыс.** | <br>**Әр жыл мезгіліне тән іс – әрекеттерді байланыстырып сыз.**<br><br>Кері байланыс жасау. | **С.Оспанов өлеңін оқып түсіндіру.**<br>**Жап – жасыл ағашы,**<br>(ағаш-таза ауа, көлеңке)<br>**Қып – қызыл алмасы.**<br>(Алма-жеміс дәрумен)<br>**Ақ басты тауы бар,**<br>(Тау демалыс шынығу)<br>**Алматы қаласы.**<br>(Алматы үлкен, көркем, әсем)<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>**(Бейнебаян ютуб желісінен)**<br>**Ойын: Кім жылдам?**<br>**Ойын шарты:** Сөзден сөйлем құрау. Мен бастаймын сендер жалғастырасыңдар.<br>**1.Қаламыз… гүлдене берсін**<br>**2.Еліміз…………аман болсын**<br>**3.Күніміз……… жақсы өтсін**<br>**4.Деніміз…………сау болсын**<br>**5.Күніміз………ашық болсын**<br>**6.Тыныштық…заман болсын**<br>**7.Ауамыз………..таза болсын**<br>**8.Суымыз………мөлдір босын**<br>**9.Аман……… ..сау болайық**<br>**10.Досымыз… .көп болсын**<br>**11.Қаламыз ….көркейе берсін**<br>**Кері байланыс**<br>**Мадақтау.** | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Қар үстіндегі іздерді бақылау<br>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br>Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.<br>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br>Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін** | Бақдәулет және Бекболатпен жұмыс **Шығармашылық тапсырма пазл құрастыру**<br>**Мақсаты:** саусақ моторикасын, ойлауын , | Айсәуле мен Айшырын жұмыс **«Менің отаным» тақпақ айтқызу**<br>**Мақсаты:** тақпақты қайталап айту арқылы сөздік | Мадина мен Алтын жұмыс **Әр суреттің көлеңкесін тап .**<br>**Мақсаты**: саусақ моторикасын, ойлауын дамыту. | Айарумен жұмыс<br>**Шығармашылық тапсырма пазл құрастыру**<br>**Мақсаты:** саусақ моторикасын, ойлауын , тілін дамыту. | Әминамен жұмыс **Санамақ айту**<br>**Мақсаты:** санамақты айту арқылы санауға және сөйлеуге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **баламен жұмыс.** | тілін дамыту.<br> | қорын, тілін дамыту.<br>Отан<br>Отаным менің Қазақстан<br>Атыңнан сенің айналам<br>Бас иіп саған өтемін<br>Жасай бер жаса Қазақстан. |  |  | 1 дегенім –БІЛІМ,<br>2 дегенім – ЕЛІМ,<br>3 дегенім- ҮКІ,<br>4 дегенім-ТАҚИЯ,<br>5 дегенім- БЕСІК,<br>6 дегенім- АСЫҚ,<br>7 дегенім-ЖЕЙДЕ,<br>Көлек дейді кейде. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың көңіл – күйі туралы сұрау | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата аналармен алдағы жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу. | Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** «Кең ауылының негізгі орта мектебі»КММ
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18 – 22.12. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:**<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Өз жұбыңды тап!»** ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Мақсаты:** бүлдіршіндердің бір- біріне қамқор болуға, достық қарым- қатынасқа адал болуға тәрбиелеу. | **«Менің Отаным!» өлең жаттау.**<br>**Мақсаты:** балалардың бойына патриоттық қабілетті дарыту, Отанын құрметтеуге шақыру. | **«Толағай»** қазақ халқының балалрға арналған ертегі-лерінен бейнеролик көрсету.<br>**Мақсаты:** қазақ елінің жерін халқы үшін қорғаған батырлар туралы ұғым бере кету. | **Ересектермен бірлескен әрекет «Анамызға көмектесеміз!»**<br>**Мақсаты:** үлкенді сыйлау, көмек беру, құрмет көрсету секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту. | **«Құтқару қызметі»** ойын – жаттығу. Қимылдық белсенділігін арттыру.<br>**Мақсаты:** дене жаттығуларын жасату. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Ойыншықтар»**<br>Ойыншықтар қандай әдемі,<br>Қызыл, сары, қоңір, көк.<br>Түрлі-түрлі түстері,<br>Көз тартады өздері.<br>Іші толған бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын,<br>Достарыммен ойнаймын | **Дидактикалық ойын**<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. | **Ойыншығым**<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын. | **Санамақ**<br>Бақшағажақсыаға, Көп-көп ойыншық әкелді.<br>Бір балық, бір аю,<br>Бір үйрек. Бір түлкі,<br>Бір бүркіт,<br>Шатасып қалма біракта,<br>Бақш аға жақсы аға,<br>Қанша ойыншық әкелді | **Әңгімелесу**<br>«Менің сүйікті ойыншық-тарым»<br>**Мақсаты**:Балалар дынсөздіккорыной ыншықтардыңатау ларыменбайыту. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті: Шаңғымен жүру**<br>Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту.<br>Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту.<br>Оқушыларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Кезекшінің баяндамасы. Оқушыларды түгендеу. Жүру бағытында орындалатын жаттығулар.<br>Шаңғы жүрістерінің техникасын жетілдіру.<br>Жүрістің түрлері.<br>Бір мезгілде бір адымды жүріс. Бір мезгілде екі адымды жүріс. Алма - кезек жүріс. Бір мезгілде төрт адымды жүріс.<br>Конькише жүріс. Алма- кезек екі адымды жүріс, бір | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Қыс** М, Н дыбыстарын салыстыру.<br>Кейбір дауыысыз дыбыстардың айтылындағы ұқсастықтар айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.<br>**Нейрожаттығу**<br><br>**Шаттық шеңбері**<br>Шаңғы теуіп аппақ қарда<br>Жорыққа біз шығамыз<br>Ну орманға асқар тауға<br>Биікке алыс шығамыз.<br>Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды?<br>**Суретпен әңгіме:** Мына | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті : Біздің айналамыздағы әлем** Еркін бағытта фитболдарды домалатуға жаттықтыру.<br>Қимыл қозғалыс қабілеттерін дамыту. ( Топ ішінде ұйымдастыру).<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Армысың, асыл Күн!<br>Армысың, ашық Күн!<br>Армысың, достарым!<br>Сендерді көргенде қуанамын!<br>Балалар қандай дыбыстарды естідіңдер: (құстың сайрағаны, желдің жаңбырдың дыбысы)<br>Бұл — табиғат дыбыстары.<br>Ал, табиғатқа нелер жатады?<br>Қанекей айналамызға қарайықшы,нелерді көріп тұрмыз? (күн, бұлт, тау, су, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Қыс** М, Н дыбыстарын салыстыру. Кейбір дауыысыз дыбыстардың айтылындағы ұқсастықтар айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қазір жылдың қай мезгілі? Ауа райы қандай?<br>– Дұрыс, қазір қыс мезгілі. Қыста ауа райы суық болады. Қар жауады. Балалар қармен ойнайды. Енді мен сендерге осы қыс мезгілі туралы өлең оқып берейін, сендер мұқият тыңдап отырыңдар.<br>Аяз қысып, өрнек сызып,<br>Терезеңді торлайды.<br>Қарға омбығып, бет домбығып,<br>Сырғанап жастар ойнайды.<br>Бөбектерім айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>( Ш. Ахметов) | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті: Африкаға саяхат**<br>Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру.<br>Балалар музыка әуенімен залға кіреді, сап түзейді. Африкаға саяхатқа шығу ұсынылады.Сап тізбекте сап түзеу, оңға бұрылу. Бір – бірден залды айнала жүреді(Чунга- чанга әуенімен) ,пойыз қимылын сала жүреді. Жүгіру, қолдарымен пойыздың жүруін сала қимылдау.<br>Баяу жүру, тыныс алу жаттығуын орындау (3 рет), дабылға тоқтау. Міне, Африкаға да келіп жеттік. Айналаға қарандаршы қандай тамаша! Балалар, Африкада ағашты «лиана» атты ұзын оралып өсетін өсімдік бар. Маймылдар лиана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілдегі екі адымды жүріс тәсілдерінде тұрақты дағдыларды орнықтыруға бағытталған арнайы дене жаттығуларын жасау.<br>«Сырғанау адымымен», «шырша» тәсілдерімен беткей, қырға көтерілу, жоғарғы және төменгі тұрыста қырдан түсу әдістерімен таныстыру.<br>Шаңғымен бұрылу: «аттап басып», «соқамен», «тіреліп», шаңғымен жүгіру тактикасының элементтері: жүрістен жүріске ауысу, серігін басып озуды үйрету.<br>Екі шақырым қашықтықты адымдай сырғанап, шаңғы жолының соңында аяқты кезек көтере сырғанай отырып, адымдап бұрылу.<br>**Қ.ойын: «Балапандар мен мысық»**<br>Бастапқы қозғалыс: Жай жүріс, жүгіру.<br>Ойынға түсініктеме:<br>Балалар тәрбиешімен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш үстінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: Мяу! деп балаларды қуа жөнеледі.<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Дыбыстық талдау**<br>Дыбысты талдау жасау арқылы дауысты,дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру<br>«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы<br>–Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендералақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар**.** Мысалы: - | суретке қарап әңгіме құрайық.<br>Ия, дұрыс айтасыңдар.<br>Сендердің ойларыңды қорыта келе, бұл суреттің тақырыбын «Қыс» десек қайтеді, келісесіңдер ме?<br>**«Айырмашылығын тап!» дидактикалық ойыны:**<br>Ойын шарты: екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап аққалалардың айырмашылығын табу керек<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуын К.Нүсіпбековтің «Суретші қыс» өлеңімен жасату<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға.<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазартып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Д/ойын: «Қыс мезгілінің ерекшеліктерін тап»**<br>Ойын шарты: Менің қолымда ғажайып қалташа бар оның ішінде жыл мезгілдерінің суреті бар сендер оның ішінен тақтаға тек қана қыс мезгілінің суретін тауып ілу керексіңдер. Балалар ойын шарты бойынша орындайды.<br>Оқу іс – әрекетін қорытындылау. Балаларды марапаттау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Тәуелсіздігіміз мәңгілік Ә.Дәулеткелді**<br>Сюжеттік біріздiлікті сақтап,көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.<br>**Шаттық шеңбері**<br>- Менің Отаным өте сұлу!<br>- Менің Отаным өте бай!<br>- Менің Отаным әдемі!<br>- Мен Отанымды, рәміздерімді мақтан етемін!<br>Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін | өзен ) Күн не береді?<br>Күн бізге жылу ,жарық,сауле береді. Бұлт болса жаңбыр жауады, қар жауады.<br>Енді балалар бақылап көрейік. Мұнда екі ыдыста су құйылған.Біреуінің ішінде нелер жатыр? (тастар) Ал екіншісінің ішінде не бар ?(Балық)Қарайықшы тастар суға батып , қозғалмай жатыр.Балық жыбырлап, қозғалып жатыр. Тастар қоректенбейді , қозғалмайды – өлі табиғатқа жатады.<br>Енді балалар тірі табиғат және өлі табиғат түрлерін ажыратып ойын ойнап жіберейік.<br>**Дид ойын: « Ажырата біл »**<br>Жануарлардың дыбысы.<br>Біз нелердің даусын естіп тұрмыз?(жануарлардың)<br>Жануарлардың да өте көп, олар бірнеше түрлерге бөлінеді.Мына суреттерге қарайық. Қане балалар өсімдіктер мен жәндіктерді ажыратып ойын ойнап жіберейік<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Заттың бірнеше тең бөліктері** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету,осы бөліктерді атауға бүтін мен бөліктерді салыстыру.<br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс<br>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді<br><br>**Сауат ашу** | № 18 демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>– Балалар, жылдың қай мезгілі суреттелген?<br>– Далада не жауып тұр?<br>– Балалардың киімдері қандай?<br>Балаларға өз ойларын айтуға мүмкіндік береді.<br>Қыста балалар немен сырғанайды?<br><br>– Суретте балалар шанамен сырғанақ теуіп жүр. Балалар көңілді ме?<br>– Не үшін көңілді?<br>Айгүл не істеп тұр?<br>– Аққала қандай? Аққала – қардан соғылған домалақ қыс кейіпкері.<br>Иә, балалар қысқы серуенді өте көңілді өткізіп жатыр.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>**Шарты:** аққала мен шыршаны жабыстыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>(Орынындарында тұрып жүгіреді).<br>**Д.ойын. «Қыста не болады?»**<br>Шеңбер құрып тұрады. Допты бір-біріне лақтырып бере отырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтады.Тәрбиеші көмек беріп тұрады.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Тәуелсіздігіміз мәңгілік Ә.Дәулеткелді**<br>Сюжеттік біріздiлікті сақтап,көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз, | өсімдігімен тербеліп ойнағанды жақсы көреді. Бізде осы өрілген жіптермен жаттығуларды орындайық.<br>Ағаштан ағашқа секіреді<br>Тәтті банан ұнатады<br>Адамдарды мазақтап<br>Көңілді көтереді. (маймыл)<br>ЖДЖ: «Өрілген жіптермен»<br>**Қ/ ойын: «Епті маймылдар»**<br>**Ойын шарты:** Маймылдар алаңда ойнап жүреді. Алаңның ортасында аңшылар тор құрып тұрады. Дабыл соғылғанда «маймылдар» екінші жағаға тез секіріп өтулері керек. Торды көтеріп түсіргенде «маймылдар» шапшаң секіріп өтулері керек.<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Дыбыстық талдау**<br>Балалардың дауыст және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.<br>«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны<br>–Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасыңдар.<br>–Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.<br>–Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br>–Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.<br>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Заттың бірнеше тең бөліктері** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету,осы бөліктерді атауға бүтін мен бөліктерді салыстыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» ,- «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».<br>–Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар?<br>–Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өсесің, ал көзің тамаша көреді.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Заттар салыстыру тобын санау** Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау.<br>**Практикалық жұмыс** жүргізеді<br>Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.<br>-Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек)<br>Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.<br>-Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br>-Неше бөлік шықты? (екі)<br>-Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.<br>Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі.<br>Педагог жасыл дөңгелекті алады.<br>Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)<br>–Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады. | білдіреді.<br>Бүгін біз өзіміздің туған жеріміз – Отанымыз туралы әңгімелесеміз.<br>- Балалар біз қандай мемлекеттке тұрамыз?<br>Әрине Қазақстан Республикасында тұрамыз.<br>Қазақстан Республикасының астанасы қандай?<br>- Біздің ұлтымыз қандай?<br>- Біз қай тілде сөйлейміз?<br>- Ал. Сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме?<br>**Сергіту сәті:**<br>«Қара жорға»<br>**Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті қалам».**<br>**Ойынның шарты:** балалар дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы «Сүйікті қаланды ата!» деп, допты бір балаға лақтырады. Бала жауабын айтып, келесі балаға лақтырады. Келесі бала ойынды одан әрі жалғастырады.<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>- Ту, елтаңба, әнұран<br>- Менің сүйікті қалам – Астана!<br>- Менің сүйікті қалам – Алматы!<br>- Менің сүйікті қалам – Ақтөбе!<br>**Бекіту:** Қазақстан Республикасының бас қаласы қалай аталады?<br>- Қазақстан Республикасының рәміздері не жатады?<br>- Балалар, Қазақстан қазба байлықтарға өте бай.<br>Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуіміз керек.<br>Балалар толық жауап береді<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Жайлау.Киіз үйдің құрал жабдықтары**<br>Балаларға жайлау,киіз үйдің құрылысы және оның ішікі жиһаздары туралы мәлімет | **Міндеті: Дыбыстық талдау**<br>Балалардың дауыст және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы<br>Балалар мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар.<br>Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сүл...гі, жапа...лақ, отба...сы, жануар...лар, найза...ғай, сөм...ке, сыбыз...ғы, отша...шу, су...рет, жеміс...тер, жалау...ша, құмырс...қа т.б.<br>Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Орманда серуендейміз** Даусы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауыс келтіріп орындауға үйрету.<br>П.И. Чайковскийдің «Қаңтар»шығармасымен таныстырады, тыңдатады.<br>- Балалар, айтыңдаршы, ненің дыбысы шығып жатыр? (Аязата мұздармен ойнайды, ұлпалар ұшады, қыраулар қатады).<br>Балаларды тұрғызып, тынысжаттығуына шақырады.<br>Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алып, тыныс шығарамыз.<br>Дауыс жаттығуы: «Қыс».<br>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев, Е.Елубай).<br>- Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар?<br>- Енді П.И Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тағы да тыңдап, салыстырыңдар. | Біз бақытты баламыз.<br>Қазақтан Республикасының әнұраны орындалады.<br>Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз Отан жайлы болмақ.<br>- «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Әр адамның өз Отаны болады.<br>- Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз.<br>- Отан біздің атамекеніміз.<br>- Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта.<br>- Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі.<br>- Біздің Отанымыз- Қазақстан!<br>Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз.<br>Отан деген - атамекен,<br>Отан деген- туған жер.<br>Отан – ана, Отан – үлкен<br>Қазақстан – туған ел!<br>Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір секіріп алайық,<br>Секіріп-секіріп алайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Д/О: «Қай мезгіл?»**<br>**Мақсаты**: жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атау, әңгімелеу.<br>**Кері байланыс**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Жайлау.Киіз үйдің құрал жабдықтары** . Балаларға жайлау,киіз үйдің құрылысы және оның ішікі жиһаздары туралы мәлімет беру.<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз.<br>Қонақтарды көргенде<br>Сәлеметсіздер ме!- деп<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>- Жарайсыңдар балалар. Бәріміз орнымызға отырайық.<br>Балалар күн жылынып көктем шыққанда малдар қайда шығады?<br>- Далаға, өріске, жайлауға шығады. | Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс<br>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Қысқы әуен сыңғырлайды** Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту,жылдамдық пенептілікті білдіру.<br>**«Сәлемдесу жаттығуын»**айтады.<br>- «Марш» және «Полька» ырғақтарын есімізге түсірейік, - деп, шығармаларды тыңдатады, ауыстырады. Балалардың өз еркімен музыканы тыңдап, ажыратуына, билсуіне ерік береді. А.Вивальдидің «Қыс» коицертін үнтаспада тыңдатады.<br>-Балалар, шығарманы сипаттап беріңдер, - деп ұсыныс айтады.<br>**Дауыс жаттығуы:**<br>**«Қыс»**жаттығуын айтып даусымызды жаттықтырайық.<br>**Үлестірмелі дидактикалық ойын:**<br>**«Теңіз»** («Дидактикалық ойындар» жинағынан).<br>Түсінбеген балаларға тағы да екі-үш мәрте қайталау керек.<br>**Ән үйрену: «Қыс қызығы»** әнін орындап береді, үйретеді. Қыста қызыщ ойнаймыз, Суықтан біз қорықпаймыз. Аязда біз тоңбаймыз, Қыс қызығын тойлаймыз! Екі, үш мәрте айтып жаттығады.<br>Шыркөбелек айналып,<br>Би билейік ырғалып, -деп ұлдарға **«Аққалалар»** жеңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br>Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады.<br>–Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр.<br>Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді.<br>Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.<br>-Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең)<br>-Қанша бөлік шықты? (үш)<br>–Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.<br>Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)<br>Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Менің сүйікті ойыншығым** Өздерінің ойлауы бойынша жапсыру ,құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Балалармен амандасу.**<br>Қуан шаттан алақай!<br>Қуанатын күн келді<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Жарайсыңдар, балалар.<br>мен сендерге бүгін жұмбақ жасырғым келіп тұр. Мұқият тыңдайық.<br>Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді.<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді<br>білмейді ***(қуыршақ)***<br>*Суға салсаң батпайды,*<br>*Түскен жерге жатпайды.* ***( доп)***<br>Жарайсындар балалар!<br>Балалар бұл жұмбақтар не туралы айтылған?<br>Олай болса балалар мен | беру.<br>Үдің құрал жабдықтары<br>Балалар, мен бүгін<br>атадан хат<br>алдым, ата жайлауға кетейін деп жатыр екен енді<br>сол жайлауға төрт түлік малдарды апаруға көмектесе сіндер ме? - дейді.<br>-Балалар,<br>атаға болысуға барамыз ба?<br>-Қандай төрт түлік мал білесіңдер, ал оны анықтау үшін мен<br>сендерге жұмбақ жасырайын.<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Кішкентай ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар. /Қой/.<br>Қайырып басын тастаған,<br>Қайқайып қойды бастаған. /Ешкі/.<br>Жақсы, ендеше екі орталыққа бөлінейік: I топ шығармашылық орталығына барады да атаға шапан әшекелейді, бояйды , II топ дамыту орталығына барады да атаға жайлауға көшуге болысады.<br>**Дидактикалық ойын «Киіз үй»**<br>-Атаға екі-үш бөлшектерден, түстеріне қарап, киіз үйді жасап берейік (әр балаға таратылған қима қағаздар)<br>**Дидактикалық ойын « Жануарларды сана»**<br>**Жолақшалармен жұмыс**<br>«Олардың бірдей екенін көру үшін не істеу керек?»<br>Бір баланы ортаға шақырады да,<br>-жолақшаның үстіңгі жолына ешкілерді қойыңдар.<br>-ал төменгі<br>жолға сонша лақтарды қойыңдар<br>(лақтарды ешкінің астына дәл ме дәл қоюын талап етеді)<br>**Сергіту сәті:**<br>Дөңгелене тұрайық,<br>киіз үйді құрайық,<br>кереге болып керіліп,<br>Уықтар боп иіліп, | Қандай ерекшеліктері бар?<br>Қандай дыбыстарды естисіңдер?<br>- «Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?<br>- Балалар, қыста суық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады?<br>- Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі, екі рет «о» дыбысына түседі | - Көктем шығысымен малдарды жайлауға бағады. Олар жайлауға киіз үй тігеді. Киіз үйдің құрылысына кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық жатады.<br>- Ал, балалар үй жануарларын маған кім атап береді?<br>- Түйе, жылқы, қой, сиыр, ешкі т. б.<br>- Балалар, бізге жайлаудан төрт түлік малдың бірі түйе келіп тұр екен. Бізге әкелген көптеген тапсырмалары бар екен.<br>**1 - тапсырма:** Суретке қарап әңгіме құрау, ат қою.(Жайлауда)<br>**2 - тапсырма:** Жұмбақ шешу.<br>1. Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар (Қой)<br>2. Үстінде екі тауы бар<br>Кезікті бір жануар (Түйе)<br>3. Өзі сұлу, өзі жүйрік<br>Жарысады желменен (Жылқы)<br>4. Басында екі таяғы бар,<br>Төрт аяғы бар,<br>Бірақ сақалы тағы бар (Ешкі)<br>**3 - тапсырма: Сергіту сәті:**<br>Көтеріліп шаңырақ<br>Керегелер керіліп<br>Өрімдей боп өріліп,<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрініп.<br>**4 - тапсырма:** "Төлдерін тап" ойыны<br>Бір қонып, бір қашып.<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Қолғап ертегісі** Сөз тіркестерін сөйлемдер құрауға сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету.<br>Сәлеметсіңдер ме балалар.Қане бәріміз қонақтарымызбен аманд асып алайық.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Қайырлы таң,қайырлы таң,<br>Ашық аспан кең далам,<br>Қайырлы таң,қайырлы таң,<br>Жаны жайсаң жақсы адам.<br>Қайырлы таң досым,менің,<br>Қасымда жүрсең қуанам.<br>Балалар сендер саяхатқа | ырғақты биін үйретеді. Қыздар **«Ұлпақарлар»**биін қайталайды («Билеп үйренейік» жинағынан). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сендермен бүгін ойын<br>ойнағым келіп отыр.<br>Балалар бүгін біз топтағы<br>ойыншықтарды ортақ қасиеті<br>бойынша топқа біріктіріп<br>себетке топтастырып<br>жинайық.<br>Жарайсыңдар балалар!<br>**Дидактикалық**<br>**ойын:**Ойыншықтар қандай<br>пішіндерге ұқсайды?<br>Балалар сопақша пішінге тағы<br>қандай заттар ұқсайды екен.<br>**Сергіту сәті:**<br>Аяқпенен топ-топ-топ<br>Алақанмен хлоп-хлоп-хлоп<br>Бір оңға,бір солға<br>Айналайық кел мұнда!<br>Қолымызыды бір сілтеп<br>Басымызды шайқайық<br>Бір оңға,бір солға<br>Ойнайықшы кел мұнда!<br>Тамаша<br>балалар сендермен келесі<br>қызықты « ойна<br>да,ойлан» ойының ойнайық.<br>**«Ойна да, ойлан»**<br>Бұл тапсырманы<br>бусоград көмегімен<br>орындаймыз.<br>Тамаша балалар енді мен<br>сендерді шығармашылық<br>орталығына шақырамын.<br>Біз бүгін сүйікті<br>ойыншығымыз қонжықты<br>жапсырамыз. Жұмысымызды<br>бастамас бұрын саусақ<br>жаттығуын жасап алайық.<br>Енді бәріміз алдымыздағы<br>құралдарды қарап<br>шығайықшы. Олармен жұмыс<br>істеу ережелерін есімізге<br>түсіріп алайық. Қайшының<br>ұстайтын жағынан ғана ұстау<br>қажет. Желімді түбінен бұрау<br>арқылы шығарып, жұмыс<br>соңында ішіне кіргізу керек.<br>Ал енді трафаретті картонға<br>қойып, жануардың сұлбасын<br>бастырып қиып аламыз.<br>Жіптерді ұсақтап кесеміз.<br>Ұсақтап кесілген жіп әдемі<br>көрінеді. Картон негізіне<br>желім жағып,бірінші тұмсық<br>жағын ақ жіппен,аузын қара<br>жіппен жасап аламыз,одан | Киіз үйді құрайық<br>**Дидактикалық**<br>**ойын: «Жайлауда»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>- Әтеш тұрып әндетеді,<br>мысықтар беттерін жуады,<br>балалар ойянады,<br>ол қай уақытта болады?<br>-Аспанда жұлдыздар жанады,<br>Құстар ұйықтап,<br>балалар ұйықтап жатады?<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Қыс қызығы** Қыс<br>мезгілінің еркешеліктерін<br>қазақша айтуға үйрету,<br>тақпақ,жаңылтпаш жаттауға<br>және диалогке қатысуға<br>үйрету<br>**Амандасу шеңбері**<br>Күннің өзі ашылды,<br>Көкке шуақ шашылды,<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің ісі ғой,<br>Ал,қанекей,бәріміз<br>«Сәлем» дейік әркімге!<br>Балалар, адамдар, жан –<br>жануарлар қысқа қалай<br>дайындалады?<br>Балалардың жауаптары<br>тыңдалады.<br>Ауылда қысқа дайындық<br>жұмыстары қалай<br>жүргізіледі? ( Күздік бидай<br>егіледі. Егін<br>жиналып,қамбаға<br>құйылады.Малға жем- шөп<br>дайындап түсіреді).<br>--- Ал енді, қалада<br>қысқа қандай дайындық<br>жұмыстары жүргізіледі ? (<br>Қалада жылу қазандықтарын<br>жөндейді,жеміс жидектен<br>тосап қайнатылады,<br>көкеністерді тұздап қысқа<br>дайындалады ).<br>**Сәйкестендір**<br>Суреттітерді бір – бірімен<br>байланыстырып сызады<br><br>**Қыс мезгіліне тән іс** | | шыққанды ұнатасыңдар ма?<br>Ал,саяхатқа немен шығуға<br>болады.<br>-Біз бүгін ерекше саяхатқа,ерекше<br>көлікпен барамыз.Бұл көлік<br>«ұшатын кілемше»деп аталады.<br>(музыка әуенімен әуеде ұшамыз).<br>-Мінекей,біз ертегілер еліне<br>саяхатқа келдік.Қараңдаршы<br>бірақ алдымызда есік<br>құлыптаулы ғой.Мұнда бір қағаз<br>тұр.Кәне,ашып оқиық.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>(музыка әуенімен сахна<br>ашылады.сахнаның артында түлкі<br>бауырсақты жемекші болады.)<br>Түлкі: -Бауырсақ,бауырсақ мен<br>сені жеймін.<br>-Балалар бұл қандай ертегі<br>кейіпкерлері?<br>-Бауырсаққа көмектесеміз бе?<br>Түлкі:-Олай болса менің<br>тапсырмамды орындап беріңдер.<br>**Тапсырма №1**<br>**«Атауларын ата»**<br>-Жарайсыңдар балалар біз<br>бауысаққа көмектестік.Тағы<br>қандай ертегілер білесіңдер?<br>(слайдпен жұмыс)<br>-Ал,бүгін мен сендерге жаңа<br>ертегі оқып беремін.Тыңдаймыз<br>ба?Ертегінің аты «Қолғап»<br>Ертегі мазмұнын айтып беру.<br>Олай,болса біз атаға арнап түрлі-<br>түсті қолғаптар жасап берейік.<br>**«Қолғапты безендіру»**<br>**(желіммен жұмыс)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейін қалған бөліктеріне жіп қалдықтарын жабыстырамыз. Көздерін қара моншақтардан жапсырамыз. Біздің сүйікті ойыншығымыз дайын. Жұмысымызды аяқтаған соң, жұмыс орнымызды жинақтаймыз | **әрекетті қоршап сыз.** Суреттердің ішінен қыс мезгіліне тән суреттерді тауып қоршап сызады.  Кері байланыс жасау. | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Қар жауып тұрған құбылысты бақылау<br>Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>Тақпақ : Есік алды тайғанақ жата берсін.<br>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,<br>Шыға беріп жалтақтай,<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар»<br>Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br>Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылк әңгіме құрастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| | **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Айсәулемен жұмыс **Қайтала**<br>**Мақсаты:** суреттегі атаулардың тәрбиешінің айтуымен қайталап айту арқылы тілін дамыту.  | Бақдәулетпен жұмыс **Ұсақ қол моторикасына арналған ойын**<br>**Мақсаты**: суреттерге қыстырғыштардву қыстыру арқылы ойлауын, тілі, сөздік қорын, моторикасын дамыту.  | Айарумен жұмыс жұмыс **Пішіндерді ата**<br>**Мақсаты**: пішіндерді үйрету, түстерді ажыратуға үйрету, тілін дамыту.  | Мадинамен жұмыс **Артық затты тап, қоршап сыз.**<br>**Мақсаты**:суреттен артық затты табу, ойлауын, сөздік қорын, тілін, моторикасын дамыту.  | Бекболатпен жұмыс **Шығармашылық тапсырма пазл құрастыру не немен коректенеді**<br>**Мақсаты:** саусақ моторикасын, ойлауын , тілін дамыту.  |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың тақпақтары туралы сұрау. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата аналармен алдағы жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу | Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу. | Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы : «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ**
**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы
**Жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 25 – 29.12. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | |
| **Балалардың әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Өз жұбыңды тап!»** ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Мақсаты:** бүлдіршіндердің бір- біріне қамқор болуға, достық қарым- қатынасқа адал болуға тәрбиелеу. | **«Менің Отаным!» өлең жаттау.** **Мақсаты:** балалардың бойына патриоттық қабілетті дарыту, Отанын құрметтеуге шақыру. | **«Толағай»** қазақ халқының балалрға арналған ертегі-лерінен бейнеролик көрсету. **Мақсаты:** қазақ елінің жерін халқы үшін қорғаған батырлар туралы ұғым бере кету. | **Ересектермен бірлескен әрекет «Анамызға көмектесеміз!»** **Мақсаты:** үлкенді сыйлау, көмек беру, құрмет көрсету секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту. | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Ойыншықтар»**<br>Ойыншықтар қандай әдемі,<br>Қызыл, сары, қоңір, көк.<br>Түрлі-түрлі түстері,<br>Көз тартады өздері.<br>Іші толған бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын,<br>Достарыммен ойнаймын | **Дидактикалық ойын**<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. | **Ойыншығым**<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын. | **Санамақ**<br>Бақшағажақсыаға, Көп-көп ойыншық әкелді.<br>Бір балық, бір аю,<br>Бір үйрек. Бір түлкі,<br>Бір бүркіт,<br>Шатасып қалма біракта,<br>Бақш аға жақсы аға,<br>Қанша ойыншық әкелді | |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті: Құрлықтар бойынша саяхат** Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру: шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту.<br>«Жоғары төмен» Б.қ: аяқ сәл ашық. Қолда қамшы жоғары-төмен көтереміз.1-2, 3-4 4рет<br>2. «Бұрылыс»Б.қ : аяқ сәл ашық, Қолға қамшы желкеде тұрады 1-2 оңға қарай иілеміз. 3-4 солға қарай иілеміз. 4рет<br>3. «Отырып тұру» Б.қ:аяқ иық | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Ажарлы қыс** Сөз, сөйлем деген не екенін түсіндіру. Ажарлы қыс суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Жұмбақ шешу:**<br>Көзіңе көрінбейді,<br>Тоңдырып қызартады.<br>Күні - түні ерінбейді,<br>Өзенге мұз артады. (Аяз)<br>- Балалар аяз жылдың қай мезгілінде болады?<br>- Қыс мезгілінде болады.<br>- Қыс мезгілі қандай болады?<br>- Салқын болады, беті - қолымыз тоңады. Қар жауады, боран болады. | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті: Командалық эстафеталар** Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушылықты қалыптастыру.<br>Сапқа тұрғызу. Амандасу<br>***Жаттығулар орындау.*** Бір саптан үш сап құрау; ара қашықтықты сақтау; сап жартылай солға, - бастапқы қалып, сол аяқты қозғау бір қалыпта, басты оңға солға 4 рет қозғалту, қол иығымызда 1-2 алға, 3-4 артқа қозғалту, қолымыз кеудемізде 1-2, 3-4 қозғалту; оң қол жоғары да сол | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Ажарлы қыс** Сөз, сөйлем деген не екенін түсіндіру. Ажарлы қыс суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Жұмбақ шешу:**<br>Қолы менен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады көп.<br>(Аяз)<br>-Балалар, аяз жылдың қай мезгілінде болады?<br>— Қыс мезгілінде болады. Қыс айларын білесіңдер ме?<br>— Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?<br>— Қыста біздер қалай киінеміз?<br>— Қандай қысқы ойындарды білеміз? | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көлемінде,қамышыны алға созып отырып тұру,б..қ келу. 4рет<br>4. «Иілу» Б.қ:отыру,аяқ алшақ қойылған,қамшыны жоғары көтеріп аяқтың ұшына тигізу,б.қ келу. 4рет<br>5. «Велосипед» Б.қ:шалқадан жату, камшыны жоғары көтеріп,аяғын қимылдатып, велосипед тебу. 4рет<br>6. «Секіру»- Б.қ: аяқ сәл ашық.Қолда қамшы. Қамшы ұстаған қолын жоғары көтеріп, бір орында секіру. 4рет<br>**Тыныс алу жаттығуы: Мұрнымен дем жинап, аузымен пффф деп шығару.**<br>**Қ. ойын: «Ормандағы аю»**<br>**Ойын шарты**: Аланның бір жағында аю інінде ұйықтап жатады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Бастаушы: «Балалар, қарандаршы, айнала толған ұлпақар. Аюды оятып алмай қар жинайықшы!» деген кезде, балалар үйден шығып, орманға қарай барып, ұлпақарларды жинайды. Балалардың ойнап жүргенін естіген аю ұйқысынан оянып, балаларды қуа бастайды. Балалар аюдан қашып, ұлпақарларды үйлеріне апаруы керек. Қорытынды<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Дыбыстық талдау**<br>Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>Кәне, балалар жарты шеңбер жасап тұрайық!<br>- Балалар, осы аптада біз не туралы айтып жатырмыз?<br>- Қысқа тән құбылыстарды айтыңдаршы!<br>-- Қыста күн суық болады. Қар жауады.<br>- Жарайсыңдар, ендеше бір - бірімізге жылы лебіздер білдіріп, жүрекшені берейік.<br>- Балалар. Сен үлкен ер - азамат болып өсіңдер.<br>- Жарайсыңдар, орнымызға | - Қыста біздер қалай киінеміз?<br>- Жылы киімдерімізді киеміз.<br>- Қандай қысқы ойындарды білеміз?<br>- Аққала соғамыз, шанамен сырғанаймыз, шаңғы, коньки тебеміз. Хоккей ойнаймыз.<br>**Сурет бойынша әңгіме құрастыру.**<br><br>**"Қайсысы артық" дидактикалық ойыны.**<br>Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді, осы киімдердің ішінен артық киімдерді табу керек. Табылған артық киімдерді қай мезгілде киетінін сұрау.<br>**«Қар жинау» ойыны.**<br>**Шарты:** Екі топқа бөлініп, мақтадан жасалған қарды күрекпен бір-бірлеп шелекке тасып жинау.<br>***Сергіту сәті:***<br>Балалар ендеше орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық.<br>Атамның алып күрегін,<br>Ауланың қарын күредім.<br>Күнде әжеме құдықтан<br>Су әкеліп беремін.<br>**Оқу іс - әрекетін қорыту:**<br>- Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>- Қыста ойнайтын қандай ойындарды білесің?<br>- Қардан не жасаймыз?<br>- Сырғанаққа бару үшін қалай киіну керек?<br>**Бағалау:** Балалар сендерге бүгін жақсы қатысқандарың үшін жұлдызшалармен марапаттаймын.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті**: **Орман емшілері М.Зверев** Әңгіменің мазмұнын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Көркем | қол төменде, 1-2, келесі 3-4 рет қозғапту қопымызды аяғымыздың басына тигізу; 1-2-3 (4 бастапқы қапып); қолымыз жоғарыда 1, 2 қолымыз аяғымыздың ұшына тигізу төмен 3 отыру, 4 бастапқы қалып;<br>**Ойын «Күн мен түн»** .<br>**Ойын мазмұны**: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару** Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару, цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау,санау білігін бекіту,кеңістік және қағаз бетінде бағдарлау<br>**«Ой шақыру»**<br>1. Жылдың қай мезгілі?<br>2. Бүгін аптаның қай күн?<br>3.Ертең қай күн?<br>4. Сенбіден кейін қай күн?<br>5.Ұйықтайтын уақыт қай тәулік?<br>6. Жаттығу жасайтын қай тәулік?<br>7. Үшбұрышта неше бұрыш бар?<br>8. Екі қоянда неше құлақ бар?<br>9. Дөңгелекте неше бұрыш бар?<br>1-тапсырма: «Қандай пішін артық?»<br>2-тапсырма: «Көлемдерін анықта»<br>1. Жалпақ қарындаш нешінші тұр?<br>2. Жіңішке қарындаштан кейін | Ал енді балалар, назарымызды теледидарға аударайық.<br>**Бейне мәлімет:**<br>–Балалар, біз не көрдік?<br>— Қандай құралдар бар екен?<br>— Бұл ойындарды қайда ойнайды?<br>Дұрыс айтасыңдар. Қарлы боранымен, сықырлаған аязымен қыс та аяқталып қалды. Бірақ біз қыстан қорықпаймыз денемізді шыңдаймыз, жылы киінеміз. Сырғанап ойнап, аққала жасаймыз.<br>—Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерге қонаққа келдім. Көптеген тапсырмалар ала келдім. Балалар аққала бізге құр келмепті, көптеген тапсырмалар ала келіпті. — Қане, балалар олай болса аққаланың әкелген тапсырмаларын бірге орындайық.<br>**Аққаланың тапсырмалары:**<br>**1 тапсырма:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**2 тапсырма**: Қыс туралы тақпақ айту.<br>— Ал, ендеше балалар қыс туралы тақпақ білсек айта қояйық. (Балалар өздері білетін тақпақтарын айтады)<br>**3 тапсырмасы:**<br>**Сергіту сәті** — Балалар, ендеше орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық.<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтер мына қолғаптан.<br>(Қимылмен көрсету)<br>**4 — тапсырмасы**:<br>**Д. ойын. «Қайсысы артық»**<br>Үстел үстінде әр мезгілдің киімдері ілінеді, осы киімдердің ішінен артық киімдерді табу керек. Табылған артық киімдерді қай мезгілде киетінін сұрау.<br>**Д.қ ойын. «Аққала»**<br>**Ойын шарты**: үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Балалар осы бөліктерді алып, артындағы сұраққа жауап беріп іледі.<br>Кері байланыс жасау.<br><br>**Көркем әдебиет** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырайық.  Балалар мынау қай әріп? (Ш әрпі)<br>- Ш дыбысын бәріміз бірге айтайықшы!<br>- Ш - ш - ш<br>- Ш дыбысы қандай дыбыс?<br>- Иә, дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз?<br>- Ендеше, балалар бүгін Ш дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасаймыз.<br>- балалар, кәзір «Зейінді бол» ойының ойнаймыз.<br>- Мен, сендерге дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтамын, ал сендер, дауысты дыбысты естігенде қызыл текшені, дауыссыз дыбысты естігенде көк текшені көтересіңдер.<br>- А, Н, Е, В,, С, О, О, О,<br>- М, Н, Г, Ш, А, Б, А, У, Ұ, Ұ, Ұ<br>- М, А, Р, О, М, Н, О, Ұ, К<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару** Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару, цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау,санау білігін бекіту,кеңістік және қағаз бетінде бағдарлау<br>Балалар, біз бүгін сендермен қарапайым мысалдардан есептер шығаруды, жұмбақтар құрастырып, оны шешуді үйренеміз. Ол үшін ұлттық **«Ханталапай» ойыны арқылы интеллектуалды жарыс** ұйымдастырайық.<br>Ойын шартымен  таныстыру<br>**Тапсырма: «Ханталапай».**<br>Талапай - ау, талапай,<br>Табылды ойын, алақай!<br>Асықты алға шашамыз,<br>Талапайға басамыз Шарты: шашылған асықты кім көп жинаса, сол топ жарысты бастайды. Екі топтан бір баладан шығып «Ханталапайға» қатысады.<br>**1 - Тапсырма:** 1 - ден 10 - ға | тілдік дағдыларды  қолдана білуін  бекіту.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Құстардың суреті.<br>-Ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>-Тағы қандай құстарды білесіңдер?<br>**Д.О «Орман ағаштары».**<br>**Ойынның шарты:**Салынған суреттегі ағаштарды атай білу. (қарағай,шырша,қайың)<br>- Балалар, бүгін сендерге мен бір ертегі айтып берейін.<br>**Бұл ертегінің аты «Орман емшілері» .**<br>Мен бастап берейін, ал балалар маған көмкетеседі. Ерте,ерте ертеде ешкі жүні бөртеде. Орманда үлкен «Терек» өсіпті...<br>**Сұрақ  -  жауап :**<br>-Терек қандай ауруға шалдықты ?<br>-Терек көмекті қалай сұрады?<br>-Теректің дауысын естіп,не ұшып кеді?<br>-Көгершін қандай құс?<br>Аққу көгершінге қандай кеңес берді?<br>-Көгершін қандай белгісіз құсты терекке алып келеді?<br>-Теректі емдеп берген қандай құс ?<br>**Ойын: «Үй құстары»**<br>**Ойынның шарты:** үй құстарын және олардың пайдаларын толық атай білу.<br>Оқу іс- әрекетіне жақсы қатысқан баланы мадақтау.<br><br>**Қоршаған  ортамен  танысу**<br>**Міндеті:  Байланыс құралдары**<br>Байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Шаттық шеңбері**:<br>Сәлем дейміз достарға,<br>Сәлем дейміз құрдасқа.<br>Сәлем дейміз ұстазға,<br>Сәлем дейміз қонаққа.<br>Айымыз ашық болсын!<br>Туымыз биік болсын!<br>Халқымыз тату болсын!<br>Балалар аман болсын! | қандай қарындаш?<br>3. Сары қарындаш жалпақ қарындашқа қарағанда қандай?<br>3- тапсырма: «Сандар шатысты»<br>(Карточкамен жұмыс)<br>1. Сандарды ретімен қою.<br>2. Тура, кері санау.<br>3. Атаған санның көршісін атау.<br>4. «Орнын анықта» 3 пен 5 тің ортасында қай сан тұрады?<br>7 мен 8 дің ортасында қай сан тұрады?<br>1 мен 2 санының ортасында қай сан?<br>4-тапсырма: « Салыстыру» = Карточкамен жұмыс<br>5 4, 6 9, 8 8<br>Сергіту сәті «Аяқпенен топ-топ-топ»<br>5- тапсырма: «Ойнада, ойлан», «Сөз жұмбақ»<br>1. Күн шуақта отырды үш күшік<br>Келді маңына тағы екі күшік.<br>Ал, кәнекей санашы<br>Болды сонда неше күшік?<br>2.Бес қонжық орманға<br>Бара жатты қорбаңдап.<br>Бір қонжық шаршады.<br>Әрі қарай бармады.<br>Ал, кәнекей тез айтшы<br>Қанша қонжық кетті алда?<br>3.Ағаш басында екі торғай отыр еді.<br>Оларға тағы екі торғай ұшып келді.<br>Барлығы неше торғай болды?<br><br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Дыбыстық талдау**<br>Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>- Балалар, осы аптада біз не туралы айтып жатырмыз?<br>- Қысқа тән құбылыстарды айтыңдаршы!<br>-- Қыста күн суық болады. Қар жауады.<br>- Жарайсыңдар, ендеше бір - бірімізге жылы лебіздер білдіріп, жүрекшені берейік.<br>- Балалар. Сен үлкен ер - азамат болып өсіңдер.<br>- Жарайсыңдар, орнымызға | **Міндеті**: **Орман емшілері М.Зверев** Әңгіменің мазмұнын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Көркем тілдік дағдыларды  қолдана  білуін бекіту.<br>**Психологиялық сәт**<br>**«Ақ көгершін»** әні орындалады.<br>Балаларға  орман дәрігері ертегісін өтетінімізді ескерту.<br>**Құстардың суреті.**<br>-Ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>-Қандай құстар?<br>-Тағы қандай құстарды білесіңдер?<br>**Д. ойын «Орман ағаштары».**<br>**Ойынның шарты:**Салынған суреттегі ағаштарды атай білу.<br>(қарағай,шырша,қайың)<br>**Әңгімені оқып беру**.<br>**Сергіту сәті:**   Кел,балалар,тұрайық<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Шаңырақты көтері<br>Керегені құрайық<br>Уықтарша иіліп<br>Шаңыраққа қосылып,<br>Қазақ үйді құрайық.<br>Бекіту<br>-Терек қандай ауруға шалдықты ?<br>-Терек көмекті қалай сұрады?<br>-Теректің дауысын естіп,не ұшып кеді?<br>-Көгершін қандай құс?<br>Аққу көгершінге қандай кеңес берді?<br>-Көгершін қандай белгісіз құсты терекке алып келеді?<br>-Теректі емдеп берген қандай құс ?<br>**«Үй құстары» ойыны.**<br>**Ойынның шарты**: үй құстарын және олардың пайдаларын толық атай білу.<br>**Бағалау**: Жақсы қатысқан баланы мадақтау.<br><br>**Қоршаған  ортамен  танысу**<br>**Міндеті:  Байланыс құралдары**<br>Байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Шаттық шеңбері**:<br>Сәлем дейміз достарға,<br>Сәлем дейміз құрдасқа. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейін тура және кері санау ( қазақша, орысша, ағылшынша)<br>**2 - Тапсырма:** Балалар «Ханталапай» ойынына қызыға қатысады<br>Қызығушылық танытады<br>Балалар тапсырманы<br>**«Сан қатары»** 2 топтан бір - бір бала тақтаға шығады, «адасқан вагондарды» ретімен орналастырады 1.... 2..... 3..... 4..... 5....6....7....8....9....10 5.... 4..... 3..... 2..... 1...6.....8......10.....7....9<br>**3 — тапсырма:** «Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендір» (үлестірмелі материалмен жұмыс) Мысалы: 3 санының жанына 3 мысық бейнеленген суретті қою керек, т. с. с. Тапсырманы дұрыс орындаған балалар өздерінің сандықтарындағы асық санын көбейтеді.<br>Аспанда неше жұлдыз бар? (аспанда көп жұлдыз бар)<br>Бір қоянның құлағы нешеу?<br>Екі аюда неше бас бар<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br>Аяқтарды топылдат,<br>Алақанды сартылдат,<br>Оңға да, солға да<br>Бұрыламыз, оңай - ақ<br>Басымызды шайқаймыз,<br>Қолымызды бұлғаймыз.<br>Оңға да, солға да<br>Бұрыламыз, оңай - ақ,<br>Секіреміз биікке,<br>мұқият тыңдайды.<br>Кері байланыс<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Домбыра** Елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасау жапсыру, құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Күй тыңдалады**<br>- Балалар, біздер қандай әуен тыңдадық?<br>- Күй тыңдадық.<br>- Ол қандай аспапта орындалады деп | Байланыс құралдарына- радио, телефон, ұялы телефон, компьютер, рация, пошта жәшігі жатады.<br>Байланыс құралдары — екі жақты байланыс орнатуға арналған.<br>Радио: сымсыз байланыстың бір түрі.Радио байланыстың қасиеті-әуе толқындары арқылы хабарларды аса шалғайға сымсыз әдісімен жеткізу.<br>Компьютер:адамдар сабақ жазады,хат алысады,ойын ойнайды. Қазіргі таңда компьютер адамдарға ең қажет байланыс құралы .<br>Телефон:бұрынғы сымды байланыс құралы,бұл сымды байланыс құралы арқылы адамдар бір-бірімен байланысқа шығып,хал – жағдайларын сұрасып тұратын болған.Телефонды алған кезде әуелі амандасып,сөйлесіп болған соң қоштасып,телефон тұтқасын тетіктің үстіне кейін қояды. Қазіргі дамыған заманға сай әр адам өз қалтасына салып жүретін байланыс құралы сымсыз ұялы телефон.Телефон арқылы біз бір-бірімізге көмек қолын созып көмектесіп тұрамыз. Зиян<br>**Ғажайып сәт:** қоян келеді. Қоянның іші ауырып,бізден көмек сұрап келеді.<br>Қоянға көмектесемізбе?<br>Осы кезде Ақерке телефон байланыс құралын пайдалана отырып жедел жәрдем шақырады. Дәрігер келіп қоянды қарап,өзімен бірге алып кетеді.<br>Тәрбиеші:балалар біз қоянға көмектестік.<br>-Қоянға көмектесу үшін кімді шақырдық?<br>-Біз дәрігерді шақыру үшін қандай байланыс құралын пайдаландық.<br>-Балалар біз бүгін лэпбукпен жұмыс жасаймыз,мен | отырайық. Балалар мынау қай әріп? (Ш әрпі)<br>- Ш дыбысын бәріміз бірге айтайықшы!<br>- Ш - ш - ш<br>- Ш дыбысы қандай дыбыс?<br>- Иә, дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз?<br>- Ендеше, балалар бүгін Ш дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасаймыз.<br>- балалар, кәзір «Зейінді бол» ойынның ойнаймыз.<br>- Мен, сендерге дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтамын, ал сендер, дауысты дыбысты естігенде қызыл текшені, дауыссыз дыбысты естігенде көк текшені көтересіңдер.<br>- А, Н, Е, В,, С, О, О, О,<br>- М, Н, Г, Ш, А, Б, А, У, Ұ, Ұ, Ұ<br>- М, А, Р, О, М, Н, О, Ұ, К<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Қысқы әуен сыңғырлайды** Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту,жылдамдық пен ептілікті білдіру.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Өлеңде не туралы жазылған?<br>-Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады?<br>-Қыз мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар.<br>-Қыста шаңғы, шанамен ойнайсыңдар. Жақсы.<br>Күн суық, қалың киінесіңдер. Жаман. Бірақ көңілді.<br>Музыка тыңдау: Вальс. (С. Майкапар).<br>-Музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады.<br>Сендер мұндай музыкаға қандай қимыл жасағыларың келеді.<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.<br>Өткен әндерді еске түсіріп, қайталау.<br>Ән айту: «Қыз қызығы» (И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы). | Сәлем дейміз ұстазға,<br>Сәлем дейміз қонаққа.<br>Айымыз ашық болсын!<br>Туымыз биік болсын!<br>Халқымыз тату болсын!<br>Балалар аман болсын!<br>**Д/о: «Миға шабуыл»**<br>Мақсаты:ойлау қабілетін арттыру<br>Шарты:Мысалы:хатты алып поштаға салады,ақшаны алып дүкенге барады.<br>Пошташы,дүкенші газет сатушы болады<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Құстай қанат қағайық.<br>Бір отырып,біт тұрып,<br>Сәл тынығып алайық.<br>**Дидактикалық ойын: « Не екенін тап?»**<br>Мақсаты: қораптың ішіндегі заттарды қолдарымен сипап ұстап алу арқылы, не екенін табуларын үйретеді.<br>Кері байланыс<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Жаңа жыл құтты болсын** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру<br>**Тосын сәт:** Ән ырғағымен Ақшақар кіреді.<br>Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме балалар! Бәрің қандай әдемі болып кеткенсіңдер! Шыршаларың да әдемі екен! Мен Аяз Атаның қызы Ақшақармын. Сендерде Жаңа жыл мерекесі болып жатқанын естіп келдім. Енді не істейміз?<br>Ақшақар: Аяз Ата келгенше біз сендермен бір ойын ойнайық.<br>**Ойын: «Шыршаны безендіру»**<br>Шарты: Ата - аналармен ойнатылады. Екі ата ананы алып шығып, екеуінің үстіне шырша ойыншықтарын қыстырғыштармен қыстырып жарысады.<br>**Ойын: «Қар лақтыру»**<br>Шарты: Екі командаға бөлініп, екі себеттегі қарларды екі шелекке дәлдеп лақтыру. Қай команда | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлайсыңдар?<br>- Домбырада орындалған.<br>- Ендеше, домбыра туралы не білеміз, кім айтады? Және сіздердің отбасыларыңызда ұлттық аспапта ойнайтын адамдар бар ма?<br>- Домбыра ұлттық аспап.<br>Балаларды домбырамен таныстыру.<br>Домбыраның суретін ермексаздан мүсіндеп жасау. | сендерге лэпбуктарыңды таратып берейін. Сергіту сәті: (видео ролик)<br>**Лэпбукпен жұмыс.**<br>Мадақтау,марапаттау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Саяхатшы ертегісі**<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту.<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қайырлы таң, апай!<br>Қайырлы таң, досым!<br>Қайырлы күн болсын.<br>Күннің әр кезі,<br>Сәттілікке толсын!<br>**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?!<br>**Ойын: «Не жоқ?»**<br>Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту.<br>Ойынның шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады.<br>Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>«Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды.<br>**Сергіту сәті**<br>Тепе-теңдік жолменен<br>Арасында мен келем.<br>Бір, екі, үш, төрт, Келе жатқан жете алмай,<br>Мынау – біздің мекенжай.<br>Педагог ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады.<br>Кері байланыс жасау. | Әнді музыка жетекшісі орындап береді.<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>**Ойын: «Қасқыр мен көжек».**<br>Музыканы тыңдай отырып, әр әндарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу. | бірінші болады, сол команда жеңімпаз. Кері байланыс | |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Қырауды бақылау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>Болжам: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>Жұмбақ: Қант сияқты ақ, Үлпа боп жерде жатады. (қар)<br>Қимылды ойын: «Суықторғайлар»<br>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. Ерекше білімді қажет ететін баламен жұмыс.** | Бақдәулетпен жұмыс **Үй құстарын ата**<br>**Мақсаты**: суреттен үй құстарын атау арқылы сөздік қорын тілін дамыту.<br> | Айарумен жұмыс **Сезім мүшелері**<br>**Мақсаты**: сезім мүшелерінің атқаратын қызметімен таныстыру. Тілін, ойлуаын, сөздік қорын дамыту.<br> | Айсәулемен жұмыс **Жаңа жыл тақпақ**<br>**Мақсаты:** тақпақты қайталап айту арқылы тілін дамыту. сөздік қорын жетілдіру.<br>**Жаңа жыл**<br>Әдемілеп біз ілген,<br>Ойыншықтар тізілген<br>Қандай жақсы шыршамыз<br>Ән шырқайық баршамыз. | Айшырынмен жұмыс **Шыршаны безендір**<br>**Мақсаты:** шыршаны безендіру арқылы әдемілікке, ұсақ моториканы, түр – түсті ажыратуға үйрету.<br> | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың тақпақтары туралы сұрау. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата аналармен алдағы жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу | Балаларға , жақсы көңіл – күймен мектепке келуіне тілектес болу. | |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы : «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ**

**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы

**Жасы:** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 8 – 12.01. 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған**<br><br>**іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br><br>**Міндеті**: **Желді қуып жет** Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, ептілік, реакция шапшаңдығын дамыту.<br><br>Антарктида<br><br>Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені. «Пингвиндер» ойын-жаттығуы<br><br>Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді<br><br>**Сауат ашу**<br><br>**Міндеті: Дыбыстық талдау** Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br><br>Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»<br><br>Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті: Қаңтар** Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br><br>«**Торғайлар мен мысық» ойыны**. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді<br><br>Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды. «Су торғайы»<br><br>Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. | **Дене шынықтыру.**<br><br>**Міндеті: Жайлаудағы ойындар** Балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге дағдыландыруға жаттықтыру.<br><br>**Мақсаты:** а) 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.<br><br>ә) Фитболды түрлі бағыттарды алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей итеріп жүргізу, ұсақ мотoриканы, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге дағдылануға жаттықтыру.<br><br>б) Табиғатқа, қоршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүюге баулу<br><br>**Сауат ашу**<br><br>**Міндеті: Дыбыстық талдау** Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br><br>1 –тапсырма: «Адасқан | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті: Қаңтар** Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br><br>«Қаңтар мен Ақпан» ертегісін оқып,мазмұнын айтып беру.Оқушылардан түсінгенін сұрау.<br>-Ақпан терезеден нені көрді?<br>-Қаңтар әрекетін баянда.<br>**Сергіту сәті:**<br><br>Боран соғар оң жақтан<br>Боран соғар сол жақтан<br>Қар лақтырып ойнасақ<br><br>Су өтер қолғаптан<br><br>**«Екі аяз» ойыны**<br>**Ойнау тәсілі:**<br>Залдың бір жағына ойнаушылар тұрады.Екі бастаушы алаңның ортасында ойнаушыларға қарама-қарсы тұрады да өлең айтады.<br><br>Ағайынды екі<br>Аязбыз Қорықпаймыз ешкімнен,<br>Мен-Аяз қызыл мұрын,<br>Мен-Аяз көк мұрын.<br><br>Кім бізге бөгет болады,<br>Оларды жолға жолатпаймыз.<br>Балалар бірдей жауап береді.<br>-Қорықпаймыз аяздан. | **Дене шынықтыру.**<br><br>**Міндеті: Арқанмен ойнау шынықтырады** Аналитикалық ойлауын, қимыл дағдыларын қолдана білуін,ептілік пен күштілігін,төзімділігін дамыту.<br><br>Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік<br><br>(ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру. Белгілі бір деңгейге көтерілген арқандардың астынан өту мен арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижелерге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге, арқанмен орындалатын әрекет түрлерін тез ауыстырып, қиындықсыз бір әрекеттен екінші әрекетке кірісіп кете алуға үйрену.<br><br>ә) Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей серпіп жүргізуге, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру.<br><br>б) Аналитикалық ойлауын, қимыл дағдыларын қолдана білуін, ептілік пен күштілігін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: ( ана-арба-алмұрт- тарақ-қармақ- қалта- айран-нан-нағашы- ыдыс-сағыз- зәкір-рауғаш- шана-алтын-негe-етік-көмір т.б.)<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Міндеті: Үстінде, астында, алдында артында, оң жақта сол жақта** Қағаз бетінде бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету.Талдау,салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту<br><br>«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны<br><br>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды | **Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: Мысық,әтеш және түлкі Орыс халық ертегісі** Ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналуға баулу. Театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту.<br><br>**Педагог жұмбақ жасырады.**<br><br>Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта)<br><br>–Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.<br><br>Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді<br><br>–Әңгіме қалай аталады?<br><br>–Авторы кім?<br><br>–Кішкентай қыз не істеп отырды?<br><br>–Анасы қызына қандай ақыл айтты?<br><br>–Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды?<br><br>–Оны не алып кетті?<br><br>–Анасы оған не деді? | буындарды тап»<br><br>Ма са ал ма ар на ба та ма та жа са<br><br>2- тапсырма: «Ана», «бала», «ата», «әже» сөздеріне дыбыстық талдау жаса<br><br>ана -3 дыбыс, 3 әріп, бала- 4 дыбыс, 4 әріп, ата- 3дыбыс,3 әріп<br><br>а – дауысты дыбыс б- дауыссыз дыбыс а - дауысты дыбыс<br><br>н- дауыссыз дыбыс а- дауысты дыбыс т- дауыссыз дыбыс<br><br>а- дауысты дыбыс л- дауыссыз дыбыс а- дауысты дыбыс<br><br>а- дауысты дыбыс<br><br>Жұмбақтарды шеш.<br><br>1.Аппақ дала, қара дән,<br><br>Дәнін сепкен – түсінуге жараған. (әріптер)<br><br>2. Өзім сөзден тұрамын,<br><br>Аяқталған ойды құрамын. (сөйлем)<br><br>-Бұл жұмбақтар не туралы?<br><br>3- тапсырма: «Сөйлемдерді жалғастыр»<br><br>Әжем ауылдан ... . (келді)<br><br>Орманда бұлбұл ... . (сайрайды)<br><br>Мен қызықты ... . (ертегі тыңдадым) | Аяздан да мықтымыз. Содан кейін залдың бір жағына жүгіреді. Аяздар оларды ұстауға тырысады.Аяздар ұстаған балалар бір орында тұрады. Оларды қолдарынан ұстап тірілтіп алуға болады.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: Мысық,әтеш және түлкі Орыс халық ертегісі** Ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналуға баулу. Театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту.<br><br>Ертегіні айтып беру.<br><br>Ертеде әтеш пен мысық болыпты. Бір күні мысық орманға кетерде, әтешке ескертеді: «Терезеден қарама түлкі сені көріп, үйіне алып кетеді». Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:<br><br>Әтеш, Әтеш<br>Алтын айдарлы,<br>Терезеге қарашы,<br>Бұршақ саған берем.<br><br>Әтеш шыдай алмай — терезеден басын шығарады. Түлкі бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады. Мысық, досым, Түлкі мені алыс орманға алып кетпек! Көмектесші! Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады. Екінші күні мысық тағы кетеді. Түлкі мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:<br><br>Әтеш, Әтеш<br>Алтын айдарлы, | төзімділігін дамыту. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүюге баулу.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Міндеті: Жыл мезгілдері. Жыл айлары** Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту,әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу,айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту<br><br>Жыл мезгілдерімен таныстыру Бір жылда 4 мезгіл бар екен. Олар: қыс, көктем, жаз, күз. Жыл мезгілдерінің ішінде ең суық мезгіл ол қыс. Қыста күн суық болып, көп қар жауады, жер ақ түске оранады. Өзен - көлдерге мұз қатады. Адамдар жылы, қалың киімдерін киеді. Мысалы: қалпақ, қолғап, қалың күрте, етік. Балалар қармен ойнап, аққала жасайды, шанамен сырғанайды, шаңғы тебеді. Шыршалар жап - жасыл болып, шырша тойында Аяз ата, ақшақар келеді.<br>**«Қар жинайық» ойыны**<br>Ойын шарты: шашылған қарды таяқшалармен ыдысқа жинау. Қыстан кейін көктем мезгілі келеді. Қарлар еріп, жерден көк шөптер шығып, жер жасыл түске боялады. Ағаштар бүршік атады.<br>**«Көктем мезгілінің бейнесін құрастыру»**<br>**«Жаңбыр тамшылары» ойыны** Ойын шарты: суретте бейнеленген жаңбыр тамшыларына жіпті өткізу.<br>**«Жаз мезгілінің бейнесін құрастыру»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шығармашылық бейнелеу**<br><br>**Міндеті: Әжеме арналған камзол** Заттарды балалардың ойлауы бойынша безендіруге ою-өрнек құрастыру. жапсыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларынқалыптастыру<br><br>**Шаттық шеңбері**<br><br>Арайлап таң атты,<br><br>Алтын сәуле таратты.<br><br>Жарқырайды бақшамыз,<br><br>Жайнай түссін даламыз.<br><br>Қайырлы таң, достарым<br><br>Әйел киімдерінің әр аймақта әр түрлі үлгілер мен әр алуан атаулар бар. Солардың ішінде қазақ елінің бәріне тән түрлері: көйлек, кимешек, сәукеле, қамзол, етік, кебіс-мәсі, көкірекше сияқты заттар. Қамзол (камзол)— әйелдер ұлт киімінің бір түрі, оны көйлек сыртынан киеді. Ол барқыт, пүліш, мақпал сияқты асыл, сапалы кездемелерден тігіледі. Қамзолды кей жерлерде «жеңсіз бешпент» немесе «кәзекей» де п те атайды. Қамзолда жең де, жаға да болмайды және де екі өңірі тек тыс пен астарлан тұрады Қыздар мен жас келіншектер киетін қамзол өте сәнді болады. Оның екі омырауына алтын, күміс жалатқан көз алар, шарбақ түймелер, меруерт, маржандар тағылады. Кейбір жерлерде күміс теңгелерді тесіп тағып қояды. Қазіргі кезде жергілікті | –Әңгімені қалай аяқтауға болады?.<br><br>Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады.<br><br>Бұл қандай ғажап құс!<br><br>–Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>**Міндеті: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?** Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілгі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру<br><br>Нан неден жасалады екен?<br><br>Ұн неден жасалады?<br><br>Бидай қайда өседі?<br><br>Бидайды кім өсіреді? | **Математика негіздері**<br><br>**Міндеті: Үстінде,астында, алдында артында, оң жақта сол жақта** Қағаз бетінде бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету.Талдау,салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту<br><br>**«Кімнің қайда тұрғанын тап»** Әртүрлі заттар мен ойыншықтарды пайдалана отырып, қайсысының қайда орналасқанын анықтайды. Мысалы: түлкі қуыршақтың алдында, қуыршақ қоянның оң жағында т. с. с.<br><br>**«Суретшілер» ойыны.**<br>Шарты: заттардың кеңістікте орналасуын айқындайтын терминдерді бекіту.<br>Әліппе дәптермен жұмыс.<br>1 - тапсырма. Сурет бойынша сұрақтар қойып, балалар жауабы тыңдалады.<br>- Доптың қасында неше құс бар?<br>- Орындықтың астында, қыздың алдында неше құс бар?<br>- Ит қай жаққа жүгіріп барады?<br>- Ұшақ қай жаққа ұшып барады?<br><br>Кері байланыс<br><br>**Музыка**<br><br>**Міндеті: Бесік жыры** Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету<br><br>Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. | Терезеге қарашы,<br>Бұршақ саған берем.<br><br>Әтеш шыдай алмай — терезеден басын шығарады. Түлкі бас салады, осы кезде Әтеш айқайлап досын шақырады: Мысық, досым, Түлкі мені алыс орманға алып кетпек! Көмектесші! Мысық әлі алыс кетпеген екен, досының дауысын естіп, қайта оралып келіп Әтешті құтқарады. Үшінші күні Мысық Әтешке: Мен бүгін өте алысқа кетемін, сенің дауысыңды естімеймін. Түлкіге алданып қалма. Түлкі Мысық кеткеннен кейін, терезеге келіп әтешті шақырады:<br><br>Әтеш, Әтеш<br>Алтын айдарлы,<br>Терезеге қарашы,<br>Бұршақ саған берем.<br><br>Әтеш шыдай алмай — терезеден басын шығарады. Түлкі Әтешті бас салады да алып кетеді. Мысық үйіне қайтып келсе, Әтеш жоқ. Мысық досын іздеуге шығады. Қалың орманда Түлкінің үйіне келіп, өлең айтады. Түлкі өлеңді тыңдап қалғанда Әтеш «кукареку», — деп айқайлайды. Мысық Әтешті алып, үйіне қайтады. Осылай достар бірге болады.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>**Міндеті: Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?** Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап бір-бірінен ажырата білуге үйрету<br><br>**Ой қозғау.** ( мұғалім кодоскопта жапырақ суретін салып | Тапсырма шарты: жаз мезгіліне сәйкес қиылған суреттерді жабыстырып, сөйлем құрастыру..<br>• «Жемістер мен көкөністерді жинайық» ойыны<br>Ойын шарты: араласқан жемістер мен көкөністерді қорапшадағы өз орнына салу.<br>Ойын мақсаты: балалардың ойлауын, есте сақтауын, ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Сергіту сәті** «Көңілді алаша» Музыка ырғағымен балаларды сергіту<br>«Күз мезгілінің бейнесін құрастыру»<br>**«Күзгі ағаш» ойыны**<br>Ойын шарты: суретте бейнеленген ағаштың жапырақтарын саусақпен бояу.<br>Қорытындылау: балаларды мақтап мадақтау.<br><br>**Сауат ашу**<br><br>**Міндеті: Сөздерді буынға бөлеміз** Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру,берілген буынға сөз құрауды үйрету.<br><br>**Психологиялық дайындық**<br><br>Күндей жарқырап,<br><br>Айдай арайлап.<br><br>Жұлдыздай жарқырап<br><br>Судай мөлдір көңілмен<br><br>Бүгінгі сабағымызды бастайық.<br><br>**Сұрақ- жауап сағаты.**<br><br>1.Дыбыс дегеніміз не?<br><br>2.Әріп дегеніміз не? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өнеркәсіп<br>орындары барқыт пен пүліште<br>н сәндеп тіккен қамзол<br>шығаратын болды.<br><br>Қамзол жайында әңгімелеп,<br>оның<br><br>пішініне, көлеміне, ою-<br>өрнектермен әшекейленуіне<br>назар аудартады. Педагог<br>балалардан қазақтың<br><br>қандай ұлттық ою-<br>өрнектерінің<br><br>атын білетіндерін сұрайды.<br><br>Ою-өрнек түрлері: қошқар<br>мүйіз, құс қанаты, түйе табан,<br>тарақ, қолтық ою, құс мұрын,<br>ирек ою, қоян құлақ, қарға<br>тұяқ, теңіз белгісі, аша тұяқ,<br>ит құйрық және т.б. оюлар.<br><br>-Бүгін біз қамзолды ит құйрық<br>оюмен әшекейлеміз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Орнымыздан тұрайық,<br><br>Серігіп алайық<br><br>Мынау менің жүрегім,<br><br>Бәрі осыдан басталған.<br><br>Мына басым ақылды,<br><br>Бәрін осы басқарған.<br><br>Мынау – оң қолым.<br><br>Мынау – сол қолым.<br><br>Барлық істі атқарған.<br><br>-Жұмыс істеуге дайынсыңдар<br>ма? | Диқаншы дегеніміз кім?<br><br>Диірменші дегеніміз кім?<br><br>Наубайшы дегеніміз кім?<br><br>Сатушы дегеніміз кім?<br><br>Балалардың жауаптарын<br>толықтырып, суреттер<br>арқылы көрсетеді. Диқандар<br>көктемде жерге бидай<br>тұқымын себеді. Оны жаз<br>бойы суарып, күтіп баптайды.<br>Күз болған соң жайқалып<br>піскен бидайды комбайнмен<br>жинайды. Одан соң<br>диірменші ұн етіп тартып,<br>қапқа қаптайды. Қапталған<br>ұнды наубайханаға жібереді.<br>Наубайшылар ұннан түрлі<br>тағамдар нан, бауырсақ,<br>бәліш пісіреді. Дайын болған<br>тағамдарды дүкенге жібереді.<br>Мұның бәрі адамдардың<br>еңбегі. Нан-адамның тіршілік<br>корегі, дастарханға үлкен<br>еңбекпен келеді.<br><br>Сондықтан дастарханға зор<br>еңбекпен келген нан<br>тағамдарын қастерлеуіміз<br>керек.<br><br>Енді балалар, нанның суретін<br>салайық.<br><br><br>**Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті: Ыдыс-аяқ дүкені**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен<br>сөйлемдерді түсініп және<br>күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету.Сөздерді сөз<br>тіркесімен айтуға<br>дағдыландыру.<br><br>**Мнемо кестесі» бойынша** | Шілдебаев) Ән айту:<br><br>«Айнала ақша қар» (И.<br>Мамақов) «Қыс келді» (Б.<br>Жұмабекова)<br><br>Музыкалық-ырғақтық<br>қимылдар:<br><br>«Көңілді балалар» литва х.ә.<br><br>(өңдеген Т. Ломова)<br><br>Билер: «Қоян биі» (В.<br>Питерцев) Ойындар,<br>хороводтар:<br><br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br><br>Музыкалық аспапта ойнау:<br><br>«Тамшылар» румын х.ә.<br><br>(өңдеген Т. Попатенко) | көрсетеді.)<br>Өсімдіктер мүшелерін<br>толықтыру./тамыр, сабақ,<br>жапырақ/<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Жаңбыр жауып басылды<br>Аспан шайдай ашылды<br>Желмен бірге жапырақ<br>Сыбдыр қағып шашылды./қимыл<br>қозғалыс арқылы көрсету. Күзде<br>судырлайды су, су, су, су.<br>Қыста қурайды қу, қу, қу, қу.<br>Көктемде гүлдейді гу, гу, гу, гу.<br>Жазда жайқалады жа, жа, жа,жа<br><br><br>**Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті: Азық-түлік** Сөздік<br>қорларын тағам атауларымен<br>молайту. Сөздерді бір-бірімен<br>байланыстырып,сөйлем құрай<br>білу құрай білу дағдыларын<br>жетілдіру<br><br>**Шаттық шеңбері:**<br>қонаққа аспазшы апай қонаққа<br>келді. Аспазшы бізге тамақтың<br>иісіне, түсіне қарап ажыратуды<br>және дәрумендердің пайдасы<br>туралы әңгімелеп береді.<br><br>Азық – түлікке нелер жатады?<br>- Балалар, азық – түліктерді<br>түсіне, дәміне, иісіне қарап<br>ажыратамыз.<br>- Азық – түлік түрлеріне<br>ұннан жасалған тағамдар,<br>ботқалар, кеспе жатады.<br>Тамақтарды ішпестен бұрын<br>оның дәмін, иісін иіскеп қарап<br>ішу керек. Егерде тамақтан<br>жағымсыз иіс шығып, дәмі<br>біртүрлі болса ішпеген жөн.<br>Ондай тамақтардан уланып<br>қалуларың мүмкін. | 3.Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br><br>4.Дауысты дыбыстарды ата.<br><br>5.Дауыссыз дыбыстарды ата.<br><br>6.Ата, әже, ана,бала сөздерін<br>жаз.<br><br>**Суретпен жұмыс.**<br><br>Алма, шар, тау.<br><br>**Логикалық тапсырмалар**<br><br><br>**Музыка**<br><br>**Міндеті: Бесік жыры** Музыка<br>тыңдай отырып сол музыканың<br>мағынасын ұғынуға үйрету<br><br>Балалар шеңбер бойымен<br>тұрады. Жұмбақ жасырып,<br>шешулерін сұраймын.<br>Тұрады ол әр үйде,<br>Жайлы орын сәбиге.<br>Шаңғы табан үйшік ол,<br>Тербететін әрине.<br>Бұл не?<br><br>Балалардың жауаптары<br>тыңдалады. Ғажайып сәт<br>сүйінші, сүйінші дүниеге сәби<br>келді. Балалар дүниеге сәби<br>келгенде туыстары бір бірінен<br>сүйінші сұрайды. Дүниеге келген<br>сәбиді бесікке салады. Әмина<br>әже бүгін немересін Айдананы<br>бесікке салу рәсімін жасайды<br>екен Бесік тойға бізде барайық.<br>Балалар әженің ауылына бару<br>үшін пойызға мініп барайық.<br>Әже бізді қарсы алады, Балалар<br>амандасады.<br>Әже: Сәлеметсіздер ме балалар.<br>Қош келдіңдер төрлетіңдер бүгін<br>мен немерем Айдананы бесікке<br>салайын. Сендерге бесікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Камзолды шаблонмен қиып жапсыру | Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.<br><br>– Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.<br><br>– Елтаңбада тұлпар бейнеленген.<br><br>– Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. | | - Ал, дәрумендер дегеніміз – тамақтың құрамында болатын, адам ағзасына өте маңызы бар заттар. Дәрумендер әсіресе жемістердің құрамында өте көп болады. Сондықтан күнделікті тамақта жемістерді көп пайдалану керек. Және оларды мұқият жуып жеген жөн. Дәрумендер адам ағзасына өте пайдалы. А, С, В, Д, Е дәрумендері болады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алап қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**Дидактикалық ойын: «Дәмін ажырат»**<br>Мақсаты: балаларға тағам түрлерін дәміне қарай ажыратуға үйрету.<br>Ойын шарты: Көздерін жұмып, тағам түрлерін дәмін тату арқылы ажыратады. | таныстырайын. Әже: балалар мынау бесік ол ағаштан жасалған ал мынау жабуы қол, аяқ, бау, көрпеше, жаялық, жастық түбек, шүмек, айнасы, тарағы туралы айтады. Аршаның түнімен бесікті аластап тазарталық.<br>Алас, алас баладан алас,<br>Көзі жаманның көзінен алас,<br>Тілі жаманның тілінен алас,<br>Қырық, кабырғасынан алас,<br>Отыз омыртқасынан алас,<br>Бісімілләә келді міне иесі,<br>Көш пәлесі.- деп аластап, сәбиді бөлеуді көрсетемін, бесікті тербетемін.<br>Музыка тыңдау: Бесік жыры әнін тыңдайды |
| **Серуенге дайындық** | **Мақсаты:** Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Қар үстіндегі іздерді бақылау<br><br>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br><br>Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.<br><br>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br><br>Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Мақсаты:**-балаларды еңбекке баулу,ересектердің еңбегін бағалау | | | | | |
| **Баланың жеке<br><br>даму картасына<br><br>сәйкес жеке** | **Шығармашылық тапсырма пазл құрастыру**<br><br>**Мақсаты:** саусақ моторикасын, ойлауын , тілін дамыту. | **«Менің Отаным» тақпақ айтқызу**<br><br>**Мақсаты:** тақпақты қайталап айту арқылы сөздік | **Әр суреттің көлеңкесін тап .**<br><br>**Мақсаты**: саусақ моторикасын, ойлауын дамыту. | **Шығармашылық тапсырма пазл құрастыру**<br><br>**Мақсаты:** саусақ моторикасын, ойлауын , тілін дамыту. | **Санамақ айту**<br><br>**Мақсаты:** санамақты айту арқылы санауға және сөйлеуге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыстар.** |  | қорын, тілін дамыту.<br><br>Отан<br><br>Отаным менің Қазақстан<br>Атыңнан сенің айналам<br>Бас иіп саған өтемін<br>Жасай бер жаса Қазақстан. |  | <br> | 1 дегенім –БІЛІМ,<br><br>2 дегенім – ЕЛІМ,<br><br>3 дегенім- ҮКІ,<br><br>4 дегенім-ТАҚИЯ,<br><br>5 дегенім- БЕСІК,<br><br>6 дегенім- АСЫҚ,<br><br>7 дегенім-ЖЕЙДЕ,<br><br>Көлек дейді кейде. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың көңіл – күйі туралы сұрау | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы<br><br>әңгімелесу. | Ата аналармен әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың<br><br>тәртібі туралы әңгімелесу. | Баллардың тазалығы жайлы<br><br>әңгімелесу |

**Мектепалды даярлық тобы тәрбиелеушісі:** Абаханова К.М

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы :** «Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ

**Сынып :** Мектепалды даярлық сыныбы

**Жасы:** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19– 23.02. 2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,**<br><br>**кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқ әрекеттер)** | **«Өз жұбыңды тап!»** ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мақсаты:** бүлдіршіндердің бір- біріне қамқор болуға, достық қарым- қатынасқа адал болуға тәрбиелеу. | **«Менің Отаным!» өлең жаттау.**<br><br>**Мақсаты:** балалардың бойына патриоттық қабілетті дарыту, Отанын құрметтеуге шақыру. | **«Толағай»** қазақ халқының балалрға арналған ертегі-лерінен бейнеролик көрсету.<br><br>**Мақсаты:** қазақ елінің жерін халқы үшін қорғаған батырлар туралы ұғым бере кету. | **Ересектермен бірлескен әрекет «Анамызға көмектесеміз!»**<br><br>**Мақсаты:** үлкенді сыйлау, көмек беру, құрмет көрсету секілді құндылықтарды бүлдіршін бойына дарыту. | **«Құтқару қызметі»** ойын – жаттығу. Қимылдық белсенділігін арттыру.<br>**Мақсаты:** дене жаттығуларын жасату. |
| **жаттығу** | жаттығулар кешені №2.Құралмен 5-6 мин<br><br>Мақсаты:Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | **Д.О: «Дауысынан таны»**<br>**Мақсаты**: Тыңдау, есті | **Д.О: «Айтшы қандай?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттың | **Д.Оу: «Зейінді бол»**<br>**Мақсаты**: тыңдау, есту | **Д.О: «Дауысынан таны»**<br>**Мақсаты**: Тыңдау, есті | **Д.О: «Ағашты тап»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке**<br><br>**дайындық** | қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру.<br><br>**Шарты**: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға қояды. | белгілерін анықтауға үйрету<br>**Шарты**: Тәрбиеші (немесе бала) қорапшаның ішінен, заттарды алып шығады, балалар заттың атауы мен белгісін айтады | қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру.<br>**Шарты**: Тәрбиеші дала құстары туралы жұмбақтап айтып отырады, балалар қандай құс туралы байқап алда жатқан тиісті суретті көтеріп көрсетеді. | қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру.<br>**Шарты**: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға қояды. | сақтау қабілеттерін жетілдіру, ағаштардың атауын анық айтуға үйрету.<br>**Шарты**: Үстел үстіне төрт өсімдіктердің шырша, қайың, емен, терек, олардың жапырақтарының суреттерін қояды. Жапырақтарына қарай ағаш түрін тауып алу керек. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған**<br><br>**іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br><br>**Міндеті: Өз бетімізбен жаттығамыз** Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіруді жалғастыру,дене түзулігін ұстап тұру қабілетін жетілдіру.<br><br>Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту. ә) Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.<br><br>Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып екпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту.<br><br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті: Кеме** Көліктер олардың түрлері туралы түсінік беру.Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.<br><br>**Жылулық шеңбері**<br><br>Біз қандаймыз, қандаймыз?<br><br>Шұғылалы таңдаймыз.<br><br>Күлімдеген күндейміз,<br><br>Ренжуді білмейміз.<br><br>Балалар келген қонақтарымызбен амандасамыз.<br><br>Үлкенге де сіз,<br><br>Кішіге де сіз<br><br>Бар адамды құрметтеп<br><br>Бас иеміз,біз.<br><br>**Педагог балаларға жұмбақ жасырады.**<br><br>Бір көзім «кідір» дейді,<br><br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br><br>Бір көзім «абайла» дейді | **Дене шынықтыру.**<br><br>**Міндеті: Жан - жағыңа жылулық сыйла** Ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақты дамыту.<br><br>Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту. ә) Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.<br><br>Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту.<br><br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті: Кеме** Көліктер олардың түрлері туралы түсінік беру.Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.<br><br>**Жылулық шеңбері**<br><br>Біз қандаймыз, қандаймыз?<br><br>Шұғылалы таңдаймыз.<br><br>Күлімдеген күндейміз,<br><br>Ренжуді білмейміз.<br><br>Балалар келген қонақтарымызбен амандасамыз.<br><br>Үлкенге де сіз,<br><br>Кішіге де сіз<br><br>Бар адамды құрметтеп<br><br>Бас иеміз,біз.<br><br>**Педагог балаларға жұмбақ жасырады.**<br><br>Бір көзім «кідір» дейді,<br><br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br><br>Бір көзім «абайла» дейді<br><br>«Қарап ал маңайға» дейді. | **Дене шынықтыру.**<br><br>**Міндеті: Мұздағы ойын** Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру.<br><br>Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену. ә) Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған<br><br>қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу.<br><br>Гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру.<br><br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сауат ашу**<br><br>**Міндеті: Сөздерді буынға бөлеміз** Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру,берілген буынға сөз құрауды үйрету.<br><br>**Жұмбақ шешу**<br>1. Суда өмір сүреді<br>Судан шықса өледі (балық)<br>2. Кейде дауысты, кейде дауыссыз<br>Ол қай дыбыс? (у)<br>3. Кесе, шыны, пияла<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді<br>Бәрінің атын не дейді? (ыдыс)<br>4. Ас біткеннің анасы<br>Қасиетті нан осы<br>Қайсы әріптен басталып<br>Аяқталған қарашы (нан)<br>Сонымен қандай сөз шықты?<br><br>Жұмбақтың шешуін буынға бөлеміз.<br><br>**Буын санын анықтаңдар**<br>а - па (2 буын), ә - же(2 буын), кө - ке(2 буын), ше - ше(2 буын), на - ға - шы(3 буын)<br>Сөздерді буынға қалай бөлдіңдер?<br>Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады: от, а - та, ме - ре - ке, бей - біт - ші – лік<br><br>Кері байланыс жасау.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Міндеті: Жыл мезгілдері. Жыл айлары** Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту,әр жыл мезгілінің белгілерін атау, | «Қарап ал маңайға» дейді.<br><br>Педагог балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелейді.<br><br>-Мынау не?<br><br>-Бағдаршам не істейді?<br><br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым жауып жүр.<br><br>Ауылды жалғар қалаға,<br>Қаланы жалғар ауылға<br><br>(автобус)<br><br>Үйрекше мойнын созады.<br>Құсша қонады.<br><br>(ұшақ)<br><br>Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br><br>(қайық)<br><br>Үлкен темір балық,<br>Суда жүзер шалқып<br><br>(кеме)<br><br>**Дидактикалық ойын. «Не қайда жүреді?»**<br><br>Шарты:Көлемді бейнелі сурет арқылыкөліктердің жүру жолдарын тауып,көліктерді орналастыру.<br><br>Кері байланыс<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: Үш қыз Татар халық ертегісі**<br>Театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. | **Сауат ашу**<br><br>**Міндеті: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br><br>Суретті үлгі<br>бойынша алмасөзіне дыбыстық талдау жасату.<br><br>Сонымен, алма сөзінде неше дыбыс бар екен, ондағы дыбыстарды атаңдар.<br><br>Алма сөзінде неше дауысты дыбыс бар?<br><br>Мен неше бөлікке бөліп айтамын, мұқият тыңдаңдар.<br><br>Ал-ма, бірінші ал бөлігін ал буыны, ал екінші ма бөлігің - ма буыны деп айтамыз.<br><br>-Алма сөзі неше буыннан тұрады? Әр буынын атап айт.<br><br>Екі буыннан.<br>Бірінші ал, екінші -<br>ма буыны. Алма сөзін буындап айтқызу.<br><br>Раушан, ата, ай, көбелек сөздерін буынға бөліп айтқызу.<br><br>Рау-шан, а-та, ай, кө-бе-лек.<br><br>Балалардың өздеріне жеке сөздер ойлатып, буынға бөлдіріп, неше буын екенін айтқызу.<br><br>3.Өте жақсы, балалар. Жұмбақбай атай сендерге енді жұмбақ жасырмақшы.<br><br>Судан ол қорқады,<br><br>Бұдан кір қорқады. | Педагог балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелейді.<br><br>-Мынау не?<br><br>-Бағдаршам не істейді?<br><br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым жауып жүр.<br><br>Ауылды жалғар қалаға,<br>Қаланы жалғар ауылға<br><br>(автобус)<br><br>Үйрекше мойнын созады.<br>Құсша қонады.<br><br>(ұшақ)<br><br>Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br><br>(қайық)<br><br>Үлкен темір балық,<br>Суда жүзер шалқып<br><br>(кеме)<br><br>**Дидактикалық ойын. «Не қайда жүреді?»**<br><br>Шарты:Көлемді бейнелі сурет арқылыкөліктердің жүру жолдарын тауып,көліктерді орналастыру.<br><br>Кері байланыс<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Міндеті: Үш қыз Татар халық ертегісі** Театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндауға баулу. | тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Міндеті: Апта күндері.тәулік бөліктері. Циферблат бойынша уақытты анықтау**<br>Апта күндері,тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту<br><br>- Балалармен амандасу<br>- Балалардың сабаққа қажетті оқу құралдарын даярлату.<br>- Балалар айтыңдаршы қазір қай мезгіл, кәне кім біледі? (балалардың жауабы: қыс мезгілі)<br>- Балалар сендер білесіңдер ме жыл мезгілі төртке бөлінеді екен. Балалар бәріміз бес саусағымызды жоғары көтеріп, көрсетейікші, енді бір саусағымызды жұмайықшы. Ал енді неше саусақ қалды? Адамның төрт саусағы жылдың төрт мезгілі. Сұқ саусақ – күз, ортаңғы саусақ – қыс, шылдыр шүмек саусақ – көктем, кішкене шынашақ саусақ – жаз. Сонымен балалар неше жыл мезгілі бар екен?<br><br><br><br>- Ендеше қыс мезгіліне байланыс сурет салайық.<br>Сергіту сәті: «Балақан»<br>- Балалар бір аптады жеті күн бар. Апта күндерін атайықшы.<br>- Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.<br>- Балалар сендер неше күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмбақтарды шешу,айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту<br><br>Жылдың төрт мезгілі бар.Қыс,көктем,жаз және күз. Олар өзара тату болыпты,кезегімен әлемді басқарады.<br>Ал,балалар жыл мезгіліне саяхатқа барайық.<br><br>Қыс құнар береді,<br>Көктем дән себеді.<br>Жаз баптап өсіреді,<br>Күз жинап, тереді.<br><br>Қыс<br>Қыс қар қызығымен қызық.Қыс боранды,аязы,ызғарлы.Жер беті мен ағаштар аққарға жамылып жатады.Қыста ағаштар ұйқыға кетеді: Терезелерге аяз әр түрлі ою-өрнектермен безендіреді:Қыста балалар шана;шаңғы тебеді;аққала соғады.Қыс кеткісі келмейді.Күн қысқа сенің күнің өтті,енді жолды Көктемге бер.<br><br>Көктем<br><br>Қар еріп,жер қарайып,күн жылуын,шуағын шашып Көктемді шақырады.Жан-жануарлар ұйқыдан оянады.Кейбір ағаштарда кейбір ағаштар бүршік ашады,Мысалы:Ерте өрік гүлденеді,жерден шөптер мен гүлдер өсіп шығады.Адамдар ағаштармен талдар отырғызады,жер жыртып егіндер егеді.Жыл құстары ұшып келеді,құстар ән салады,даланың сәні | Ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндауға баулу.<br><br><br><br><br>Бір әйелдің үш қыз болыпты. Ол күндіз-түні жұмыс істеді, қыздарды киіндірді, тамақтандырды.<br>Жылдар өтті. Қыздар өсті, бірінен соң<br>бірі күйеуге шықты және алысқа кетті.<br>Тағы да көп жыл өтті. Кемпір аурып қалды. Ол сары тиінді шақырды және оған:<br><br>– Қыздар маған тез келсін, – деді.<br><br>Сары тиін үлкен қызға келді.<br><br>– Ой, мен барар едім, бірақ әуелі мына екі<br>табақты тазартуым керек, – деді.<br>– Онда отыр екі табақпен, – деді тиін.<br><br>Сол уақытта қыз<br>тасбақаға айналды. Тасбақа жөніне кетті.<br>Сары тиін екінші қызға келді<br><br>– Ой, мен барар едім, бірақ әуелі мата тоқуым керек, – деді.<br>– Онда тоқы матаны, – деді сары тиін.<br><br>Сол уақытта қыз<br>өрмекшіге айналды. Өрмекші жөніне кетті.<br>Тиін үшінші қызға келді.<br>Қыз ештеңе айтпады, | Сабын сөзін буынға бөлгізу. (Са-бын)<br><br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>Достар бірге жүреміз,<br><br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br><br>Бірге балық аулаймыз,<br><br>Міне біздер қандаймыз!<br><br>Бөлінбейді іргеміз,<br><br>Әрқашанда біргеміз.<br><br>.Енді, балалар, сендерге атайларың «Қай буынды жоғалттым?» ойынын ұсынғысы келіп отыр екен. Енді бәріміз осы ойынды ойнау арқылы аталарыңа көмектесіп, жоғалған буынын тауып жіберейік.<br><br>Мен қазір сендерге бір буын айтам, сендер сөздің соңғы буынын табасыңдар.<br><br>Мысалы: са-ғат а-ғаш<br><br>мы-сық, күшік т.б.<br><br>Дәптермен жұмыс: (піл, доп, қаз, мы-сық, түл-кі, кү-шік, арыс-тан, кө-бе-лек, жа-пырақ, кі-тап-ха-на, дә-рі-ха-на) суреттегі сөздерді буынға бөлу. Неше буыннан тұратынын айту керек.<br><br>Үзік сызықпен берілген дөңгелектерді сызып шығу<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Міндеті: Апта күндері.тәулік бөліктері. Циферблат** | <br><br><br>Бір әйелдің үш қыз болыпты. Ол күндіз-түні жұмыс істеді, қыздарды киіндірді, тамақтандырды.<br>Жылдар өтті. Қыздар өсті, бірінен соң<br>бірі күйеуге шықты және алысқа кетті.<br>Тағы да көп жыл өтті. Кемпір аурып қалды. Ол сары<br>тиінді шақырды және оған:<br><br>– Қыздар маған тез келсін, – деді.<br><br>Сары тиін үлкен қызға келді.<br><br>– Ой, мен барар едім, бірақ әуелі мына екі<br>табақты тазартуым керек, – деді.<br>– Онда отыр екі табақпен, – деді тиін.<br><br>Сол уақытта қыз<br>тасбақаға айналды. Тасбақа жөніне кетті.<br>Сары тиін екінші қызға келді<br><br>– Ой, мен барар едім, бірақ әуелі мата тоқуым керек, – деді.<br>– Онда тоқы матаны, – деді сары тиін.<br><br>Сол уақытта қыз<br>өрмекшіге айналды. Өрмекші жөніне кетті.<br>Тиін үшінші қызға келді.<br>Қыз ештеңе айтпады, шешесіне жүгірді.<br><br>– Бақытты бол! – деді тиін.<br><br>Қыз шынымен бақытты болды, | оқисыңдар?<br>- Неше күн демаласыңдар?<br>Балалар енді Нұржан мен Гүлжанның тапсырмасын орындайықшы.<br>Балаларға сұрақтар қойылады, балалар дұрыс жауапты тауып, яғни жауапқа сай келетін суретті қаламмен шертеді.<br><br>**Сауат ашу**<br><br>**Міндеті: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br><br>Суретті үлгі бойынша алмасөзіне дыбыстық талдау жасату.<br><br>Сонымен, алма сөзінде неше дыбыс бар екен, ондағы дыбыстарды атаңдар.<br><br>Алма сөзінде неше дауысты дыбыс бар?<br><br>Мен неше бөлікке бөліп айтамын, мұқият тыңдаңдар.<br><br>Ал-ма, бірінші ал бөлігін ал буыны, ал екінші ма бөлігің - ма буыны деп айтамыз.<br><br>-Алма сөзі неше буыннан тұрады? Әр буынын атап айт.<br><br>Екі буыннан. Бірінші ал, екінші - ма буыны. Алма сөзін буындап айтқызу.<br><br>Раушан, ата, ай, көбелек сөздерін буынға бөліп айтқызу.<br><br>Рау-шан, а-та, ай, кө-бе-лек.<br><br>Балалардың өздеріне жеке сөздер ойлатып, буынға бөлдіріп, неше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кіреді.Көктемде балалар асықпен,доппен ойнайды,қыздар секіргішпен,құламашақ ойнайды.<br><br>Жаз<br><br>Жадырап жаз келді. Жаздың табиғатты тамаша,жер беті жап-жасыл.Ағаштар алма,алмұрт шие,ал жерде егіндер байлап өсуде.Жазда балалар демалыста,күнін ыстығыда шомылады.Жаз кетіп,енді бізге күз келеді.<br><br>Күз<br><br>Күзде суық болады,жан-жануарлар ұйқыға кетеді,құстар жылы жаққа ұшады.Егін жиналады ағаштардың жапырақтары сарғайып,сазды,балшықты болады.жамбыр артынан қар жауады,сөйтіп төрт мезгіл қайталанып отырады.<br><br>Қар қалай жауады?<br>Шөппен гүлдер қалай өседі?<br>Күн қалай шуағын шашады?<br>Күзде жапырақтар қандай болады?<br><br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br><br>**Міндеті: Алдаркөсенің шапаны** Қағазды әртүрлі формада жырту және умаждау әдісін қолдану жапсыру,құрастыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Шаттық шеңбер.** | шешесіне жүгірді.<br><br>– Бақытты бол! – деді тиін.<br><br>Қыз шынымен бақытты болды, көп жыл өмір сүрді. Қартайғанда алтын араға айналды. Ара жазда бал жинады, қыста ұйықтады.<br><br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>**Міндеті: Жыл құстары** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету. Құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту<br><br>**Жылулық шеңбері.**<br><br>Күлімде, күн күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін.<br><br>Кешегідей бүгін де ,<br><br>Қанат қақсын көгершін<br><br>-Айналамызда қандай өзгеріс байқадыңдар?<br><br>**(құстардың дауысы естіледі)**<br><br>- Балалар, бұл ненің дыбысы болды екен? Ия, құстардың дыбысы әр түрлі болады екен. Олар түрлеріне қарай әр түрлі сайрайды.<br><br>Мен сендерге осы құстардың сайрауы туралы бір әңгіме айтып берейін. Сендер жақсылап тыңдаңдар. | **бойынша уақытты анықтау** Апта күндері,тәулік бөліктері,циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту<br><br>**Шаттық шеңбер:**<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>- Бәріміз бір - бірімізідің қолымыздан, үлкен шеңбер жасайық.<br>- Балалар біз таңертең ұйқыдан тұрғанда қай жаққа қараймыз?<br>- Онда нені көреміз?<br>- Егер күннің көзі жарқырап тұрса қалай қуанамыз. (Балалар алақанымен шапалақтайды )<br>- Балалар кәне, алақандарымызды түйістіріп көрейікші.<br>- Нені сезіп тұрмыз?<br>- Осы жылулық арқылы бір - бірімізге игі тілектерімізді айтайық.<br>- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.<br>Түнде де, күндіз де,<br>Тынымсыз соғады.<br>Бұл не екен балалар! (Сағат)<br>Ұзын, қысқа тіл,<br>Он екі тілмен дос бұл.<br>(Сағат тілі)<br>- Балалар сағат адамдарға нені білуге көмектеседі?<br>**(Слайд тақтадан әңгімелеу)**<br>Ата – аналар балаларын балабақшаға қай кезде әкеледі. Және қай кезде алып кетеді. Балалар қай кезде ұйықтайды, қай кезде тамақ ішеді. Кәне, маған сурет бойынша кім әңгімелеп береді.<br>**Д/О: Зейінді бол!**<br>Мақсаты: Тәулік бөліктері, зейінді дамыту.<br>ш/ы: Егер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын | көп жыл өмір сүрді. Қартайғанда алтын араға айналды. Ара жазда бал жинады, қыста ұйықтады<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>**Міндеті: Аңдар қысқа қалай дайындалады?** Жануарлардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру<br><br>**Шаттық шеңбері**<br>Балалар жабай жануарлар мен үй жануарларын айыру ойыны.<br>- Қандай ойындар ойнадық?<br>- Бұл аңдарды қайдан көрдіңіздер?<br>- Бұлар қайда мекендейді?<br>- Бұлар қандай жануарлар? Үй жануарларынан айырмашылығы неде?<br>- Олай болса, бүгінгі сабағымыз ««Аңдар қысқа қалай дайындалады?»» деп аталады?.<br>Алдынан жабайы жануар қасқыр тұрады.<br>Балалар мынау қасқыр. Балалар ол неге ұқсайды? Бірақ ол итке қарағанда үлкен, аяқтары ұзын. Өйткені ол өзінің азығын жүгіріп жүріп аулайды.<br>Бұл аңның аты Аю деп аталады. Ол үлкен, ақылды, иіс сезгіш жыртқыш аң, бірақ ол өз бетінше ешкімге тиіспей. Мынау түлкі. Балалар қараңдаршы, қандай әдемі болады. Түлкінің мұрны иісті жақсы сезеді. Ал балалар мынау өздерің білетін қоян. Ол өте қорқақ болып келеді. Қоян тез жүгіреді. Ол жерді қазып ін жасайды. Олар қоныстарын жиі ауыстырады.<br><br>**Сергіту жаттығуы**<br><br>Ал балалар міне орманды аралап | буын екенін айтқызу.<br><br><br><br>3.Өте жақсы, балалар. Жұмбақбай атай сендерге енді жұмбақ жасырмақшы.<br><br>Судан ол қорқады,<br><br>Бұдан кір қорқады.<br><br>Сабын сөзін буынға бөлгізу. (Са-бын)<br><br><br>**Музыка**<br><br>**Міндеті: Менің туыстарым** Әуенге ілесе отырып ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.<br><br>**Қ\О: «Менің туыстарым».** Балаларды шеңбер бойына тұрғызып,бастаушы ортада тұрып,допты кез келген балаға лақтырады.Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы әңгімелеп береді.Ән айтып,би билеп беруге де болады. Ойынды 2-рет қайталату. Ән үйрену: **«Әжемнің ертегісі» (муз:И.Нүсіпбаев)** **Дауыс жаттығуы: «Жаңбыр»(М.Жаманбалинов)** - Күркіреді күн-күн, Терезелер шың-шың. Жауды жаңбыр топ-топ, Шелек-шелек көп-көп! Жон арқанды тос-тос, Күнбағыс тез өс-өс! Жетекші балалармен қосылып бірге: -Анаң-күнің ,жүрегің, Әкең-өмір тірегің. Ағаң-қамқор асқарың, Інің-мөлдір аспаның, Сен бақытты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кел балалар күлейік ,<br><br>Күліп қана жүрейік.<br><br>Күлкі көңіл ажары ,<br><br>Текқана күліп өмір сүрейік.<br><br>Жақсы балалар орнымызға жайғасып отырайық. Тәрбиеші балаларды ертегі әлеміне шақырады. Бірақ қандай ертегі әлеміне келгендерін айтпайды. Жұмбақ ретінде тәрбиеші слайд суреттерді көрсетеді. Осы суреттер арқылы балалар қай ертегі әлеміне келгендерін анықтап айтып береді.<br>Слайдтағы суреттер олар: «Алдар көсе» ертегісінің суретіері.<br><br>Ертегі көрінісін тамашалау:<br><br>https://www.youtube.com/watch?reload=9&v=o96H8Gm5tSc<br><br><br><br>Балалар біздің бүгінгі тақырыбымыз не туралы?<br><br>Біз қалай мүсіндедік?<br><br>Қандай әдістерді қолдандық? | «Құстар әлеміне саяхатқа» ұшуға дайынбыз ба?<br><br>Бірінші қону алаңы «Үй құстары» (әтеш, тауық, қаз, балапандар, күркетауық).<br><br>Тәрбиеші:бұл құстар үйде мекендейді.<br><br>2. «Дала құстары» (қарлығаш, торғай, қарға, сауысқан, дуадақ,).<br><br>3. «Орман құстары» (тоқылдақ, жапалақ, қырғи, тұрымтай, құр, қаратөс торғай)<br><br>4. «Өзен-көл құстары» (жабайы үйрек, жабайы қаз, аққу, қоқиқаз, қызғылт бірқазан).<br><br>Аққу киелі құс<br><br>Тәрбиеші:бұл құстар тек кәне өзен –көлде мекендейді.<br><br>5. «Тау құстары»(қыран, дала қыраны, бүркіт, лашын). бүркіт құс патшасы<br><br>Тәрбиеші : осы құстар тауда мекендейді.<br><br>**Слайд-шоу крсетуу . «Жыл құстары»**<br><br><br>**Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті: Асханада** Тақпақты зейін қойып тыңдауға оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. | топылдатады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең – оянамыз, жуынамыз,<br>Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз.<br>Күндіз – ойнаймыз секіреміз.<br>Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз.<br>Түнде - ұйықтаймыз.<br><br>**Д/о: Жыл мезгілдерін өз орнына орналастыр**<br>ш/о: Мантассори элементтерін пайдаланып жыл мезгілдерін тауып, тақтайшаға орналастыру.<br><br><br>**Музыка**<br><br>**Міндеті: Менің туыстарым**<br>Әуенге ілесе отырып ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.<br><br>**Қ\О: «Менің туыстарым».**<br>Балаларды шеңбер бойына тұрғызып,бастаушы ортада тұрып,допты кез келген балаға лақтырады.Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы әңгімелеп береді.Ән айтып,би билеп беруге де болады. Ойынды 2-рет қайталату. Ән үйрену: **«Әжемнің ертегісі» (муз:И.Нүсіпбаев) Дауыс жаттығуы: «Жаңбыр»(М.Жаманбалинов )** -Күркіреді күн-күн, Терезелер | болдық енді орманнан шығайық.Сол кезде орманның шығар алдынан Орманшы тұрады.<br><br><br>**Қазақ тілі**<br><br>**Міндеті: Әжемнің базарлығы**<br>Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br><br>Балалар, әже бізге мына коржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып коржын».<br>Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Мынау – бауырсақ.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).<br>– Бауырсақтың дәмі қандай?<br>Сақ-сақ – дәмді бауырсақ.<br>Сақ-сақ – жеймін бауырсақ.<br>– Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт.<br>«Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не?<br>– Мынау – құрт.<br>– Мынау – қымыз. Мынау не?<br>– Мынау – қымыз.<br>– Қымыз өте дәмді.<br>– Қымыздың дәмі қандай?<br>– Қымыз өте дәмді.<br>– Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесің?<br>– Мен қымыз ішемін.<br>– Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – шұбат.<br>– Шұбат өте дәмді.<br>– Шұбаттың дәмі қандай?<br>– Шұбат өте дәмді.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. | ұлансың, Бәрі саған қуансын! Әжең-асыл ардағың, Атаң-дана қорғаның. Қарындасың-қанатың, Ел-Отаның-жәннатың. Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын!(М.Қуанышбеков)<br>Балалар туыстарымызды,ата-анамызды сыйлап, ардақтайық! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
